

# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ



«Бірінді, қазақ, бірін дос,  
Көрмесен, істің бәрі бос!»

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

12+



№15 (4014), 17 сәуір, 2026 жыл

www.qazaqadebieti.kz

## КӨЛЕҢКЕМЕН СЫРЛАСУ

Қара жердің қойнына енем мен ертең,  
Маған лайық жер табады кең өлкем:  
Қайда барсам, сен қалмайсың жанымнан,  
Келе жатсың бала күннен, көлеңкем.

Қарай ма адам дүниеге тойыммен?  
Көлеңкем де бірге есейді ойыммен,  
Қаз-қаз басқан кезімізден бірге өстік,  
Сен де ұзардың менің өскен бойыммен.

Көлеңкеме қарап білдім еңсемнің,  
Өзім қандай, саған қарап мен сендім,  
Менің жастық кезім болып қыдырдың,  
Менің мастық кезім болып теңселдің.

Бұл өмірдің өлшеп-пішіп паркын да,  
Көлеңкемсің, қалма ізімнен, тартынба!  
Күншуаққа қарап тұрдым шомылып,  
Ал, сен болсаң, құлап жаттың артымда.

Қолым жетпей, қиял ұзап жеткенмен,  
Ауыл аттап, арман сапар шеккеннен,  
Сен жанымнан кетпей қойдың, көлеңкем,  
Талай достар мені тастап кеткенмен.

Гүл боп жайнап ғұмырым да соларсың,  
Бірде ұшып, бірге екен конар шың,  
Қайда барсам, қалмайды екен көлеңкем,  
Қабірге де бірге енетін боларсың.

Төсегінен қайта тұру — мықтылық,  
Жұмыр жермен келе жатам тік тұрып,  
Көлеңкем де келе жатыр ербендеп,  
Менің тірі екенімді ұқтырып.

Қойнына енем қара жердің мен ертең,  
Маған лайық жер табады кең өлкем...  
Менің осы тік тұра алар арқамда  
Туған жерге аунап жатыр көлеңкем.


5-бет →

## ҚОС ҚАНАТТЫ АҚЫН ШӨМІШБАЙ САРИЕВТІҢ ТУҒАНЫНА 80 ЖЫЛ



### «ҚАЛАМ РУХЫ» МҮСІНШЕСІ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

Қазақстан  
Жазушылар одағы  
қазақ әдебиетінің  
дамуы мен  
өркендеуіне  
өлшеусіз үлес  
қосқан, халық  
мойындап, қалың  
оқырманы  
қалыптасқан және  
мерейлі 70, 80, 90  
жасқа толған  
қаламгерлерге  
берілетін «Қалам  
рухы»  
статуэткасының тұжырымдамасын  
қабылдады.



Тұжырымдамаға сәйкес, үш деңгейде, яғни «Алтын қалам», «Күміс қалам» және «Қола қалам» болып белгіленген «Қалам рухы» статуэткасы — сөз өнеріне адалдықтың, шығармашылық биіктік пен ұлттық рухтың символы, қаламгердің қоғамдағы орны мен миссиясын көркем кескін тілінде бейнелейді.

Туындының жалпы композициясына келсек, тас тұғырға орныққан алтын шардан өсіп шыққан биік өрнекті қалам бейнесі бұл әдебиеттің уақыт пен кеңістіктен биік тұратын мәңгілік құндылық екенін білдіреді. Ал жекелеген бөліктердің мән-маңызына үңілсек, беріктік пен мәңгіліктің белгісі қара түсті тас тұғыр әдебиеттің мызғымас негізін, ұлттың тарихи жады мен мәдени тамырын білдіреді. Қаламгер шығармашылығы дәл осы ұлттық негізден нәр алады. Бір бетінде «Қалам рухы», екінші бетінде «Қазақстан Жазушылар одағы» деп жазылған бұл тұғыр уақыт сынына төтеп берер жазушы еңбегінің құндылығын көрсетеді.

Алтын шар пішіні әлем, ғалам және ой кеңістігі ұғымдарын білдіреді.

Шар бетіндегі толқын сызықтар адам ойын, тағдыр жолдарын, тарих пен уақыт ағысын бейнелейді. Сол күрделі өмір ағысын сөзбен өрнектейтін өнер әдебиет, яғни суреткер сөзі бір ұлтқа ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ рухани кеңістікке әсер етеді.

Композицияның ортанғы, басты элементі — қалам ұшына ұқсас көркем мүсін. Жазушының басты қаруы, ойды мәңгі ететін құрал жоғары қарай созылған қалам бейнесі рухтың биіктігін, шабыттың шексіздігін, сөздің құдіретін білдіреді. Иә, әдебиет қоғамды алға жетелейді, адам санасын көтереді.

Қазақтың дәстүрлі қошқармүйіз ой үлгілерін еске салатын ішкі шиыршық өрнектер ой ағымын, сөз иірімдерін, шығармашылық процестің күрделілігін бейнелейді. Қаламгер шығармашылығы ұлттық болмыспен астасып жатқанын көрсетеді.

Ең үстінгі бөліктегі жалын немесе шырақ оты, бұл — шабыт оты, рухани сәуле, сөздің нұры. Жазушы жүрегіндегі шығармашылық жалын қоғамға жарық шашады, яғни шынайы қаламгер — ұлт рухын оятатын шамшырақ.

Статуэтка авторлары — ҚР Суретшілер және дизайнерлер одағының мүшесі, зергер, халықаралық және республикалық танымал жобалардың дизайнері Қамбар Есмұханов және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Орал Таңсықбаев атындағы алтын медаль иегері Шаттық Батан.

### ТАШКЕНТТЕ «ТҮРКІ ӘЛЕМИ ӘДЕБИЕТІ» СЕРИЯСЫМЕН ШЫҚҚАН КІТАПТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Өзбекстандағы Ислам өркениеті орталығында «Әмір Темір мен темірліктер өркениетінің әлем тарихы, мәдениетіндегі орны және маңызы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференция аясында қазақ тілінде жарыққа шыққан «Түркі әлемінің әдебиеті» сериясындағы жаңа кітаптардың тұсаукесері өтті.

2-бет →



## ТАШКЕНТТЕ «ТҮРКІ ӘЛЕМИ ӘДЕБИЕТІ» СЕРИЯСЫМЕН ШЫҚҚАН КІТАПТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



(Басы 1-бетте)

Анар Рзаевтың «Қонақүй бөлмесі», Арслан Қойшиевтің «Тұқымқұрт», Сұлтан Раевтың «Топан», Хайридин Сұлтаннның «Бақыт жағалауы» кітаптары 2025 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағының бірлесуімен «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы аясындағы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы негізінде оқырман қауымға жол тартқан болатын.

Тұсаукесер барысында Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлқенов бұл кітаптар тілі, ділі, мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары ұқсас түркі халықтарын бұрынғыдан да жақындастыруға қызмет ететінін атап өтті.

Бұған қоса, тұсаукесерде Ислам өркениеті орталығының директоры

Фирдаус Әбдіхалыков, Қырғыз Республикасының мемлекеттік хатшысы, Қырғызстанның халық жазушысы Арслан Қойшиев, халықаралық TURKSOY ұйымының бас хатшысы, Қырғызстанның халық жазушысы Сұлтан Раев, Әзербайжан Жазушылар бірлігінің төрағасы, Әзербайжанның халық жазушысы Анар Рзаев, Өзбекстан Жазушылар одағының төрағасы, Өзбекстанның халық ақыны Сирожиддин Саид, Татарстан Жазушылар одағының төрағасы Ркаил Зайдуллин, Өзбекстанның халық жазушысы Хайридин Сұлтан сөз сөйлеп, әдеби байланыстардың нығайтып келе жатқаны туралы айтты.

Айта кетейік, «Түркі әлемінің әдебиеті» сериясы – Қазақстан Республикасында түркітілдес халықтардың әдеби мұрасын насихаттауға, өзара мәдени байланысты нығайтуға және көркем аударма саласын дамытуға бағытталған маңызды мәдени бастама. Жобаның басты мақсаты – түркі елдері әдебиетінің ең үздік шығармаларын қазақ тіліне аударып, шығару.

**Қазақстан Жазушылар одағының баспасөз қызметі**

## ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТИҢ 90 ЖАСҚА ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ШАРА

ҚР Ұлттық кітапханасында көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 90 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кеш өтті.

Іс-шараға ақын-жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен кітапхана оқырмандары қатысты.

Мерейтой аясында «Ұлт игілігі – ұлттық мұра» атты кең көлемді әдеби көрме ұйымдастырылды. Көрмеде Олжас Сүлейменовтің шығармашылық мұрасы, алғашқы басылымдары, сондай-ақ ақынның өмірі мен қызметіне арналған мерзімді баспасөз жарияланымдары ұсынылды.

Сонымен қатар әр жылдары жазылған туындыларды қамтыған «Книга поэм» атты жинақтың тұсаукесері өтті. Жинақта автор-



дың уақыт, қоғам, тарих және адам тағдыры туралы толғамдары көрініс тапқан.

Іс-шара соңында ақынның өмірі мен шығармашылық жолына арналған режиссер Игорь Гонопольскийдің «Людам я не лгал...» деректі фильмі көрсетілді.

## «КАМАЛ СМАЙЫЛОВ ОҚУЛАРЫ» ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Студенттер мен жас ғалымдардың дәстүрлі «Ғылым апталығы» аясында өткен «Камал Смайылов оқулары» жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті.

Аталған іс-шара шеңберінде «Заманауи БАҚ түрленуі мен қоғамдық пікір алаңы» атты ғылыми форум өткізіліп, қазіргі медиа кеңістіктің өзекті мәселелері мен даму бағыттары жан-жақты талқыланды.

Форумға қатысқан студенттер мен жас зерттеушілер ғылыми ой-пікірлерін ортаға салып, заманауи ақпараттық қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі, оның қоғамдық санаға әсері туралы мазмұнды баяндамалар жасады. Іс-шара өзара пікір алмасу мен тәжірибе бөлісуге арналған маңызды алаңға айналды.


Сонымен қатар форум аясында «Жолданбаған 27 хат» және «Камал салған сара жол» атты кітаптардың тұсаукесері өткізіліп, қатысушыларға ерекше әсер қалдырды. Бұл еңбектердің таныстырылымы рухани-танымдық маңызы зор мәдени



оқиға ретінде бағаланды.

Форумға шақырылған қонақтар мен жас ғалымдардың өзектілігі қатысушылар тарапынан үлкен қолдау тапты. «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Бауыржан Жакып, журналист, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сүлеймен Мәмет, профессор Аман Құлбаев Қазақ радиосының ардагері Руслана Құдайбергенова, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Ғайнижамал Абильдина, PhD, доцент Баубек Нөгербек сөз сөйлеп, қоғам мен мемлекет қайраткері Камал Смайыловтың болмысын аша түсті.

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ МЕРЕЙІ



作者: 乌鲁克贝格·耶斯道勒特 (哈萨克斯坦)  
翻译: 曹雅  
配音: 宋长军  
总策划: 曹雅  
艺术总监: 范群  
总导演: 陈慧  
总监制: 黄建华  
总制片: 张建军

他终于把自己的语言带回来了

Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлықбек Есдәулетұлының «Көкжал мінез» өлеңінің қытай тіліндегі аудармасына түсірілген видеоклип Поэтикалық фильмдердің үшінші Халықаралық Пекин фестивалінде жеңіске жетті.

Бұған дейін ақын бұл видео фильмнің «Жібек жолы» халықаралық VI поэзия фестивалінде көрсетілгенін жазған болатын. Сиян қаласындағы фестиваль аясында Ұлықбек Есдәулеттің үш тілде – қазақ, ағылшын, қытай тілдерінде шығармашылық кеші өткені де қазақ поэзиясының әлем оқырмандары үшін орны айрықша екенін айғақтайды. Сонымен қатар ақынның қазақ-қытай әдеби байланыстары туралы және қытайдың қазіргі заманғы ақыны Ван Фанвэнің шығармашылығы жайында жасаған қос баяндамасын дүниежүзінің түкпір-түкпірінен жиналған әдебиетсүйер қауым жылы қабылдады. Қалам иесінің «Идиллия» өлеңіне түсірілген видеоклип Дубайда, «Іздер» туындысына түсірілген бейнебаян Мексикада өткен фестивальдерде жүлделі болған. Қазақ ақынының Жібек жолы Халықаралық Поэзия Федерациясының шешімімен Жібек жолы халықаралық Поэзия және өнер фестивалінің Құрметті Президенті болып бекітілгенімен құттықтаймыз!

## АҚЫН КОНЦЕПЦИЯСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ТІРКЕЛДІ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті ақын Сабыр Адайдың жасанды интеллект пен адамзат арасындағы үйлесімділік мәселесіне арналған «Бейтарап жүйе» («Beitarap Zhuie / The Neutral System») атты ғылыми-философиялық концепциясы халықаралық деңгейде тіркеліп, ресми авторлық құқық қорғауына ие болды.



Аталған еңбек Америка Құрама Штаттарының Авторлық құқықтар кеңсесінде тіркеліп, оның ресми жазбаларына енгізілді әрі «Бейтарап жүйе» идеясы халықаралық Safe Creative және Copyright Depot ұйымдарында тіркеліп, тиісті сертификаттармен расталды. Бұл автордың ғылыми-философиялық идеясы халықаралық құқықтық кеңістікте қорғалғанын білдіреді.

Ұлттық рух пен қазақы болмысты оқырман жүрегіне жеткізе жырлап жүрген ақын ғылыми-философиялық тұжырымдамасында жасанды интеллект пен адамзат арасындағы «бейтарап жүйені» өзек етіп, даналық пен мейірімді басты негіз еткенде ғана ғылым мен технология дамуға, игілікке қызмет ететінін дәйектеген.

# КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Жазушылар одағының «Қазақ әдебиетінің жарқын келешегі» атты 9 сәуір күні Ұлттық кітапханада басталған Әдеби жыл қорытындысы 10 сәуірде Жазушылар одағының қара шаңырағында жанрлық кеңестер аясында жалғасын тапты. Әдеби жыл қорытындысының келесі күнгі кезеңі жеке-жеке жанрлар бойынша тыңдау, талқылау түрінде өтті.

## Құнды көзқарас-пікірлер білдірді

Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратында өткен Проза кеңесіне Жанар Әбдішова, Баян Бұлғақбаева (Астана), Дарига Мұштанова (Орал), Қаршыға Есімсейітова (Қызылорда), Сәуле Досжан, Келіс Рахымжанов, Елеусіз Ахметкерімұлы, Зария Жұманова, Елеусіз Мұратов, Жәди Шәкенұлы, Дархан Бейсенбек сынды жазушылар катысып, құнды көзқарас-пікірлер білдірді.

Жыл қорытындысындағы артықшылықтар мен кемшіліктер де тілге тиек етілді. Орал, Қызылорда өңірінен келген қаламгер өкілдері шет аймақтардағы аудан-ауылда, қалаларда атаусыз қалған қаншама қаламгерлердің бар екенін еске салды.

Қорыта келгенде, проза кеңесіне қатысқан жазушылардың бәрі де ағынан ақтарылып, бүгінгі қазақ прозасына шынайы жанашырлық пен талғамның болуын, ұлт руханиятын көтеруге көп болып жұмылу қажеттігін баса айтты. Келесі жылғы әдеби жыл қорытындысында өткен және биылғы жылғы тәжірибе-сабақтар назарға алынып, қателік-кемшіліктер қайталамаса дегенді ерекше ескертті. Тек қана жыл қорытындысы кезінде ғана емес, әдеби үрдісті бақылау, таразылау сынды игі шаралардың үнемі жалғаса беруіне де ынталы екенін жеткізді.

## Ақындардың шуақты жүздесуі

Поэзия кеңесінің отырысы «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында жалғасты. Ақындардың басым бөлігі қоғамдық ой-пікір қозғап, шығарманың тақырыбына, мазмұнына қатысты пікірлерін айтып, өлеңдерін оқыды.

Белгілі ақын Айсұлу Қадырбаева мен астаналық Төлемырза Темірбекұлының оқыған өлеңдерінен ұлттық намыстың ұшқыны мен шындықтың шырылы аңғарылды. Ұйғыр ауданынан келген жиырмашақты кітаптың авторы, ұйғыр ақыны Пәридам Тейіпова жасы 74-ке жетсе де 26 кітап жазып шығарыпты. «Жүректегі жыр» кітабынан «...Ұлы сөздің күдіретісің, Абай!» деп толғанып, қазақша оқыған өлеңдерінің бірі Абайға, екіншісі Жамбылдың туғанына 180 жыл толуына арналды. Сазгер ретінде де өз әнін ұйғырша айтып, әншілік дауысымен де таңғалдырды. Деректі прозаны білсек те, деректі поэма жазған ақынды естімепіз. Бұл тұрғыда Саурық батыр, Бопай ханым бейнесін жырмен сомдаған ақын Биғайша Медеуова әңгіме соңын «Сендер деп өмір сүремің» деген жырмен жалғастырды.

Ал, «Бір сәуле керек» деген өлеңінде: «...Таласпай-ақ баққа да, бақытқа да, Бәріне бір төреші уақыт қана.



Көкірегін кескілеп, жарқ еткізер Керек екен бір сәуле жақұтқа да», — деп толғанатын қызылордалық ақын Шанжархан Бекмағамбетов әуелі өзін таныстырып, бір-екі өлеңін оқыған соң «Жанымның жапырақтары» деген жыр жинағының бірнешеуін сыйлық ретінде қолтаңбамен ақындарға таратты. Ақын Серік Бертаев ұрпақ тәрбиесіне арналған толғауын өзіндік түйінмен мәнерлі жеткізді. Жүздесу соңында ақын А.Қадырбаева тарихи «Шынғыс хан» поэмасының үзіндісін оқып, ала келген кітаптарын ақындарға сыйлады.

Шараға ақтөбелік Бижан Қалмағанбетов, Жарқынай Жұбатова, алматыдан Динара Мәлік, Ержан Жұмабек, Шынар Кендін сияқты ақындар легі қатысты.

Кеш соңында ақын Аманғазы Кәріпжанәулеті өз өлеңін оқып, жиынды бастанаяқ суырыпсалма жырымен жүргізіп, жұрт көңілінен шықты. Ақындарға да керегі осындай жайма-шуақ сәуірдің сәулесіндей көтеріңкі көңіл күй еді.

## Көңілге қонымды ойлар ортаға салынды

ҚР Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов бас болып өткізген «Қазақ әдебиетінің жарқын келешегі» атты 2025 жыл қорытындысының күн тәртібі бойынша Шетел қазақ әдебиеті кеңесінің басшысы Армиябек Сағындық та қызу талқы ұйымдастырды. Қатысқан мүшелер жасалған баяндаманың қазіргі қазақ әдебиетінің шынайы болмысын ашып берудегі ролін айрықша жоғары бағалады. Жалпы Одақ тындырған елеулі жұмыстарға дән риза болысты. Талқылау, пікір алысу барысында әдебиет жанашырлары көңілге қонымды ойларын ортаға салғанын Болат Әкежан хабарлады.

Армиябек Сағындық: «Одақ жанынан құрылған кеңестердің ұсыныс, талаптары хатшылықта толық ақылдасылып, бекітіліп отырылса, жалпы Одақтың қалтқысыздығы және белсенділігі мен ұйғарылған жұмыстарының атқарылуына сенімділігі арта түсер еді».

Тұрсынәлі Ахмет (Өзбекстан): «Өзбекстан Жазушылар одағы жыл қорытындысында кемінде 50-ге тарта баяндама жасатады. Жанрлар бойынша баяндама бір айға созылады. Өйткені газетті көп адам оқымайтынын ескеріп, баяндаманы толық тыңдатып, талқылатады. ҚР Жазушылар одағы да мұндай тәжірибені сынап көрсе болар ма екен?!»

Омарәлі Әділбек: «Қорытындыға жиналған қаламгерлер көп еді. Түстен кейін күрт азайып кетті. Мұның да ұтымды жағы

қарастырылса. Шетел қазақ әдебиеті кеңесі адамдарының шетелдерге барып, ондағы қаламгерлермен тығыз байланыс жасауға, олар туралы кітаптар шығаруға барынша мүмкіндіктер тудырса, бізде қол үшін созар едік».

Толқын Мұқамади: «Әлем және қазақ әдебиетімен сусындап келеміз. Одаққа мүше болғанымға қуаныштымын! Одаққа қатысты басылымдарға мүшелердің шығармаларын қақпай беру жағы көп ескерілсе дегім келеді».

Қайрат Құлмұхаммет: «Шетел қазақ әдебиеті — үлкен өзен. Мүшелердің шығармашылық мерей той өткізуіне ерекше мән берілсе».

## Нон-Фикшн жанры жандана түспек

Деректі проза кеңесі бойынша жиында қаламгерлердің талқысы биылғы жылға жоспарланған кітаптар төңірегінде өрбіді. Жиынды Деректі проза кеңесінің төрағасы, жазушы-публицист Марат Тоқашбаев ашып, Әдеби жыл қорытындысын өткізуге байланысты Жазушылар одағының басшылығы әдеттегі жаттанды сценарийлерден қашып, мүлде жана тәсілдер қолданғанын атап өтті. Әдеттегідей ұзақ-сонар баяндама орнына бір жылда атқарылған жұмыстарды саралап көрсеткен он минуттық бейнероликте келтірілген ақпараттар әлдеқайда нақты әрі мазмұнды болды. Сондай-ақ Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы мен халықаралық «Ер Төстік» әдеби сыйлығы, «Қазақстанның Құрметті жазушысы» марапаттарының лайықты иелерін тапқанына тоқталды.

Ары қарай модератор деректі проза бүкіл әлемде нон-фикшн жанры атауымен танымалдығын ортаға салды. «Бұл жанр Қазақстанда да кеңінен қанат жайып келеді. Бүгінде қазақ әдебиетінде әлемдік үлгілерге сәйкес нон-фикшн (ойдан шығарылмаған) әдебиет категориясына мынандай әдебиет түрлерін жатқызуға болар еді: Ғылыми-көпшілік әдебиет, Саяси әдебиет, Тарихи әдебиет, Публицистикалық әдебиет, Эссеистикалық әдебиет, Эпистолярлық әдебиет, Мотивациялық әдебиет, Детективтік әдебиет, Туристтік жолжазбалар, Мемуар, Күнделік, Анықтамалық, Ұжымдық әдебиет. Нон-фикшн категориясына кіретін осы деректі проза жанрларының әрқайсысы қазақ әдебиетінде бар. Алдағы уақытта нон-фикшн жанрын талқылауға, оны дамытуға байланысты шаралар өткізу қажет».

Қаламгерлер секциялық жиында ары қарай өздерінің шығармашылық жоспарларымен бөлісті. Бұл ретте алдымен сөз

алған жазушы Мұхтар Қазыбек көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметовтың ғылымдағы жолына әйгілі қолбасшы Бауыржан Момышұлы қалай ықпал еткені туралы әңгімелеп, бұл тақырыпты тереңдете зерттеуге атсалысатынын айтты. «Замана саңлақтары» деген атпен жаңа кітап шығаратынына хабардар етті. Жазушы Момбек Әбдіәкім Кеңестік кезеңде Оңтүстік өңірде жеті рет көтеріліс орын алғанын, сол туралы «Түркістан өңіріндегі ойран» атты зерттеу еңбегін қолға алғанын баяндады. Жазушы Өтеш Қырғызбаев көрнекті кинорежиссер марқұм Сатыбалды Нарымбетовтің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеу үстінде екен. Биыл туғанына 80 жыл толатын кинорежиссер туралы кітап енді баспаға ұсынылмақ.

Қаламгерлер кеңесте осылай өз жоспарларымен бөлісіп, нон-фикшн жанрын жандандыру жолында жұмыс істейтіндерін айтты.

## Сатира жанрының жүгі ауыр

«Сатира жанры — қоғамды ашты тілмен сынап, мінеу арқылы кемшіліктерді бетіне басып, одан арылуға ой тастап, қоғамды тезге салып түзеп отыратын міндеті мен жүгі ауыр жанр. Алайда осы салада қалам тербейтіндер көп емес, санаулы ғана. Салмақты сатира жазған сықақшыларымыз бар әрине, бірақ еститін құлақ жоқ.

Ұлы көштің соңындағы шаңырақ салар кара нардай сатираның жүгін көтеріп жүрген сықақшылардың еңбектерін жариялап тұруға «Қазақ әдебиеті» газетінің соңғы бір бетін арнап келеді.

Оспанхан Әубәкіровті еске алу мақсатында «Күлеміз бе, қайтеміз?..» деген «Қазақ әдебиетінде» 2025 жылы Мендібай Әбілұлының «Есектің мұңы», Доктырхан Тұрлыбектің «Қайтып келген шапан», Манар Құрманбекұлының «Үш ішкіш, үш кіш-кіш және пыш-пыш», Мұхтар Шерімнің «Әшейін жалаған едім...», Мамдияр Жақыптың «Мергенбай айтқан екен» деген сияқты басқа авторлардың сатиралық әңгімелері мен сықақ өлеңдері жарияланды.

Жалпы алғанда, «Қазақ әдебиетінің» бір жылдық сатира бетін қорытындылағанда байқағанымыз, бұл жанрда қалам тербейтін жастардың болмағаны қынжылтады. Көбі өмірден өткен сықақшылармен, алдыңғы буын ағалардың еңбектері екен. Бұл нені түсіндіреді жастар сатираға қызықпай ма?

Сатираны жандандыру үшін өмірден өткен сықақшылардың мерейтойларына арнап сатиралық мұшайралар өткізіп, жаңа буынның қаулап өсуіне мүмкіндіктер беру керек деп есептеймін», — депті Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қазыхан Әше сықақшылар ауылынан жазған жазбасында.

**Тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйіні әр жанр бойынша Балалар әдебиеті кеңесі, Аударма кеңесі, Сын кеңесі, Шетелдегі қазақ әдебиеті кеңесі, Орыс әдебиеті кеңесі, Драматургия кеңесі Фантастика, детектив, шытырман оқиға кеңесі, Ұйғыр әдебиеті кеңесі секцияларында көкейкесті мәселелер жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар Қазақстан Жазушылар одағының филиал директорлары мен өкілдерінің есебі, жылдық жоспарын тыңдау отырысы жоғары деңгейде өтті.**

Жанрлық кеңестердің жұмысымен таныстырған

Жүніс ОМАР



**Серік ҚИРАБАЕВ,**  
ҚР ҰҒА академигі

**XX ғасырдың 70-жылдары ақындық өнерін бастап, бүгінге дейін белсенді еңбегімен көрініп келе жатқан қаламгерлердің бірі – Шөмішбай Сариев.**

Ақындық деген – Тәңірдің талантқа берген сыйы. Ақынның әрбір үні, ақындық сыры биік пафос арқылы төгіліп, елеусіз қалмай, шын оқырманын жалт қарататын күйде танылуы керек. Ал пафосты ақындық мінез тудырады. Пафос биігіне көтеріліп алған ақын дүниеге өзгеше көзбен қарап, оны өзінше тануға тырысады, өзгеше көреді. Ақын сыры, ақын жұмбағы дегендердің бәрі осыдан туындайды. Пафоссыз жыр жоқ. Онсыз ақын сөзі қарапайым ұйқас құрастыру болып шығады. Абай жасаған «Қыранша қарап қырымға, Мұң мен зарды қолға алар, Кектеніп надан зұлымға, Шиыршық атар, толғанар» дейтін ақын бейнесі, сірә, таланттың осындай бір шабытты тұсында туған болуы керек.

Шөмішбай ақынның ең таңдаулы туындылары осы пафос биігінде отырған тұсында туғаны даусыз. Оның ақындық туралы ойлары – кең, шабытты шағындағы көңіл күйі – дарқан, қиялы – үлкен. Ол «Найзағайға темекісін тұтатып», «Көкірегіне бұлт жинап нөсерлетуді» ұнатады. «Қолын күнге созып», «жер койны тамырынан мықтап ұстайды». Сөйтіп, өзін «дауыл соқса да елемей, тасып жатса толқын жырын телегей, ұлы мұхит как жарылып жол беріп, келе жатса алып атом кемедей» сезінеді.

«Бақ сыйлап маған Құдай бір,

Олай да шаптым, былай бір.

Мінгенім менің асау ой,

Сымбатты сұлу – Құлаайғыр!» – дейді

ақын. Құлаайғыр – асау ойдың, ақынның биік арманының, жүйрік қиялының бейнесі. Кең далада еркін көсілген асау айғыр арқылы ол өмірінің қызықты шақтарын, көңілін қиял көтерген тұсты, ұмытылмайтын балалығын еске алады.

Шөмішбай жырлаған өмірдің негізі – жарқын, нұрлы, сәнді. Ақын прогресшіл тенденцияны танытатын эстетикалық идеалға сүйенеді. Оның өмірге қызығуы, оған сүйсіне қарайтыны сондықтан. Өмірге деген махаббаты болмаса, ол жаза да алмас еді. Идеалдың бұлдыр, белгісіз болмай, анық болуы ақынның өмір сүрген заманымен, өз халқының бақыт жолындағы ізденістерімен байланысты. Оның қазақ даласы табиғаты мен өмірі шындығының қат-қабат сырларынан танылуы да орынды. Ол жасаған көркем образдар да – жарқын. Көңілі ашық, сәулеге, жарыққа құмар ақынның өмірдің бәйгесінен қалмай, ылғи да жүлделі орын иемденіп жүретінін де білеміз.

«Әр күнім менің – мүшәйра» дейді ол. Мүшәйра – жүйрік ақын көңілін уақытпен жарыстырған бәйге. Додалы топта намыс қоздырып, қиял көтеріп, арпалысқа салған ақынның еңбекшіл кейпін танысын одан.

Шөмішбайдың пайымдауынша, дүниедегі ең жүйрік – өмірдің өзі. «Өмір деген өзі алып өз бәйгесін, Адамның ғұмырынан алға озады» дейді ол. Сонда да «терең иірім тіршілік бәйгесінен» үміт үзбейді («Өмір-жүйрік»). Өйткені ақын жүрегінің оты ешқашан сөнбек емес («От жанып жатыр»), жүрегі алып-ұшып, тыныштық таппайды («Жүрегіме сыр»). «Бара жатсын кеудемді бұзып-жарып, жүрегім-ау, мен сені қайда тығам?» деп қиналады. Ол «кеудеге сыймай, байыз таппай, асыққан» жүрекке: «арманым жеткізбей құртамсың?!» деген қауіп те айтады. Мұның бәрі қиялы жүйрік, шабытты ақын сыры екені мәлім. Мағжан ақынның жүрегімен тілдесетін өлеңдерін еске түсіреді. Бірақ Шөмішбай өлені көшір-

ме емес, өз сезімінің көрінісі, өз қайғысы мен көңіл күйін бейнелейді. Оны біз «Зулайды күндер», «Не нәрсе жұмбақ емес дүниеде?», «Миым менің», т.б. өлеңдерден де көреміз. Соңғы өленінде Шөмішбай қиялын алысқа жетелеп, мәңгілік қозғалыста жүретін миы туралы сөз қозғап, сол арқылы бүкіл дүние тіршілігін тану жолын суреттейді. «Ғасырлар қабат сыйған бұл басымда», «Күллі әлем бір басым сыйып жатыр», «Миымда дариялар жатыр ағып», «Киіктер заулап аққан ылдиында», «Қиялым жетелейді көзді алысқа», «Миымда найзағайлар жарқыл қағып» сияқты тармақтар мен образдар ақын ойының кендігін танытқандай.

«Мен халқымыздың жүрегімен жырладым» дейді Шөмішбай. Ол жұмбақ әлемді қазақтың жанарымен танып, оның қуанышын өзінің бақыты санайды. Мұнымен маңызды. Қазақтың жанымен жыр жазып, арымен сөз алады. Қазақтың тауларымен тең тұрып, даласындай көсіледі, «тұнып тұрған көз-бұлақтай мөлдіреті», «өзен-дария ағысымен бірге ағады». Бабалар рухына табынады, Тәңірмен тілдеседі («Бабаларға табыну»), «Еркіме қояр емес өлең деген, Ағызып бара жатыр өзен мені», «Толқиды алай-дүлей толқын өмір, тіршілік теңізінің

арнасында», «Өмірдің теңізіне сапар шегіп, өлеңнің толқындары, сені іздедім» – бәрі де бабалар аруағына сиынған ақынның арманы мен сезімі сияқты әсер қалдырады.

«Көңілім әлі жүйрік» депті Шөмішбай соңғы бір өленінде. Бұл оның әлі де жарыстарға қосылуға дайын тұлпар бейнесін сақтағанын көрсетеді. Айдай нұрлы, күншуақ көңілімен ол өмірдің әр сәтін қабылдауға дайындығын білдіреді. Жалпы, ақындарға тән мақтану сезімі болады. Ол Шөмішбайда да бар. Бірақ ол – мақтаншақтық емес, «ақындық мақтан» сезімі, ақынның өз менін танытуы. Ақынның пафос биігінде тұрып бүкіл дүниені құшағына алып, әлемге ие санауға құштарлығы, сол арқылы жана танымға көтерілуі. Оны түсіну ақынның жан жұмбағын «шешіп», жан сырын ұғынуға, ақын табиғаты мен талантының ерекшеліктерін сараптауға әкеледі.

Шөмішбай өлеңдері негізінен, адам туралы, оның ісі, еңбегі, ойы мен сезімі жайында. Ол адамды ұлы санайды, тоқтамайтын өмірдің мәңгілік иесі деп таниды. Ақын адам тағдырын пафосты патетикалық жырлармен де, қарапайым қазақы жұпыны тілмен де ашып суреттейді. «Адамнан адамның артығы жоқ»... Осы бір қарапайым ұғым философиялық ойға, сырға толы. Өлең мазмұны адамнан адам артық емес, тек «отсыз шоктың жаркылы көбейіп, «жанының жылуынан салқыны» артып, «дариядай көңілі тасқандар» молайып, оларды сырт көзге дабырайтып көрсету көп. Ал шындығында, солардың бәрінің тағдыры бір сәтте өліммен аяқталады. Ақын ойын: «Адамнан адамның биігі жоқ, жатады адам біткен бір табытта» деген түйінге тірейді. Адамды жырлау – ақын үшін жалпы өмірді танудың жолы.

Адамды тану, онымен сыйласу – адамдықтың басты парызы. Өмір-керуеннің жолында арақатынасын «бұзып алып, қайта жөндеп», «жүктері ауып қалған» «атан-нарларын қайта теңдеп, артып» жүрген («Керуен сарай») адам – сол өмірдің иесі де. «Ажалды адам жеңбейді» өленінде ақын жалпы ажалдың жеңбейтін адамы болмайтынын ескере отырып, тек ұрпағы бар жандар мәңгі жасайтынын айтады. Ұрпақ жалғастығы – өлмейтін өмірдің белгісі. Тамырсыз әулет өспесе, бәйтерек дәнсіз өнбейді. Соғыста қаза тапқан батырларды да ол мәңгі өлмейтіндігін қатарына қосады. Өйткені олардың ерлігі – мәңгілік. Олар – өз өмірін ұрпақ болашағына үзіп бергендер.

«Қиядан ажал күткен қырандардай,

Шыңынан адалдықтың самғап өлді.

Мәңгілік алынбайтын ұрандардай,

Бүгін мен болашақты жалғап өлді.

Ажалға қарсы барды, саспады да.

Елі үшін өлу деген ғұрып бар-ды.

Бірақ олар елінің аспанында

Жұлдызы боп мәңгілік тұрып қалды.

Азаматқа елінің сенгені сын,

Сол сенім жауды құл ғып жеңгені шын.  
Батыр олар – өлімнен қашып жүрмей,  
Ажалды қуып жүріп өлгені үшін»

(«Соғыста қаза тапқан батырлар туралы ой»)

Адам өмірін ауырлатып тұрған дүниенің арпалысы да ақын ойын бөлмей тұрмайды. Ол екі жақты тіршілік тартысын жақсылық пен жамандықтың, зұлымдық пен мейірімнің күресіне ұластырып, нақты суретке айналдырады. «Жақсылыққа бері тартқан», «жамандыққа кері тартқан» күштерді «бір тағдырдың беліне артқан қос шокпары» күйінде бейнелеп, оның шешімін адамның өзіне қалдырады. Өмірдің бітіспес тартысын бір күштің пайдасына шешуге де тырыспайды, тек:

«Зұлымдық пен мейірім жеңісе алмас,

Жұмыр жер бара жатыр шыр айналып...

...от тиген етігіне Анадайын,

Жұмыр жер бара жатыр жан ұшырып», –

деген жолдармен әлемді мазасыздандырып отырған шындықтың төркініне меңзеу жасайды. «Жұмыр жердің шырқ айналуы», оның етегіне от тиген ана сияқты жаншыруы бүгінгі екіге жіктелген дүниенің сырын айғақтайды. Етегіне от тиген адамның

ана болуы – ұрпақ тағдыры, оның қайғыға толы өміріне, алдымен, мазасызданатын адам – ана екенін аңдатады.

Шөмішбайдың «Үй», «Төр» деген өлеңдері адамның жылы мекенінің әдемі образын жасауға арналған. Адам туғаннан-ақ өзіне ұя іздейді, ошағына үйренеді. Отан да сол ошақтан басталады. Сапарың да үйден басталып, қайтып оралумен аяқталады. Ал өзіне лайық төрді адам өзі жасайды. Есік пен төрдің арасы – сол адамның өмірлік жолы. Адам төрге жетуді армандағанмен, төр кім көрінгенге бұйыра бермейді. «Өзің лайық бола алсаң, төр лайық, төрге лайық бола алсаң, шық төріме» дейді ақын. Төрге отыру адамдықтың, сый-құрметке ие болудың белгісіндей елестейді.

Адам көңілінің күрделілігі, бұралаң-қалтарыстарын Шөмішбай «Көңіл көшесі» өлеңінде әдемі аша білген. Ол адам көңілін көшеге теңейді. Кәдімгі өзі күнде жүріп өтетін көше. Екі қанаты – самсаған гүл. Ойларының бұтағы толы құс. Қиял кезіп жүрген кездесулер мен қоштасулар. Көңілдің бағдаршамы жол сілтеп, көңіл көшесінде зулап аққан машиналар. Осы тіршілік ортасында ой баққан, сыр аңдыған ақын жер үстіндегідей ала көңіл қалпында көрінеді.

Шөмішбайда бұл айтылғандардан басқа да жақсы өлеңдер көп. Олар оның ақындық сырын да, адамдық, кісілік бейнесін де таныта алады. Оның жаны жомарт («Менің жаным»), мейірімі мол («Мейірім»).


«Ақын – өз жерінің азаматы» деген ұғымға қарай ауыссақ, Шөмішбай жырының азаматтық өресін тану қиын емес. Одан біз сыршыл, лирик ақынның жері, Отаны, тәуелсіз елі, халқы мен оның өткен жолы жайлы ойларымен, сезім сәттерімен ұшырасамыз. Бәрі де ақын көңілін аударады, бәрі де ойландырады. Қазақ халқының өткен өмірін Шөмішбай «Көш» бейнесінде алып, түркі тегін, Күлтегін – Білге қаған жолын еске түсіріп, Қорқыт ата қобызымен, Асан қайғы зарымен, Махамбеттің жырымен, Абайдың әнімен жалғасып өткен көш керуенін суреттейді. Солардан есін жинап, тәуелсіздік туын көтерген бүгінгі еліне құтты болсын айтады. «Жүректі жаралап өткен» ұзақ жолдың бейнетінен құтқарған тәуелсіздігін кейінгі ұрпағына аманат етіп тапсырады.

Тәуелсіздік тақырыбына Шөмішбай бірнеше рет оралып, «Тәуелсіздік», «Тәуелсіз ел – қазағым», «Толғау», «Ұлы жол», «Бұл Ақмола», «Есіл», «Тәуелсіздік монументі», «Тәуелсіздік сапары» т.б. өлеңдер жазған. Тәуелсіз ел бейнесін жанарта, толықтыра ашуға ұмтылады. Жана образдар қолданады. Есілді еске алғанда «Су жағалап сан көшкен елдің» Есіл үшін жан қиған тарихына тоқтап: «Өзен емес, ағып жатқан тарих қой» дейді, есіл ерлердің атын сақтаған өзеннің қасиетіне бас иеді, астаналық ұлы өзенмен кездесу ғасырлармен сырласқандай әсер қалдырады.

Таудың ақ бас шындарының биіктеуі, ұлы даланың тынысы кеніп, көсіле түсуі – тәуелсіздіктің образдары емес пе? Алматыда орнатылған Тәуелсіздік монументін ашу кезінде жазған өлеңінде ақын ескерткішті Алатаудың мойнына әкеп ілген азаттықтың бойтұмары ретінде таниды. Одан әрі «қорамсаққа қолды салсаң, үш жебе, қазағымның тұтастығын қорғайтын», «Алтын адам – ата-бабам көзі бұл, қанаттанып жауға шапқан барыстай», «мен сияқты Алатауым толғанып, ескерткішке тебіреніп тұр қарап», «тауым, далам, теңізім де толғатып, бар өнерін болашаққа жолдатып», «Ғасырлардың көзі келіп түйісті, ескерткіштің күдіреті осында» деген жолдар Тәуелсіздік монументінің бейнесін аша түсіп, образ есебінде толықтыратыны сөзсіз. Ақынның «Тәуелсіздік ескерткішке ант етем, мен – қазақпын, мен азатпын мәңгілік», «Тәуелсіздік монументі алдында қазақ болып туғанымма мақтанам» деген жүрек сөзі шын сендіреді және оның көңіл күйімен әркім-ақ бөліседі. Ақын жырлары Ұлттық рухты көтеріп, елге, жерге деген перзенттік сезімді паш етеді.

Тәуелсіз мемлекеттің бір белгісі ретінде Шөмішбай Кенесары ескерткішіне ерекше мән береді. Оны «Кенесары хан бүгін ат

# АУЗЫНА ҚҰДАЙ



үстінде» деп атапты. Әлдеқашан атынан түскен, аты да аталмай қалған қазақ ханының қайтып оралуы және де Астанаға, Есілдің жағасына орнығуы – қазақ тарихында символдық мәні бар оқиға. Кеше ол орыс отаршылдарымен осы қала, осы өзен бойы үшін күрескен еді. Коммунистік идеология оның есімін ұлтшылдық деген ұғыммен тенеістіріп, атын атағандарды қуғындап, соттап, жер аударып жібергені де белгілі. Енді Астананың төріне, Есілдің жағасына ескерткіш боп келген Кенесарыны ақын тұғырына қайта қонған қыранға ұқсата жырлаған. Есіл – тоқтаусыз ағып, өңірді жаңартып, өзгертіп жатқан өмір-өзен. Сол ағын бұрынғы ұғымды ағызып алып кетіп, дүниені қайта орнына қойды. Кенені де алып келді. Астананың заңғар биік үйлері тік тұрып ханын қарсы алғандай сезінеді. Сөйтіп хан халқымен қайта табысады. Бұған ақын «ел болғанның белгісі» ретінде қарайды.

Қазақ, қазақ мінезі, қазақ психологиясы – Шөмішбайдың ел, жер, Отансүйгіштік сезімінің жарқын бір белгісі. Ол қазақтығына, қазақ боп туғанына мақтанады. «Қазақ боп өлсем» деп армандайды. Кең көсілген дала, оның төсінде ойнаған ат, үстіндегі атқұмар қазақ – бәрі де ақын сезімінде ойнайды, оны еліктіреді, қанаттандырады.

«Оянар намыстың да қалғығаны,

Даланың шапқан ат-ау бар құмары.

Кең дүние ығысып кейін қалып,

Арманның алға асыққан арғымағы».

«Дала тұлпарын» ақын осылай суреттейді. Мұнда «Қалғанын қазақтың намысын оятып, кең дүниені бауырында дөңгелектен» ат шабысының суреті, «Арғымақ бауырында дауыл есіп, құйың борағаны»

дала табиғатының бөлінбес бір бөлігіндей сезіледі.

«Қазақтың қанаты ұшқыр қиялымен,  
Өз даласын сақтаған зиялы кең.  
Білек күші, найзаның ұшыменен,  
Тұлпарлардың дүбірлі тұяғымен».

Қазақтың жерін қорғаған үш күштің (білектің күші, найзаның ұшы, тұлпардың тұяғы) бірі есебінде тұлпарларды қадірлейтінін, сүйетінін Шөмішбай «Атбегі» өлеңінде де осылай еске алады. Тұлпарлардай жүйрік деп онымен өлеңін ғана тең қояды. «Мен де осы сәйгүлігім жырды баптап, өлеңде өмір сүрген атбегімін», — дейді. Бірімен-бірі байланысып жатқан ақындық пен атбегілік өнердің ұқсас жақтары образды нақтылай түседі.

Қазақ мінезінің үлкен бір ұнамды қырын ақын «Туған жерге тұрақты» өлеңінде ашып көрсеткен. Дүниеде тұрақты ешнәрсе жоқ, көкте бұлт жөнкіледі, жел де мәңгі сапарда. Құстар ұясын тастап ұшады. Тұрақты тау мен туған жерге егілген тал ғана. Осы екеуіне ұқсаған қазақ — тұрақты. «Туған жерге күндік жіппен байланған». Ақын өміріндегі тұрақсыз, тұрақты құбылыстарды суреттей салыстырып келіп, өлеңін осылай аяқтайды. Қазақ философиясының «ит тойған жеріне,

жүректің қанын құйсам», теңіз толар ма деп күйінеді.

Аралды айтқанда, ақын теңізден соққан жел лебін жиі еске алады. Оны «Теңіз демі» деп атайды. Жанынды жібекпен желпігендей әсер қалдыратын, қозғалысы жапырақтың желбіреуіне ұқсаған, патша көңілді көтеріп, жанынды жайлап сипау — бәрі теңіз демінің күші. Теңіз лебі ақын өлеңіне ауысып елді жырмен тербейді, жан толқыны оянса да, жырын уыстап шашса да, теңіз демін есіне алып, теңізден соққан желді қоса жырлайды.

Шөмішбай — қазақ табиғатының тамаша жыршысы. Оның өлеңдерінде табиғат пен оның құбылыстары ойлы әрі жанды қалпында суреттеліп, ақын мен оның тікелей тілдесуі, сырласуы күйінде көрінеді.

«Кестеленіп өрілген өрнегің боп,  
Бауларың көп, табиғат, шөлдерің көп.  
Арманың көп, табиғат, іңқарің көп,  
Сұңқарың көп, табиғат, тұлпарың көп.  
Асу-асу армандай белдерің көп.  
Кестелене өрілген өрнегің көп.

Сол көптің ортасына, о, табиғат,  
Мен еркіммен өмірге келгенім жоқ», —

дейді ақын табиғатқа тіл қатып. Оны табиғат — Тәңір анасы «өмірдің шертілмеген күйін шерту» үшін, «табиғат жұмбағын

ме деп қаламын» дейтіні де бар. Мұның бәрі — табиғат әсемдігіне тамсана бермей, оның бойындағы күрделі шындықты да көре, сол жайлы ойлана білетінін байқатады.

Табиғат деген — өмір, өмірдің символы. Дүниені оятып таң атқанын ақын Отанының тәуелсіздігімен байланыстырады. «Аспан ауып, ай ығысып, жұлдыздардың сөнгені, шыққан күннің сәулелері шаңырақты аралап жүргені, құстардың таңнан тұрып сөйлеуі», «Құстармен бірге сөйлеп», таңмен бірге өлең жазып отырған ақын сезімі — сол жана өмірдің белгілерін («Дүниені оятып таңым тұрды») елестетеді. Соған жалғас тағы бір өлеңде («Ояну») осы көрініс толығып, ақын сезімін ұлғайта түседі. Ол таңнан тұрып суретші табиғаттың дүниені сұлу ғып бояғанын», «Алатаудың терезе қағып» қонақ боп төрге озғанын, үйінің сәулеге шомылғанын көреді.

Бір әдемі өлең — «Бұл ойын». Оның мазмұны өздері бала боп бірге өскен екі жастың алғашқы кездесуі болса, түйіні — «бұл ойыннан үркіп қашты балаалық» деген тармақ. Әрі тапқыр, әрі қысқа.

Жалпы, махаббат жайлы ақын ойлары «Өмір — сенің қызығың», «Сені іздедім көктемнен», «Қия шынға тартты бастап

өлеңдері ақын әсерлерінің молдығымен бірге, тарих сабағы жайлы ойларға жетелейді, бейтаныс өмірді ақын көзімен танып, образ арқылы бейнелеудің тың ізденістерін көрсетеді. Берлин қаласын аралап, Рейхстагта болғанда ол соғыс туралы ойлайды. Өз ұғымын көргендерімен салыстырады. Олар «Бір адамнан құдай жасаудың халық қасіретіне айналуының» сырын ұғынуға көмектеседі. Украинада да ол соғыс ізін көріп, онда соғысқан қазақ жауынгерлері жүрген жерлерді көреді. Бірнеше жақсы өлеңнен құралған топтамада тарих та, сурет те, ой да бар. Кавказ жырларында Лермонтов жүрген жерлер мен жауынды күннің суреті тұтасып, ақындар сезімін қозғаған армандай елес береді.

Сол күндері Эльбруста Балқар ақыны Қайсын Күлиевтің қайтыс болғанын естіген Шөмішбайдың:

«Мұнартып мұңды төңірек,  
Ала алмай тыныс кеңірек,  
Еңсесін басып қарал бұл  
Қарт Кавказ тұрды еңірен», —

дегені де әдемі, нанымды шыққан. Өлең жауынды күндерді бастан кешкен Кавказ табиғатын тұтас танытады.

Шөмішбайдың ақындық ізденістерінде тағы бір қызықты тақырып бар. Ол — «Ағалар айтқан асыл сөз» топтамасы. Бұл өлеңдерде ақын өзіне ұстаз болған атакты ағаларының әзіл-қалжыңын, тапқыр сөздерін, кейбір мінез ерекшеліктерін еске алып, өлең тіліне көшіреді. Оларды кейінгі оқырмандарға ғибрат ретінде ұсынады. Бұл өлеңдердің кейіпкерлері — М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф.Мүсірепов, Ф.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, А.Жұбанов, Б.Момышұлы, Қ.Аманжолов, І.Омаров, Х.Ерғалиев, Ә.Сәрсенбаев, Н.Тілендиев, Ф.Қайырбеков, т.б. Мысалы, «Илияс Омаров және операция» атты өлеңде Мұхтар Әуезов Мәскеуде ота үстінде қайтыс болғаннан кейін Илияс Омаровтың тағы да сол мақсатпен Мәскеуге барғанын әңгімелейді:

«Әзер шыққан даусымен дос-жаранға  
жылы үндеп,

Самолетке мінерде әзілдеді күлімдеп.

Жүрегі әлсіз қағуда,

Жанары бірақ жағуда.

— Барамын, — деді Ілекең

Мұхаңның өшін алуға!»

«Сағат Әшімбаев пен Төлен Әбдіков»

атты өлеңде Сағаттың бір жыныда саясат қуып кетіп, империализмді сынаудан аса алмағанын өзінде айналдырып:

«Жазушы Төлен Әбдіков қабағын қату түйіп алып,  
Былай деді даусын биік алып:

— Адамды сөз ашады екен-ау», — деді.

Сағат пен империализм арасы тіпті

нашар екен-ау! — деді», — дейді.

Топтама түгелдей осы сияқты ойлы әзілге, ойнақы тапқырлыққа құрылған. Өлең үлгісі жағынан ақ өлең түріне жақын жырлар оқырманын табатыны да даусыз.

Шөмішбайдың ел ішіне кең тараған өлеңдерінің ендігі бір тобы — оның өнге арналған өлеңдері. Ол — ән мәтінін көп жазып танылған ақындардың бірі. Оның өлеңдеріне ән жазған сазгерлер ішінде Е.Рахмдиев, К.Дүйсекеев, А.Қоразбаев, С.Бәйтереков, Т.Мұхамеджанов, Ә.Бейсеуов, Т.Қажығалиев, В.Питерцев, т.б. Қазақстанның белгілі композиторлары бар. Олармен Шөмішбай шығармашылық байланыста ұзақ уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Ән текстің жазу оңай емес. Ол — өзіндік ерекшеліктері мол жанр. Өзгеше шеберлікті тілейді. Шөмішбай жырларының сазға, әуенге сұранып тұратыны онымен істес болған өнерпаздардың таңдауын байқатады. Олардың ішінде «Қарағым-ай», «Сәлем саған, туған ел», «Сағындым, сағым жылдар» сияқты халық ішінде кең тараған өндер мол.

Осылар Шөмішбай ақын есімін халық ішіне кел жайды. Қазір ол — республиканың ең танымал ақындарының бірі. Оның үстіне, біраз жылдан бері әдебиеттану ғылымы саласында еңбек етіп, қазақ поэзиясының тарихымен шұғылдануда. Құдай берген талантты жарыққа шығарып, өлең жазу бар да, сол өлеңнің арғы-бергі тарихын, шығу жазылу жолдарын, ерекшеліктерін тануға ұмтылу бар. Бұл — ақынға үлкен міндет артатын білім, ғылым жолы. Оны білсең, «Көкірек көзің ашылады» деп Абай айтпақшы, ақын жолы кенейе түседі.

«Қазақ әдебиеті» газеті 2012 жыл

# СӨЗ САЛҒАН АҚЫН

ер туған жеріне» макалының мәнін нақты сурет арқылы ашады.

Үлкен бір патриоттық сезімге толы өлең «Мендей сүйсе» деп аталады. Ол — туған жерге деген ынтықтыққа талас. «Кім елін, Отанын мендей сүйеді» деген оймен өзін басқалармен салыстыруға құрылған туындыда ақын ойы биіктеп кетеді. Ол Қазақты сүйетіндер одағының тең төрағасы болуға, «қазақты сүйетіндер сенатына» қатысуға, қазақты сүйетіндер «партиясы» құрылса, оған да кіруге дайындығын білдіреді. Қазақты сүйетіндерге бөйге жарияланса, онда да «Президентпен тең тұруға» тырысады. Өлеңнің негізгі идеясы да, мазмұны да өлең атынан өрбіп, патриот қазақтың ішкі сырын ақтара ашады. Мәселе «Білмеймін, бар ма, жоқ па, бұл өмірде, қазақты сүйген шексіз мендей адам?!» деген таласта кімнің жеңуінде емес, ақынның «тауларым биіктер еді, дала кеніп, әр қазақ мендей сүйсе өз қазағын» деген түйінді ойында жатыр. Ақын қазақ өзіне-өзі сыйласа, өзін-өзі сүйіп, өз абыройын өзі ойласа, оның тауларын биіктетіп, даласын кеңейтуге әлі де мүмкіндігі молын еске сала жырлайды. Қазақтың ойланар мәселесі әлі де көп. Осыған мензейді.

Шөмішбайдың туған жер, Отан туралы өлеңінің біразы өзі туған Арал теңізі тағдырымен байланысты. Ол туған жер туралы сөз қозғаса-ақ Аралын есіне түсіріп, оның кейінгі жағдайына өкініш білдіреді. Арал — оның арманы, мұңы, қайғысы, сағынышы. «Атамекен Аралым» өлеңінде онымен кездесуін өткен күндерді еске алумен өрбітеді. «Жер-ананың көгілдір жанарындай» Аралдың қуаныш, қайғысына ортақтығын білдіреді. «Тағдыр деген кемемді тербеп өзін, күйді құйдың кеудеме шолпылдаған» деген жолдар Аралдың ақын тағдырына ортақтығын бейнелейді. «Дем алсаң, дем аласың дауылыңмен, күрсінсең, күрсіндесің ауыр Ұнмен» дегенде де теңіз мінезі, қайғысы сезіледі. Арал толқындары «ақ бантикті ерке қызға», көгіндегі үзік-үзік ақша бұлттарды «әжем түткен ақ бота түбітіне тенеу» де әдемі. Сол ақша бұлт, ақ желкен бүгін алыс арманға айналғаны — өлеңнің негізгі ойы. «Аралымның ақ шағала айдыны», «Аралымның ақ шағыл құм жағасы» дегенді ол жиі айтады. Оны балалық ыстық шағының желкеніндей көреді.

«Ақынның теңізбен қоштасуы» — тым әсерлі жазылған өлең. Оның «Қош бол, теңіз, қош, анам» деген сөзінде анасынан айрылған бала күйі аңғарылады. Көзінен жасы мөлтілдеп, ол теңіздің қайғысына бөленеді. Оның шағала күндерін еске алып, өз арманына жете алмағанына күйінеді. «Өзінде жүрген кемеге айналсам деп ем, арман не?», «Көгіңнен жүзген ақ бұлтқа айналсам деп ем, арман не?» деген жолдарда сол арманның сағымға айналғаны бейнеленеді. «Көз жасымды көл етсем», «Жұдырықтай

**«ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ:  
ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

15 сәуірде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитеті, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан Жазушылар одағы, Ғылым ордасы бірлесіп қазақтың көрнекті ақыны Шөмішбай Сариевтің туғанына 80 жыл толуына орай «Қазақ поэзиясы: өткені мен бүгіні» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Конференция барысында белгілі ғалымдар мен әдебиеттанушылар Шөмішбай Нағашыбайұлының шығармашылығын әр қырынан талдап, таразылады.



М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы Кенжехан Матыжановтың кіріспе сөзімен ашылған жиында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі, доцент Айгүл Рамазан қаламгердің ұшқан ұясы — ҚазҰУ атынан құттықтау сөз сөйлеп, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Сонымен қатар «Қазақәдебиеті» газетінің бас редакторы, Құрмет, Парасат ордендерінің иегері Бауыржан Жақып «Шөмішбай Сариев поэзиясындағы ұлттық рух пен лиризм», Қазақстанның Құрметті жазушысы Нұрдаулет Ақыш «Шөмішбай өлеңдеріндегі шөл философиясы», Әлем әдебиеті және халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі Светлана Аманбаева «Вдохновение как ведущий концепт поэтического творчества» («Шабит — поэтикалық шығармашылықтың жетекші концепциясы»), Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің меңгерушісі Гүлжаһан Орда «Ғалымның «Қазақ лирикасы: көркемдік ізденістер және ұлт тәуелсіздігі» зерттеу еңбегі туралы» тақырыптарында баяндама оқып, қаламгер еңбектерін жан-жақты бағамдаса, Сұлтанәлі Балғабаев, Дәулет Сейсенұлы, Бейсенбай Сүлейменов сынды белгілі жазушылар ақын жайлы жылы естеліктерін еске алды. Әнші, ҚР Мәдениет мейталманы Берекет Темірбайұлы шайыр сөзіне жазылған әндерді шырқады.

Сондай-ақ ақын мұраларын сақтап жүрген жары Жұмагүл Сариева газет тігінділерінен қалам иесінің әр жылдары жарық көрген шығармаларын көрсетіп, тарихымен таныстыра келе, сөзінің қорытындысында ұйымдастырушылар мен жиналған көпшілікке алғысын білдірді.

шешу» үшін туады. Ол табиғат-анасынан өзіне лайық орын талап етіп (босағадан емес, төрден), таланттына қуат берер көлін, биік тауын, сезімін тасытар селін сұрайды. «Тексіз етпе, табиғат, тегімді бер, азық етпе, табиғат, көбінді бер, өршілдік бер, табиғат, сенімді бер» дейді. Сөйтіп, өлең табиғаттан рухтанған ақын сырына айналады. Ол жыр нөсерімен суарып, табиғат көркін көркейтуге ұмтылады. Табиғатты анасы санаған ақынның оның сезіміне ортақтасар жайлары да көп.

Табиғатты Шөмішбай әр күйде көреді. Негізінен, оның әсем, көрікті жағдайларынан жылы әсерленген ақынның өмірдің қайғылы сәттерін еске алғанда («Жер-ана») әдемі көріністің ар жағында жатқан трагедия іздерін танытыны бар. Жұмбағы көп табиғаттың көрер көзге қызғалдағын ұсынуына, қайғының ізін жуып бұлақ ағызғанына күдікпен қарайды. Қызғалдақты боздақтардың қаны ма деп қалса, бұлақ суынан адамның көз жасын көреді. «Мен аунап жатқан мынау жасыл белдер бабалар денесі

жол енді», «Махаббат теоремасы», «Мендегі бір махаббат», т.б. өлеңдерге арқау болған. Оларда өмірдің таусылмайтын қызығы, жан байлығы махаббатта екені, ұнатқан қызына өлеңін оқып өзін бақытты сезінгені, махаббатты Тәңір сыйы деп түсіну туралы ойлары мол. Махаббатты ақын жердің тартылыс күшіне тенеіді. Егер ондай тартылыс болмаса, космоста жүрген салмақтың жеңілдеп кететінін еске алады. Кейбір өлеңдер лирикалық үлгіде сарылып махаббатын іздеген сезім сырын жария етеді. Ол келген көктемнен сүйгенін күтеді, құстар ұшып келеді — ол жок, бақтар гүлдейді — ол жок. Әлі соны күтумен жүрген адамның сағыныш сезімі өлеңде әсерлі шыққан. Осының бәрі, түптеп келгенде, әсемдікті сую, сағыну екені белгілі.

Әрине, бұл айтылғандар 40 жылдай жазған ақынның еңбектерін түгел камтымайды. Оның шығармашылығы тақырыптық жағынан да, мазмұны мен көркемдік формалық ізденістері жағынан да бай, диалогоны кен. Шөмішбайдың Берлин, Украина, Рим, Кавказ сапарлары тұсында жазған



**Талғат ТЕМЕНОВ,**  
Қазақстанның Халық артисі

## БАҚТА БІР ҚЫЗ ЖЫЛАП ОТЫР...

Желтоқсан айында кейде Алматыны тұман басады. Ұшақ ұшпайды. Осындай бір кезде Алматыдан Астанаға бару керек болды. Екі кісілік СВ вагон. Сарт-сұрт, сарт-сұрт... Үйреншікті пойыздың жүрісі, мазуттың иісі... Қасымдағы жолсерік — әскерден келе жатқан орыстіді лейтенант... Кіре салып құладым. 2–3 сағаттан соң ояндым... Ұйқым қанып қалған сияқты.

Сыртқа шығып, жуынып-шайынып, купе-ме кіре бергенде, көрші есіктен таныс бейне көрінді... Камераның тұманданған линзасы тұнған бұлақ секілді тоқтағанда таныдым. Шөкен... дұрысы, Шөмішбай көкем...

— Көке! Сіз қайдан? — деймін сасып, салбырап...

Шөкен де мені құшақтап, бауырына басты. Неге екені белгісіз, Шөкен менің туысым секілді... Ашық-жарқын, аккөңіл, аузын ашса көмейі көрінетін ағамыздың бірі де бірегейі... Менің туған нағашым бар еді. Есімқұл деген... Қашан көрсе, бауырына басып, шөліпдетіп сүйетін... Мен сүйгенін жақтырмай, қашқақтайтынмын... Мына Шөкен дәл солай...

Соғыстан соңғы туғандар... Дұрысы, біздің аға буын... Балалығы тойынып тамақ ішпеген, малынып киім кимеген... Жокшылық пен өшіретті, жетім мен жесірді көрген, жасыған әке мен бақырған бастықты көрген буын және көрген-білгенін, оқыған-тоқығанын өмір-өленге айналдырған ағалар... Олар — Оралхан Бөкей, Жарасқан Әбдіреш, Жұматай Жақыпбай, Нұрлан Оразалин, Бакқожа Мұқай, Марат Қабанбаев, Иран-Ғайып, Кеңшілік Мырзабеков, Смағұл Елубаев, Сайлаубек Жұбатыров, Ибрагим Иса, Дәуітәлі Стамбеков, т.т. Қай-қайсысы да қазақ әдебиетіне ат ойнатып кіргендер және барлығы ауылдан шыққан. Өйткені оларда биік мақсат болатын. Алматыға ару емес, арман іздеп келгендер... Назым Хикметтің:

«Сен жанбасаң лапылдап, мен жанбасам лапылдап... ол жанбаса лапылдап, аспан қалай ашылмақ?» дегенін өмірінің өзегіне айналдырған буын келген ол кезде... Қазақ тұрмысына сәнді әкелген осы жас. Стилягалар, клеш, нейлон көйлек, балон плащ осылардан қалған. Бүгінде ол атаулар архаизм. Қасымдағы серігім вагон-ресторанға кеткен секілді...

Шөкен екеуіміз менің купеме кірдік. Мен барып екі стакан шай әкелдім. Әңгіме-дүкен... Шөкеннің бір әңгімесі бітпей жатып екіншісі басталып жатады.

— Көке, айтпақшы, Жапонияға барғанда зоопарктегі біздің барысқа арнаған өлеңіңіз бар емес пе?

— Иә... ол Алатаудың барысы...

Екі елдің ортасындағы елші барысы. Баяғыда Жапонияның Премьер-министрі келгендегі біздің елден кеткен сыйлық осы дүр...

Шөкен қанаттанып аркасы ұстап өлеңін ұзақ оқыды.. Токиодағы барыстың атын Шыңғыс деп қойған екен...

*Аң жайлы жыр жазғаным — тұңғыш қадам, Кеудемді тебірентті бір күш ғалам, Жанарынан сағыныш мұңды көрдім, Адамдай елестеді Шыңғыс маған.*

*Жұмбақ бір дүниенің тылсым алды*

*Кәдімгі қаһарлы емес, сыңсып алды.*

*Білмеймін, сағынды ма Алатауды,*

*Дауысымен жалынышты үн шығарды.*

Тор ішіндегі Алатаудың барысы мен ақынның жүрегіндегі жарысы... бірге соғып тұрған-дай... Екеуі де елін, жерін сағынған...

Әңгімеміз өлең жайлы, проза, кино туралы... Мәскеуді айтамыз... Минск мен Тбилиси, Стамбул мен Токио, Тегераны тағы бар... Танертең тақылдаған есікті ашсам, Шөмішбай көкем тұр.

— Әй, Талғатжан, мен саған өлең арнадым, тында...

Шөкен көсіліп оқыды. Мен тындадым. Риза болдым. Бұл аккөңіл ағаның ақжарма көңілі, құрметі, сыйластығы, махаббаты болатын...

— Рақмет, көке...!

Өкінішке орай, Шөмішбай Сариев — Аралдың арда ақыны ертеулеу кетті... Нағыз бабында кетті... Қоштасып, топырақ салуға да мүмкіндік болмады... Бүгінде тірі болса, сексенін тойлап, өлең оқып отырар едік...

Әттең, тонның келтесі-ай...

Енді осы өлеңді бөлісетін кез келді... Шөкен бір аунап түсетін шығар...

*Сен Талғат!*

*Қазақтың Талғатсың!*

*Сахнаның сарбазы, солдатсың.*

*Театрда қолтаңбаңа тәнті болдым,*

*Бір мен үшін, Астана, Алматысың!*

*Өнердің әр жолында құт тұнады,*

*Сахна кім екенін ұқтырады.*

*Ұлы театр, киноның режиссері,*

*Қараторы қазақтан шықты бәрі!*

*Тербетеді бойыңда әлі де арман,*

*Талант дедім мен сені танығаннан.*

*Ұлы өнердің жолында жолаушысың,*

*Сені қолдап келеді Тәңір-Аллам!*

*Жанады көк аспаннан сонау шырақ,*

*Өмірдің жанарында толы-ау сұрақ,*

*Талғат атты режиссер Теменовпен,*

*Сапарлас болдық бірге жолаушылап...*

*Ақша бұлт көгіміздің бұлтты еленіп,*

*Келеді желтоқсанда күлтеленіп...*

*Жетпіс төрт елді көрген жолаушы екен,*

*Қазақтан шыққан талант — бұл Теменов!*

*Туған жер!*

*Қасиетпен әр тасын да...*

*Теңіздің толқыны ұрып жартастын да,*

*Дүние жананында біз келеміз,*

*Тәуелсіз еліміздің арқасында!*

Есіме баяғыда Шөмішбай көкем жазған бір өлең түседі...

*Сыңсып қайың тіл қатпаған...*

*Шақта кешкі, күн батпаған,*

*Бақта бір қыз жылап отыр,*

*Неге екені жұмбақ маған...*

Кешкі шақта ақ көйлекті ару қыз парктегі орындықтың үстінде отыр... Жені шолақ гүлді көйлек... қыз бойына жарасқан... Арқасына төгілген қос бұрымнан көктем иісі есе ме? Әлде, қайдан шырылдаған торғайлар мен көкек үні бак ішін Шуберттің сереналасы секілді күйге бөлейді. Қып-қызыл күн ұясына кірмей мына дүниедегі көз жасын көл қылып жылаған қызды жалғыз қалдыруға қимағандай. Ару үнсіз жылайды... анда-санда өкситінін қайтесін. Ұп-ұзын найза кірпіктер аппақ жүзді көлегейлеп тұрғандай. Осыншама көктемеде мұңлы күйге түскен ару неге жылайды? Неге ғана жалғыз-ды...

Мен бұл өлеңді баяғыдан білем. Жиын-тойда қыз-қырқынның алдында талай-талай оқығаным тағы рас... Алайда қыздың сырын білмейтінмін. Тірлігінде көкемнен осы жайлы сұрамаған екем. Сұрасам... Енді шештім бұл сұрақтың жауабын. Бақтағы ару-ақынды Шөмішбайды жоғалтқан екен... Бұл — сұлу ақынның мұзасы... махаббаттың арқауы... домбыраның шегіндей Шөкеннің шері екен... Қайран, Шөке... Кім екенін сұрамаппын ешқашан... Әлде, мүмкін ұмыттым ба? Иә... мен бүгін алпыс жыл атын айтпаған аруды таптым, таныдым... Ол бақтағы қыз екен. Бақта бір қыз жылап отыр... Неге екені жұмбақ маған... Енді маған жұмбақ емес...

## ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН...

**Астана қаласындағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханада ақын Шөмішбай Сариевтің туғанына 80 жыл толуына орай «Шөмішбай Сариев – қос қанатты ақын» атты әдеби-сазды кеш өтті.**

Ақын, ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Барыс, Парасат ордендерінің иегері, Франц Кафка атындағы алтын медальға, «Платиналы Тарлан» сыйлығына, «Жыл адамы – Алтын адам», «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлықтарына ие болған Ш.Сариевтің қазақ әдебиеті мен өнеріне сіңірген еңбегі орасан.

Жазушы, Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі,

айналды. Қайда барсаң да, әлгі бір-бірін жек көріп, бөлініп кеткен жастар енді сол әнді бірге шырқайтын болды. Бари Алибасов бастаған «На-На» тобы Өскемен, Павлодар, Қызылжар қалаларында концерт қойды. Бұл ән жастардың басын қосты. Қазақстан халқының ішкі жан жүрегін жібітті. Көрерменнің ынтасы ауғаны сонша, концертті залдарда емес, үлкен стадионда өткізетін болды. Халықтың жаны ауырған кезде көңіліне қанат бігіретін Шөмішбай бірде дана, бірде бала, аккөңіл жан еді. Поэзия мен әдебиетті сүйіп өтті», — деді әсерлі естелігін баяндап.

Жазушылар Сауытбек Абдрахманов пен Қуаныш Жиенбай, ғалымдар Кәрімбек Құрманалиев пен Рақымжан



осы саликалы басқосуды жүргізген Уәлихан Қалижанов «Жүрегімнен өлең сыйлап өмірге, Дүниені жалт қаратсам деп едім!» деп жырлаған ақын ұлтының ұлылығын, даласының кеңдігін, халқының елдігін жырға қосқанын кеңінен айқындай келе: «Ол халық жүрегіне жол тапты. Мәңгілік қазақ еліне үн қосты. Ол ұлтын өзіне жалт қаратты. Халқының махаббаты мен мархаббатына бөленген ақын өмірден өткенімен, өлең ғұмыры «Жер бетінде бір қазақ қалғанынша» жалғаса береді», — деді баяндамасының қорытынды сөзінде.

Филология ғылымдарының докторы, алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай: «Шөмішбай Сариевті студент кезінен білемін. Мен оқуға түскенде ол үшінші курста оқыды. Жұмагүлге үйленген кезде тойында болды. Кейін Шөмішбай екеуіміз 21 жыл бір ұжымда бірге жұмыс істедік. 1986 жылғы Желтоқсан қасіретінен кейін ел-жұрттың көңілі құлазып жүрді. 1987 жылдың бас кезі, бір күні Қазақ радиосын тындап отырсам, әнші Роза Рымбаева бар даусымен: «Көзімнің қарасындай, Айналдым сенен, Атамекен-ай!» деп шарықтата шырқасын. Ерекше тебіренкті. Сол күннен бастап Қазақ радиосы жанданып шыға келді. Қара жамылған халықтың көңілін әлгі ән серпілтіп жіберді. Қатты разы болып, жұмысқа барғанда Шөмішбайды құшақтап, құттықтап, бетінен сүйген едім. Халықты жадырататындай жыр жазуға болады екен. Сол әннің сөзін Шөмішбай жазды. Екінші бір оқиға еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ауыр жылдар өтті бастапқыда. Ұлттар арасында қарама-қайшы көзқарастар орын алды. Сол кезде «На-На» тобы «Боз жорға» әнімен танылды. «Жорға-жорға, жорғалашы, жорға, жорғала» деген сөзі бар. Әнін жазған — Бейбіт Оралұлы, сөзі — Шөмішбайдікі. Әнді естігенде мен Шөкен: «Біз тәуелсіздік деп жатқанда, бұл не ән?» — деп айттым. Сонда ол: «Көрерсің әлі осы әнді!» — деді. Біраздан кейін ән хитке

Тұрысбеков, композиторлар Жоламан Тұрсынбаев пен Серік Еркімбаев және әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы ақын шығармашылығы, ғұмыры жайлы ой-толғамдарын ортаға салды. Ақын Мақсат Дауылбай арнау өлеңін оқып, шайырдың сөзіне жазылған әндер шырқалды.

Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы: «Шөмішбай аға әнге сөз жазудың нағыз шебері ғой. Әскери борышымды өтеп жүрген кезім еді. Ауылды, елді сағынып жүрміз. Бір күні кино залында Кенес Дүйсекевтің «Ойлан, балам» әнін естіп, үлкен әсер алған едік. Сөзін жазған — Шөмішбай аға. Кейін Алланың жазуымен Шөмішбай ағамен Әдебиет институтында бірге жұмыс істедік. Ағаның қасында жүріп, әңгімелерін тындайтын едім. Адамгершілік қасиеті мол болды. Ол дарынды ақын, зерделі ғалым еді. Соңына мол мұра қалдырды», — деді.

ҚР Ұлттық академиялық кітапхана директоры Күміс Сейітова өз сөзінде ақынның кітаптары мен марапаттары сыйға бергені үшін ақынның жарына, отбасына оқырмандардың алғысын жеткізе келіп: «2021 жылы ақынға арналған зал ашылды. Кітапхана қоры қаламгердің бірегей жеке коллекциясымен толықты. Қорда бір мыңға жуық кітап пен құжаттар бар. Ақынның әр жылдары шыққан кітаптары, әдебиеттану, тарих, философия саласындағы ғылыми еңбектері бар. Ш.Сариевтің жас ұрпаққа қалдырған мұрасы — ұлттық мәдениетіміздің құнды қазынасы. Әдебиетшілер мен жас зерттеушілер арасында ақынның шығармаларымен танысуға деген сұраныс жоғары», — деп түйіндеді ойын.

Алматы қаласында тұратын ақынның жары Жұмагүл Қаженқызы осы жиынға онлайн түрде қатысып, қаламгер туралы ойларын ортаға салған қауымға алғысын жеткізді.

**Айбатыр СЕЙТАҚ,**  
ақын, журналист



### Нүрдәулет АҚЫШ,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері

Поэзия әлемінің қашан да күрделі болып келетініне бүгінгі ақындарымыздың жаңа туындыларын оқыған сайын одан арман көзіңіз жете түскендей болады. Соның бір мысалы Шөмішбай Сариевтің поэзиясынан байқалатын-ды. Оның өлеңдері оқырманға эстетикалық әсер беріп қана қоймай, ойлануға жетелейтін.

Шөмішбай Сариев – оқырман жұртшылыққа ғана емес, тыңдарман қауымға да жақсы таныс есім. Кейбір тыңдарман бұл ақынды бірыңғай ән өлеңдерінің мәтінін ғана жазатын, шығармашылық жұмысын тек сол бағытта өрістететін сөз зергері деп пайымдауы мүмкін. Себебі дыбыстық және бейнеақпарат құралдары арқылы таратылып жататын көптеген ән мәтіндерінің авторы да Шөмішбай Сариев еді.

Қаламынан туындаған жыр жолдары ән шығаруға сұранып тұратын ақын – бақытты ақын. Бұл – шығармашылық құбылыстың өзі қиыстырып әкеліп, күшпен дәлелдеуді қажет етпейтін шынайы дарынның белгісі. Сазгер, композитор қауымның эстетикалық талғамы қашан да жоғары екенін ескерсек, Ш.Сариев өлеңдерінің поэтикалық болмысы, мағынасы мен сөздердің ішкі үйлесімі, ырғақтылығы сондай ортақ талғамнан табылып жатады деп тұжырымдауға әбден боларлық.

Бірақ, оған қарамастан, Ш.Сариевтің ән жазылмаған жырлары – жинағындағы қатардағы жыр жолдарының да биік көркемдік өреде жазылғанын, құлаққа таныс ән мәтіндерінен ешқандай да кем емес екенін атап айтқан жөн.

Ақын циклдік өлеңдерінде белгілі бір тақырыпты немесе тақырыптары сабақтас өмір қырларын жыр тілімен бейнелеуге бейім. Оған дәлел болар жыр жинақтарының бірі – «Шөл даланың ұлымын...» деп аталатын кітабы. Өйткені мұндағы өлеңдердің барлығы бірыңғай «Шөл» деген ұғымның төңірегінде ой тарқатады, оның адам өмірінде алатын орны жайында сыр тербейді. Әдетте «шөл» сөзі адам қабылдауында теріс эмоциялы тұйық түйсік туғызады. Бұл сөзді айтсақ болды, сазарып жатқан шексіз өлке, тіршіліксіз шөл елестейді. Шөлді өлкеге тап болған адам дүниенің үзірінен баз кешіп, екі қолын төбесіне қойып әлдеқайда безе жөнелгісі келетіндей күйге тап болады. Қарадан-қарап ернің кезеріп, бір ұрттам суға зар болғандай тәуелді күй кешесің. Бір ауыз сөзбен айтқанда, «шөл» сөзі – «тіршілік» ұғымының антонимы.

Сондықтан болар, шөлдің адам өмірінде алатын орны мен оның қабылдауындағы болмыс-бітімі, табиғаты турасында бас қатыра бер-

мейтіміміз рас. Шөл талай ақын-жазушының қаламынан жағымсыз кейіпкер ретінде, тек географиялық қана емес, әлеуметтік-моральдық тұрғыдан да кері фактор ретінде бейнеленіп келгені де шындық.

Аталған кітаппен, ондағы жырлармен танысқан оқырман осынау қалыптасқан стандартты түсінікке күмәнмен қарап, өзінің бұл бағыттағы тұжырымын қайтадан жаңаша құруға қам жасайтыны анық. Бұндағы өлеңдермен танысып шыққаннан кейін, сіз

болады. Торыққаныңыз не, біраздан кейін осы шөл даланы жақсы көріп, тіпті шөлсіз өмір сүре алмайтындай оған ғашық болып қалуы да ғажап емес. Сондай сәтте: «Шөмішбай шайыр-ау, сіз біздің түсінігімізді неге бұлай өзгертіп жібердіңіз?» деп сұрағыңыз келеді.

Ақын шөлдің қандай ерекшеліктері, адам баласына ұнайтын нендей тамаша қасиеттері бар екенін көркемдік кестімен дәлелдейді және сол қасиеттердің артықшылықтарын эстетикалық ойлармен тиянақтауға күш салады.

# САРИЕВТІ САҒЫНУ



енді шөл далаға басқаша көзбен қарай бастайсыз. Біз атын естігеннен кейін-ақ, қарадай үркіп, іштей шошынып үлгерген шөл дегеніңіз, мүлде қорқынышты емес екен. Қорқынышты болуы былай тұрсын, керісінше, адамның жанына жайлы, алуан сипатты көңіл күйге түсіретін философиялық орта екен, көңіліңді тербетіп, жаныңды толғандыратын эстетикалық биіктік екен, ішкі дүниеңе себезгілеп құштарлық нұрын құятын, мынау жарық дүниеге іңкәр етіп жетелейтін рухани қуаттың көзі екен; шөл дегеніңіз – үнсіз ғана шырқалып жатқан ән, көңілге көктем шуағын құйған, жанарыңды жасқап, жан дүниенді жайлы сезімге бөлейтін сән екен; шөл дегеніңіз – адам баласы сыр-сипатын бірден ұғып болмас, шет-шегіне оңайшылықпен шығып болмас құпия әлем екен; шөл дегеніңіз – тағы да...

Біздің түсінігімізді бұлайша өзгертіп жіберген – сөз жоқ, ақын талантының қуаты.

Қойшы, әйтеуір, құрғақ тебіреніп, құр тамсана беріп қайтеміз, қу сөзден қуырдақ қуырып, құмнан қылшық суырып, құр ділмарси бермей, автордың өзіне сөз берейік те, автор көзімен біз де сол шөл даланың тылсымына шым батайық...

«Айдыны жүрегімді тербеп өтер,  
Көңілім аққу жүзген көл деп өтер.  
Бір шөлім басылса да, шөл далада,  
Бір басылмай махаббат шөлдеп өтер».

Осынау поэзиялық шашуларды оқып шыққан оқырман енді бұдан былай шөлден қорықпайтын, меніреу құшағына тап бола кетсе де торықпайтын

Ақынның бұл арадағы тұжырымының мықтылығы да сол дәлелдердің көркемдік қисынында.

Шөлде біздің жан дүниеміз қалайтын жайлы қасиеттердің басым бөлгі бар екен, тек оны көре білетін көз керек, қалың жұртшылықтың санасына жеткізе білетін көркем сөз керек екен. Ақынның артықшылығы – сол жүрекке жеткізе алатын кілтті таба білуінде, тауып қана қоймай, оқырман қолына ұстатқыза білуінде. Рас, шөл далада өмір сүрудің қиындығын ақын ұмытпайды, мүлде есінен шығарып алмайды, оқырман есіне қайталай салып отыруға бейім. Тек сол қиындықпен күресе білуге, тіпті керек болса, сол қиындықты көрмеуге үндейді, адамның ішкі күрескерлік рухын қайрап, тың көзқарасты тануға ұмтылыс жасайды.

Шөл далада басталған бойдағы шөл бүкіладамзаттық проблемалармен астасып, бүкіл шөліркеудің түрлерін ашып көрсетеді. Ақын бір жұтым суға ғана шөлдеп қоймапты, оның шөлдеуінің әлеуметтік астары әлдеқайда ауқымды екен.

«Адамдардың шапағатына шөлдедім,  
Хас сұлудың махаббатына

шөлдедім...

Суға емес, жылы сөзге шөлдедім,  
Ұлағатты ұлы сөзге шөлдедім...» – дейді ақын. Осынау шөліркеудің әдепкі көзі бәрібір қалай болған күнде де ақын өзі туып-өскен шөл даладан бастау алғаны – тағы да шындық. Ендеше, өмірдің қадір-қасиетін түсіндірген шөлге деген алғыстан басқа айтар болмаса керек. Қазақ жерінің жетпіс пайыздан

астамы шөл және шөлейт өлкелер болып келсе, ақынның бұл философиясы кез келген қазақ баласының жанына жақын екені және рас.

«Бір басылмас шөлге баттым

тереңнен,

Кеудем осы шөл гүліне бөленген.

Сапар кешіп, жер-жаһанды аралап,

Жер бетінде шөлдеуменен келем мен!»

Міне, шөл философиясынан туындайтын тағы бір нақты тұжырым. Тіпті сулы-нулы жерде туып-өскен жанның өзіне де жақын құбылыс, тіршілік шындығы.

Көркемөнер туындысын өмірге әкелген туындыгерлер көбіне өз ойларын тұтынушыға, яғни көрерменге, оқырманға немесе тыңдарманға таңбайды. Өз философиясын ұсынумен шектеліп, «ары қарай өзің біл» деген сыңайда сүйейсалды ұстанымға бой алдырады. Біз өлеңдерінің табиғатына үніліп отырған Шөмішбай Сариев олай емес, өзінің тапқан эстетикалық-философиялық жаңалығын оқырманға тануға бейім, бірақ ол бұл амалын зорлық пен күштеудің арқасында жүзеге асырмайды, поэзиядағы оңтайлы құрал – эстетикалық қуаттың көзін ұтымдылықпен пайдаланады.

Қазақ халқының айтулы тұлғаларының бірі, Абай атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және халықаралық Дж.Неру атындағы сыйлығының иегері Әнуар Әлімжанов кезінде: «Ш.Сариев өз талант-дарынына сеніммен қарайды. Оның жақсы жырлары сұлулықты сезіну арқылы туындайды деп білемін, бұл талант иесіне ғана тән қасиет дер едім», – деп жоғары баға беріпті. Кез келген қалам ұстаған жанға назар аударып, сөз шығындай бермейтін атақты тұлғаның бұл пікірі көңіл аударуға тұрарлық.

Мен өз басым Шөмішбай замандасыммен екі рет қызметтес болдым. Бірінші рет өткен ғасырдың сексенінші жылдары «Жұлдыз» журналының редакциясында, екінші жолы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында. Осылайша, қатар жүрген кездерімде Шөкеңді адам ретінде жақынырақ таныдым, адамгершілік қасиеттеріне тәнті болдым. Ол өмірде жүрегіне кір сактамайтын рухани таза, қарапайым әрі ақкөңіл жан еді.

Жалпы, ақындар ортасы – өзіндік бір әлем. Кейде бір-бірін кісінесе түсінісіп жатса, араларында бір иықтарын алдыға беріп, соқтығуға дайын жүретіндері де жоқ емес. Сондайлардың кейбірі Шөкеңе жөнсіз тиіскісі келіп, жағымсыз сөз айтып қалғандары да болды. Сондайда таңғалғаным, Шөкең ондайлармен айтысып, дауласа кетпейтін. Үнсіз шегіну тактикасын ғана қолданатын.

Неше рет дәмдес болып жүрсем де, кейде зорлап үйіне шақыратын. Жұмақұл жеңгейдің қолынан шай ішіп, сергіп қалған кездеріміз де естен кете қоймас.

Ауызша әңгімелерінің көбі естеліктерден тұрушы еді. Сол естеліктердің мазмұнында сағыныш лебі жататын. Ал бүгінгі күнде Шөкеңнің өзі көпшілігіміз үшін сағынышқа айналған. Әріптестерімізбен отырғанда Шөкеңнің ерекше мінезін еске алып, кейде күліп алсақ, енді бірде ортамызда жоқтығы еңсемізді басқандай болып, мұнайып қаламыз.

Өзің кетіп қалсаң да, жырларың жадымызда, ақжарқын үнің құлағымызда. Рухың шат болсын, қымбатты Шөке!



**Шөмішбай  
САРИЕВ**

## Шөл даланың ұлымын!

Ұлы дала –  
Шөл даланың ұлымын,  
Өркеш-өркеш құмнан өрген бұрымын.  
Шөліккеген шөл даланың көсемі  
Құмдары аман болса, мен де тірімін.

Ару дала, арман дала, шөл дала,  
Бұл жалғанда махаббатым сен ғана!  
Жел ызындап қобызындай Қорқыттың,  
Құмды кешіп жолға шықтым толғана.

Ұлы дала – шөл даланың ұлымын,  
Құмдардың да көрдім мөлдір, тұнығын.  
Сол бір құмда аунап өскен еркелеп,  
Бала кезгі еркелердің бірімін.

Ару дала,  
Арман дала,  
Шөл дала  
Ақ құм – сүттей бар қазаққа болды ана  
Анқам кеуіп, шөл басылмас жалғанда,  
Ақшағыл құм – бар медетім сол ғана.

Ұлы дала –  
Шөл даланың ұлымын,  
Сол бір далам аман болса, тірімін.  
Шөл даламды мәңгі сүйген бұл жүрек,  
Сол далада алар мәңгі тынымын.

Ару дала,  
Арман дала,  
Шөл дала,  
Құс қанатын талдыратын кең дала  
Шөл даланың сұлулығын, сымбатын  
Бір түсінсе, түсінетін мен ғана!

Шөл даламен бірге жасар жырымын,  
Шөл далада қымбат бұлақ, тұнығым.  
Ойға шомған терен дана құмдары  
Ұлы дала – шөл даланың ұлымын.

## Ақын монологы

(Мағжанға)

Сезінемін дүние қарбаласын,  
Қазағымның сүйемін әр баласын.  
Сүймесіне бола ма, әрбір ұрпақ,  
Туған халқың ғұмырын жалғағасын!

Тартып келем тағдырын түрлі азаптың,  
Жүрегіне жетсем деп бір қазақтың.  
Қайғыны, қасіретті арқаладым,  
Тауқымет тарттым талай, мұңға баттым.

Тартынбай, тағдыр жүгін сал иыққа...  
Айналсам деп Алатау ақиыққа –  
Жазсам да жүз өленді, бөлкім, мен де  
Бір өлеңмен қалармын тарихта!

Ол, бөлкім, өмір жайлы өлең болар,  
Аққудай айдын көлге менен қонар.  
Сарыарқа, сарыбелдің киігіндей  
Дүр етіп жүрегімнен жөнелді олар!

Бір өлең, сені күтіп келем енді,  
Құдірет сезім күші бөлеп елді,  
Ананың ақ сүтіндей уыз дәмді  
Мен жазып қалдырамын сол өленді!

Ол өлең – не жайында жұмбақ маған,  
Дүние, Тәңірімдей тіл қат маған!  
Мен үшін әр қазақтың бағасы артық,  
Нарқы артып, әр күн сайын қымбаттаған.

Өлім – хақ, адам көкті тірегенмен,  
Табысып, тоғысатын тілегі елмен.  
Мен өлмеймін, өмірде, мен тірімін,  
Айтылған, айтылмаған бір өлеңмен!

Білемін ғұмыр болмас алда мұнша,  
Қағам қанат, қанатым талғанынша,  
Мен өлмеймін, өмірде, мен тірімін,  
Жер бетінде бір қазақ қалғанынша!

## Туған жерім үшін де...

Атымды Шөмішбай деп қойған екен,  
Есімім, өзің жайлы ойға кетем.  
Ойыммен Аралымды он айналып,  
Сырымдай дарияны бойлап өтем.

Туған жердің атын мен иемденгем,  
Сол есімге мәңгілік сүйенгеннен,  
Келемін жерді басып, аспан көріп,  
Тамыр тартып, қазағым – киелі елден.

# ТІРІМІН... АЙТЫЛҒАН, АЙТЫЛМАҒАН БІР ӨЛЕҢМЕН...

## ДОС КЕРЕК

*Өлеңін жазған  
Шөмішбай Сариев;  
Музыкасын жазған  
Владимир Питерцев*

Жалғаныңнан жалыққанда дос керек,  
Сағыныштан зарыққанда дос керек,  
Арман алыс үміт ұзап жеткізбей,  
Жалғыз қалып қамыққанда дос керек.  
Кіші үлкенмен келісуге дос керек,  
Мауқың басып көрісуге дос керек,  
Тірлігінде қызық көріп, той тойлап,  
Қуанышты бөлісуге дос керек.

**Қайырмасы:**  
Дән риза менің нәзік гүл жаным,  
Сыйлады ғұмыр бізге мырза күн,  
Бұл дүниеде саған досым-ай,  
Саған досым-ай,  
Саған досым, ризамын!

Дұшпаныңмен егесуге дос керек,  
Ақылдасып кеңесуге дос керек,  
Қадірінді білмей-тұғын тірлікте,  
Ағайынмен теңесуге дос керек.  
Зәбір көріп айбынғанда дос керек,  
Табаныңнан тайдырғанда дос керек,  
Қорлық көріп қаумалаған көп иттен,  
Көкжалдайын қайғырғанда дос керек.

**Қайырмасы:**  
Жапырақты жаярында дос керек,  
Өміріңнің баянында дос керек,  
Бақұлдасып қалу үшін армансыз,  
Ғұмырыңның аяғында дос керек.  
Дүниенің жалғанында дос керек,  
Қанатынның талғанында дос керек.  
Қуанатын жүрегімен сен үшін,  
Жұлдызыңның жанғанында дос керек.

## Қайырмасы.

Атымды қойған екен, теріс демен,  
Станция – ел-жұрт бар Шөміш деген.  
Көл де бар Шөмішбай деп аталатын,  
Ежелгі атажұртқа қоныс мекен.

Қалжыңның оты сөнген жоқ қой әлі,  
Әзілдеп құрдастарым от қояды,  
«Елді мекен бар екен өз атында,  
Өле берсең болады», – деп қояды.

Кеудемде – кен-қазынам, қазып көрем,  
Жаныма бітпес ойды азық көрем,  
Өлеңнің қанатына сол есімді  
Туған жерім үшін де жазып келем!

Қанат беріп көгімде қыран маған,  
Қуат беріп Құдайым, ұлан далам...  
Бала кезде сезінгем ұлы ақындай  
Өз-өзімнен бүгінде күмәнданам.


Барады бойды билеп, күмән жайлап,  
Күдікті көңілімнен шығам ба айдап?

Үзілмей не жеткізбей үміт деген,  
Желбіреп көз алдымда тұрар байрақ.

Кеудеме бұлақ-тұма қайнары еттім,  
Тұңғыық мұңым іште, жайнап өтті,  
Оянсам, өңімде емес, түске айналып,  
Баяғы, бала-арманым, қайда кеттің?!

Кейінгі алдыңғыдан аңсар мейірім,  
Әзілдеп, білдіргендей кәусар пейілін...  
Қояды ағаларым «Пушкинбай» деп,  
Мен енді Шөмішбай боп қалсам деймін.

Ойдың кенін талайлар қазған шығар,  
Өлең – жүрек әуені саздан шығар.



## ҚАРАҒЫМ-АЙ

*Өлеңін жазған  
Шөмішбай Сариев;  
Музыкасын жазған  
Кеңес Дүйсекеев.*

Қарағым-ай,  
Сұлулық осындай болады екен,  
Бір басқа армансыз қонады екен.  
Адамдар өмірге қонақ екен,  
Шынымен-ай бұл дүние-ай шолақ  
екен.

**Қайырмасы:**  
Қарағым-ай,  
Қиылып, үзіліп қарадың-ай.  
Қараған, қандай сұлу жанарың-ай.

Қарағым-ай,  
Еліктер осылай жосады екен,  
Жолыңнан сені кім тосады екен.  
Бұл көңіл неліктен босады екен,  
Бұл тағдыр, сені кімге-ай қосады екен.

**Қайырмасы:**  
Қарағым-ай,  
Бұл дүние осылай өтеді екен,  
Сүймесен, бұл дүние бекер екен.  
Парақтап, жинасаң бар ғұмырың,  
Бір сүйген күніңе-ай жетер ме екен?!

## Қайырмасы.

Басқа емес, басқа да емес, жазмыш маған  
Шөмішбай боп қалуды жазған шығар...

\*\*\*

Кімнен кейін жанбаған көз арайың,  
Кімнен кейін қалмаған сөз, ағайын,  
Әр ғасыр сөйлетпей ме Махамбетін,  
Әр ғасыр сөйлетпей ме өз Абайың?

Жасыннан жасын түспес жасын ба екен?  
Асылдан асыл тумас асыл ма екен?  
Өзінің Махамбеті, өз Абайы  
Болмаған ғасырың да ғасыр ма екен?!

Ақын көптік етпейді кең далама,  
Бүгін де арт үмітті, сен балаңа!  
Көтермес Махамбетін найзадайың,  
Абайың Абай демес ел бола ма?!

Күмбірлетер көкірек сарайың да,  
Туады жұлдыздарың, жана айың да,  
Өз ортаңда жүр бүгін Махамбетің,  
Өз ортаңда жүр бүгін Абайың да!

## Сырдария

(Шешем Марияш Өтениязқызына)

Жеткенше дарияға жолым – жыңғыл,  
Жыңғыл да – сұлулығы жерімнің бұл.  
Армансыз ұлы анамның құшағында,  
Мен бүгін Сырдарияда шомылдым бір!

Шалғайда жүрген біз де баланбыз деп,  
Туған жер тағдырына алаңбыз деп,  
Алатау бауырынан баламды ертіп,  
Келіп ем Ақмешітке анамды іздеп.

Анамыз – дария ғой кең арналы,  
Анамыз – қария ғой, көп арманы.  
Көбірек озғанынан кейін қалып,  
Көбірек тапқанынан жоғалтқаны.

Жарқабақты бетке алып, сонау бетті,  
Шомылып бұл дарияға Бодан да өтті.  
Басынан әкеміздің қоныс тепкен,  
Ағысты өмір көшіп одан да өтті!

Толғантты мені қолдап Тәңір тағы,  
Жүрегім дарияма таңырқады.  
Сыр бойымен ақты ғой талай толқын,  
Сыр бойынан ақты ғой сан ұрпағы.

Дариям – шежірем ғой ғасыр атты,  
Күмістей толқын ырыс шашып ақты.  
Бір толқын бір толқыннан кейін қалып,  
Бір толқын бір толқыннан асып ақты.

Дариям, жүрек қозғап өттің менен,  
Ақындық, аласұрып жеттің, кемем.  
Мен бүгін Сырда армансыз шомылдым бір,  
Шомылып, ойға батып кеттім терен.

Керегіміз – дария-анам керегінде,  
Мен енді қайта айналып көремін бе?!  
Толқынды алақаны қандай жылы,  
Осылай кім сипайды мені өмірде!?

Құсы көп, балапанды әр ұяндай,  
Уылдырық шашылған дариямды-ай!  
Толқынымен тілдестім үнсіз тұрып,  
Кім мені терең ұғар қариямдай?!

Үмітім – кеткен емес үзіп менен,  
Ойларға шомылуды қызық көрем.  
Ақын еткен дария – анам екен,  
Анамның арқасында жүзіп келем!

Толқыны – Арал-Сырдың мен келемін,  
Таралды алты Алашқа, елге өлеңім.  
Екі бірдей анамның құшағында,  
Ақыны боп қазақтың тербелемін.

Тілегі таусыла ма тірі адамның,  
Тамшыдан теңіз-ойды құрағанмын.  
Мен бүгін Сырда терең шомылдым бір,  
Армансыз құшағында ұлы анамның!

## Сыр

Таңымдай қуанышым бар осында,  
Жанымдай жұбанышым бар осында,  
Арымның шамшырағы бар осында,  
Қанымның тамшылары бар осында,  
Сезімнің дала шығы бар осында,  
Көзімнің қарашығы бар осында,  
Көңілдің көктемдері бар осында,  
Өмірдің өткелдері бар осында,  
Туған ел, шапағатың бар осында,  
Өзіне махаббатым бар осында,  
Көңілдің күрсінгені бар осында,  
Жүректің дүрсілдері бар осында,  
Тоғысар өзіңменен туды таным,  
Қолыңда – тағдырымдай жыр кітабым.  
Енді өзіңнің кеудеңде тамыр жайсын  
Жүрегімнен үзілген бір бұтағым...



**Рақымжан ТҰРЫСБЕК,**  
*профессор*

**Қазіргі қазақ поэзиясының бел ортасынан ақын Жанат Әскербекқызының есімі анық көрінеді. Жыр жинақтарынан «Сен және мен» деп басталатын бес шумақтан тұратын өлең әркімнің-ақ назарын ардарар еді. Өз жайымнан айтсам, «Сен және мен» атты өлеңді оқығалы қашан. Алғаш оқығаным да есте...**

Тіпті аталған өлеңнің («Сен және мен») тақырыбы, мазмұны, құрылымы, жолы (26), шумақтары (5), бәрі есте...

Әнші М.Түсіпбаевадан, магистрант А.Мақашқа дейін айтып-оқып, орындағандары да баршылық...

Бес шумақтан тұратын өлең «Сен және мен» деп басталып, әр шумақта белгілі бір жайттар — өмір өрімі, жастық мәні, достық сыры, сенім мен сезім, сыр сипаттары кеңінен қозғалады. Жастық кезеңнің албырт, алаңсыз, көңілсіз, көлеңкелі тұстары жыл мезгілдерімен айшықты-нақышты тұтастық құрап, кінә мен күнә төңірегінде кең өріс алады. Бірінші желі, яки алғашқы шумақ былай беріледі:

*Сен және мен,  
Арамызда сұр тұман,  
Сұр тұманның бұғауында бұлқынам.  
Сені менен,  
Мені сенен суытар  
Пенделік іс — бір күнә мен бір кінәм.*

Аталған өлеңнің бастапқы шумағы арадағы берік қамал — сұр тұман жайын алға тартады. Жұрт білетін жай тұман емес, әрине. Өлең жолының бел ортасынан орын алған «Сұр тұманның бұғауында бұлқынам» деген жолдар қатпарлы Һәм құрсаулы екенін де айқын аңғартады. Сен және мен — арада сұр тұманның бар екенін еске салады. Байыптасақ, «...сұр тұман» сыры өлеңнің кейінгі жолдарынан ашылып, арыда Һәм ертеректе болған пенделік іс — күнә мен кінә мәні айқындалып, тіпті кездесу-қауышу, құштарлық-сүйіспеншілік жолы қысқарып, бірінен-бірі алыстап-алшақтағаны, сарытап сағыныш, сенім-сезім салқын тартып, суығаны да анық-қанық көрініс береді. «Пенделік іс — бір күнә мен бір кінәм»: Сен және Мен арасына сына қағып, біріне-бірін тым қатқыл етіп, салқындатып-суытып жібереді. Сенім мен сезім, дерт пен серт те осыдан туындап жатыр. «Арулар — асыл жандар!» (М.Мақатаев), «Әйелдің жасы — он сегіз!» (Иран-Ғайып) «Әлемнің мәні — әйелде!» (Ж.Ерман) болғанымен, арада күнә мен кінә орын алған тұста, сөз жоқ «жұмбақ жанға» айнарлары ақиқат!

Екінші желі, яки келесі шумақта мынадай жолдар бар:

*Сен және мен,  
Арамызда қараша,  
Жүрек сұрар қарашадан араша.  
Біздің жайды ұғар еді-ау өзгелер  
Жылап жатқан жапыраққа қараса.*

Бұдан байқалатыны, жыл мезгілі — күздің көңілсіз, сұрғылт түсінен бөлек, қараша айының жарық дүниедегі әрбір адамның көңіл толқынын тебіреніс-тербелістерге түсіріп, жүрекке салмақ салған ауыр ахуалын алдымен айқын аңғарар еді. Оның үстіне осы жайтты бағамдап-байқап, жіті ден қояр болсақ, сөз жоқ әркім-ақ: «Жылап жатқан жапыраққа қараса» болды, «...Біздің жайды...» ап-анық танып-түстеп, кең түрде қаныға түседі. Өлеңнің бастапқы жолындағы: «Сен және мен» осыны алға тартады. Олар бейкам, жансыз да емес. «Жүрек сұрар қарашадан араша» деп адамзатқа ортақ жүрек ісін қозғайды. Бұдан басқа: «Жылап жатқан жапыраққа қараса», өткен кезең, болған жайттар да ап-анық еске түседі. Демек, достық мәні, ғашықтық ғаламаты жүрек ісін көтеріп, қозғау негізінде жастық сырын айқара ашып, барынша айқындап, сенім мен сезімді, серт пен дертті қатар алға тартады. Сенім мен сезім алға шығып, жастық Һәм достық

әнінің асқақ даусы анық естіледі. Достық туы, жастық жыры, ғашықтық ғаламаты «...Ғашық жыры — тіршіліктің көкейкесті өлеңі», «Нағыз бақыт жақында емес, қашықта» дегенде ақиқатты айқындай түсер басты бағыт-бағдар да, мызғымас негіз де, шынайы шындық та бар (М.Шаханов *Ғасырларды безбендеу. Өлеңдер, балладалар, поэмалар. — Алматы: Жазушы, 1988. — 91-бет*).

Үшінші желі, яки келесі кезекте:  
*Сен және мен,  
Қос қиырда... тіріміз,  
Жете алмадық бірімізге біріміз.  
Көкірегі сағыныштан шерленіп,  
Арамызда елші болар мұңымыз,* — деп сарытап сағыныштың мұңлы шері, мәнді-нәрлі тұстары, сырлы сипаттары айқын аңғарылады. Сен және мен:

## «...БІР ӨЛЕҢІ – БІР ЕЛДІҢ МҰРАСЫНДАЙ»

(ақын Жанат Әскербекқызының «Сен және мен» атты өлеңіндегі кінә мен күнә хақындағы толғам мен толғаныстар)

қос қиырда бар екенін айқындайды. Тіпті «Арамызда елші болар мұңымыз» деп болған жайтқа қатысты ауыр сұрақтың бар екенін де теріске шығармайды. Сол «елші-мұң» аталған өлең өріміндегі «Пенделік іс — бір күнә мен бір кінәм» деген жолды қайыра еске салады. Күнә мен кінә кілті, яки ақиқат мәні, шындық шырағы осы тұстан терең танылады. Бір өлең мың өрім құрап, толқыннан толқын туындап, кең өріске шығып, ағысты арна алады.

Төртінші желі, яки бұдан кейін:  
*Сен және мен,  
Жөн болмады-ау мұңымыз,  
Кете алмадық бірімізден біріміз.  
Өліп қалған сор-сезімді жерлемей,  
Кеудемізде табыт қылған түріміз,* — деп әлгіндегі сарытап сағыныш, енді «сор-сезімге» айналып, кеуде-көңілде «тұрақты» орын алады. «Кете алмадық бірімізден біріміз» деген жастық шақтағы «күрделі кезең» көріністері, қимастық сезім иірімдері де бой көрсетеді. Жасыратыны жоқ, тіпті «Өліп қалған сор-сезімді жерлемей, Кеудемізде табыт қылған түріміз» деп ащы шындықпен бетпе-бет келіп, ақиқат мәні айқара ашылады. Сен және мен: сенім мен сезім алдында ақиқат айнасына түседі. Шындық шырағы салтанат құрады. Ақиқат алдында «Безбенге сап күнәсі мен кінәсі» (Иран-Ғайып) айқын аңғарылады. Компос бағытын, таразы өлшемін дәл көрсетеді.

Бесінші желі, яки соңғы бөліктің түйін-шешімі ауыр:

*Сен және мен,  
Бұл жазуды не етерміз,  
Әрі жақын, әрі мүлде бөтенбіз.  
Кінәласып, сағынысып, өшігіп,  
Екеуіміз де өзге әлемге кетерміз* (Өскемен, 1999).

Өлең өрімінен «Сен және мен» деген жазудың ендігі жерде артық екені айтылады. «Әрі жақын, әрі мүлде бөтенбіз» деген ойлардың көңіл толқыны негізінде мін-сын ретінде анық көрініс беретіні де байқалады. Әрі жақын Һәм бөтен болу достық сырын, сенім мен сезімнің мәнін айқындай түседі. «Кінәласып, сағынысып, өшігіп, Екеуіміз де өзге әлемге кетерміз» деген жолдар сағым жылдар мен тұманды ойлардың мәнді-нәрлі тұстарын, қырлы-сырлы шындығын айқара ашады. Сенім мен сезім жастық шақтың сәулелі сәттерін танытса, серт пен дерт ғашықтық ғаламатының ғажап та қызық-қимас кезеңін айқын аңғартады. Ақын айтқандай: «Біреуді жақсы көрген қандай жақсы, Нұрланып кетеді екен бар айнала!» (Ф. Оңғарсынова). Немесе «Өмір-өзен ағады, Өз өрнегін салады. Бастан көшіп гүл-дәурен, Сағыныш боп қалады» (К.Жәленова).

Бұдан байқалатыны: жастық кезең, достық дастан, ғашықтық ғаламат құбылыс екенін жоққа шығару қиын...

Сонымен, ақын Жанат Әскербекқызының «Сен және мен» атты өлеңін оқып, қоғам байлығы — адамның жастық кезеңі мен достық дастаны: ғашықтық ғаламатының мың сан арналы, қырлы-сырлы сипаттардан тұратын өмір өрімінде өрілген бедерлі-бейнелі тұстарына көз жеткіздік. Бес шумақ, жиырма алты жолдан тұратын бір өлең — мың өрімнен: жастық шақ максимализмі, албырт кезең көріністерін, сенім мен сезімнің қызық-қимас Һәм сәулелі сәттерін, ғашықтық ғаламатының сан салалы сырлы сипаттарын анық-қанық көрміз. Балалық шақ, жастық кезең адамның алаңсыз, беймарал мезгілін айқындаса,

Жүрек деген — сезім ғой, сезіміме, Сезіммен кел, болмаса мазалама!» немесе «...Ақыл менен парасат бұғынады, Шынайы шын сезімге кезіккенде» деп үн қатады (М.Мақатаев). Әлгінде айтқан, Махаббаттың күдірет-күші, қазыналы биік қасиет-сыры, сүйіспеншілік сезімнің мәні ашылады. Албырт кезең, жастық шақтың қызығы көп, қызуы мол қимас-сәулелі сәттері «Жылап жатқан жапыраққа қараса», «Арамызда елші болар мұңымыз», «Кеудемізді табыт қылған түріміз», «Екеуіміз де өзге әлемге кетерміз» деген жолдар қарапайым өлең өрімі, асты-үсті ойлардың жосығы емес, керісінше албырт та алаңсыз сәттің, сенім мен сезімнің тең түскен мезетін жан жүректің мейірім-шуағы, көңіл толқынының тебіреніс-тербеліске толы

бұдан кейінгі бел-белестер есею өсу жолдарын кең көлемде көрсетеді. Жоғарыда атап өткендей, жастық кезең мен достық дастанының айқара ашылып, жарқырай көрінетін, ағысты арна алып, кең өріске шығар тұсы да осы мезгілмен дөп келеді. Әркім-ақ қайран жастық, шіркін, жиырма бес деп, бала шақтан болашаққа қадам басар тұсы да осы. Бозбала мен бойжеткеннің бойын тіктеп, қызылжасыл дүниеге қызығып та, ғашық көзбен қарайтын мезгілі де осы кезеңмен сәйкес келеді. Күнімен дала кезіп, түні бойы қызды ауылдан көз алмайтын беймаза, дамылсыз шақ достық туын жалаулатып, ғашықтық ғаламатының серті мен дертінің шеңберіне де еркін енетін-ді. Өлеңнің бастапқы жолы «Сен және мен» деп басталуы да осы кезеңнің асқақ та биік байрағындай көрініс береді. Тіпті бастапқы шумақтың соңғы жолдарындағы «Пенделік іс — бір күнә мен бір кінәм» атты тұстары кім-кімді де бейтарап қалдырмайды. Бесінші шумақтың «Кінәласып, сағынысып, өшігіп, Екеуіміз де өзге әлемге кетерміз» деген жолдар арғы арналарға тартады. Албырт шақ, алаңсыз өмірдің қызыққа тоймас беймарал мезгілін қайыра еске салады. Достық құшақтың кең өрісі, жастық шақтың қимас сәттері, ғашықтық ғаламатының қайталанбас көріністері, бәрі жан жүректі жадыратып, көңіл толқынын асқақтата түседі. Мадақ сезім бойды билеп, асқақ көңіл көкке көтеріліп, жан жүрек жалыны мен жылуы жастық шақ максимализмін еселеп арттыра түседі. Ғашықтық ғаламатының асқақтап, асыл адамның көркем бейнеге айналып, сенім мен сезімнің тебіреніс-тербелістері жүз градусқа көтерілер сәті де осы кез. Көңіл толқыны тоқтаусыз алға тартып, тербеліс траекториясы сезім күші мен сенім меридианын мың сан қозғалысқа түсіреді. Достық туы желбіреп, сенім қуаты мен сезім күшінің тоғысқан тұсы да осы. Махаббаттың күдірет күші, достық баяны, сүйіспеншілік мәні, сыйластық сыры да осыған келіп саяды. Бұдан кейінгі жерде, жоғарыда айтқандай «Пенделік іс — бір күнә мен бір кінәм» атты тұстар осы жайттың жай-жапсарын, мәні мен сырын айқындай түседі. Мұның өзі «...



тұстарымен қатар, байланыс бірлікте, сәйкестікте сабақтап, бүкпеліс-боямсыз, кедергісіз-пердесіз жүйелі жеткізеді. Ақиқатқа табан тіреп, шындық жүзіне тура қарар болсақ, «Сен және мен» атты өлең өрімі — албырт шақ, жастық кезеңнің қайталанбас көрініс, пердесіз айнасы ғана емес, сенім күші мен сезім қуатының бөлінбес бөлшегі! Махаббаттың қасиет-күдіретін кең көлемде көрсететін бір өлеңнің («Сен және мен») айбыны асқақ, айдыны кең мың өрімді өрнекті өріс; мазмұны мәнді, желісі нәрлі, қатпары калың, орамы ойлы, өмірден туған, шындыққа суарылған сирек құбылыстар қатарына жатады. Ақынша айтсақ, анығында «Мен сендерді, түсінемін жаныммен, Бір-біріне қосыла алмай кеткендер!» екені (К.Бегманов) де еске түседі.

Негізінен, «Сен және мен» атты өлең оқылды...Әлденеше рет көз жүгірттік. «Сан сауалдың жауабы бір-ақ өлең...» (Ф.Жайлыбай) екеніне де көз жетті. Тіпті «...Бір өлеңі — бір елдің мұрасындай» (М.Мақатаев) әсер-ықпал еткені де шындық еді. Ендеше, Ж.Әскербекқызының «Сен және мен» атты өлеңі албырт шақ, жастық кезеңнің қайталанбас көрінісі, махаббат мұнарасының асқақ айбыны, сенім серті мен сезім күшінің кең айдыны.

«Қазіргі заманғы қазақ романы» әдеби бәйгесі мәреге жетті. Жеті жазушы 3 миллион теңгеден, бір қаламгер 15 миллион теңге сыйлыққа ие болды. Осы конкурсты ұйымдастырған бірлестіктің жетекшісі публицист Қайнар Олжаймен сұхбат.

— Қайнар Қалиақпарұлы, сіз бен біз өткен 2025 жылдың көктемінде сұхбаттасып, өзара әңгімеміз «Қазақ әдебиеті» газетінің 16-мамырдағы нөмірінде жарияланған. Енді соны түйіндесек дейміз.

— Иә, ол әңгімеміз есімде әрі оқырмандардың зор қызығушылығын туғызып, роман жазуға деген құлшынысты еселеп арттырып бергені даусыз. Демек, «Қазақ әдебиеті» газеті де бұл әдеби бәйгені насихаттауға өз үлесін қосты деп санаймыз.

— Одан бергі бір жылға жуық уақыт ішінде «Қазіргі заманғы қазақ романы» әдеби бірлестігі байқауды қорытындылады. Меценат, ERG компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимовтің атынан қазақ тілінде жазылған жеті романның авторына 3 миллион теңгеден, ал бас жүлдегер жазушы Жүсіпбек Қорғасбекке «Кельндегі көкжал» романы үшін 15 миллион теңге табыстадыңыздар. Осы сегіз романды анықтау барысын айтып беріңізші.

— Біз сұхбаттасқан кезде ERG компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимов бес романға бәйге беретін болған. Төртеуі 3 миллион теңге, біреуі сол 15 миллион теңге көлемінде.

Содан қаламгерлердің арасындағы бұл бәйгенің шарты арнайы сайтта жарияланып, «Қазақ әдебиеті» газетінде әлгі түсіндірме сұхбат шыққан еді. Онда белгіленген мерзімге дейін бірнеше жүздеген өтінім келді. Жілігі татиды-ау деген 220 романның жобасын сыншы-сарапшыларға таразылаттық. Басында айтқанымыздай, бес роман іріктеуіміз керек еді, 220 деген цифрды естіген демеуші «тым көп талапкер шыққан екен» деп тағы екі орын қосты.

Оны сарапшылар анықтаған кезде, «арасында қыз-келіншек жазушы жоқ екен, соны тауып, қоссаңыздар дұрыс болар еді» дегені. Түскен өтінімдер арасынан әйел авторларды бөліп, сарапшыларға жеке ұсындық. Сөйтіп, сегізінші үміткер анықталды. Екеуіміздің 2025 жылғы 16 мамырдағы деректерімізге уақыттың өзі, анығында демеуші айтарлықтай өзгеріс әкелді.

Бастапқыда роман жазу сол жылғы желтоқсан айының басына дейін бітіп, қорытындысы 2026 жылғы 1-қаңтарда шығуы керек еді. Ал сегіз үміткер 2025 жылғы 1-тамыздан жазуға отырғандықтан оларға 2026 жылғы 1-наурызға дейін мүмкіндік берілді. Сөйте тұра желтоқсан айынан бастап біткен романдар келе бастады. Соңғы романның қолжазбасы 2026 жылы 27-ақпанда қолға тиді. Дегені біз жағынан сарапшыларға, екінші жағынан баспаға жөнелтілді. 28-наурызда сарапшылардың бағасы жинақталды. 31-наурыз күні жеті қаламгерге 3 миллион теңге, бас жүлдегерге айтылған 15 миллион теңге табысталды. Қысқаша айтқанда, жұмыс барысы осындай болды.

— Жүлде тапсыру күні қазақ әдебиеті үшін айтулы күн болды ғой. Оған біздің Қазақстан Жазушылар одағы белсене қатысты емес пе?

— Айтары жоқ. Сегіз автордың көпшілігі — Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Сол сияқты салтанатқа қатысып, жүлде тапсырушылар арасында Қазақстанның Халық жазушысы Бексұлтан Нұржеке, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып, филология ғылымдарының докторы, белгілі сыншы Бекен Ыбырайым болды. Мереке Әбдешұлы бас жүлдені жазушы Жүсіпбек Қорғасбекке өз қолымен тапсырды. Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегман құрметті қонақтар ортасында болды. Одақтың белді қызметкері жазушы Бейбіт Сары-



## БІР БАСТАМАДАН СЕГІЗ РОМАН

бай осы шараны жүргізді, әрі Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатын оқып берді.

Одан басқа Мемлекеттік кино-фото және дыбыстық жазбалар архивінің директоры Ілияс Ысқаков, Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхананың директоры Ғазиза Құдайбергенқызы, «Қазығұрт» баспасының иесі, ақын Темірғали Көпбай салтанатты кеште сөйлеп, бір-бір жүлдені иесіне ұстатты. «Қазығұрт» баспасы осы кітаптарды желдел оқырмандарға ұсынғанын айта кеткен дәлізім. Қуаныш Жиенбайдың «Аралқұмдағы ақырғы аялдама», Қуат Бораштың, «Тәубе», Думан Рамазанның «Сынақ», Нұржан Қуантайұлының «Опасыз ойын», Жүсіпбек Қорғасбектің «Кельндегі көкжал», Асқар Алтайдың «Каскад», Мұрат Алмасбектің «Екі жағалау», Айым Ақылтайдың «Қарыз» романының әрбірі 1000 данадан жеке-жеке шықты. Оны да демеуші өз қаражатына бастырып берді. Әр кітаптың 750 данасы Ұлттық кітапхана арқылы республиканың кітапханаларына жіберіледі. Ендеше, кітапханаларға тіркеліп, оқырман болуға асығу керек.

— Сонда әрбір автор өзінің бір мың дана кітабын алды ма?

— Жоқ. Салтанаттау рәсімін «Қазіргі заманғы қазақ романы» әдеби бірлестігі Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхананың серіктес болып ұйымдастырған. Сондықтан әрбір романның 750 данасы баспадан бірден Ұлттық кітапханаға жеткізілді. Ол әрі қарай Қазақстан Республикасындағы барлық кітапханаларға таратады. Демек, қазақ даласының әр қиырындағы оқырмандар осы жүлдегер сегіз романды оқуға мүмкіндік алады. Сонда авторлардың қолына ақысыз-пұлсыз 200 данадан астам кітабы тиді. Ұлттық кітапхананың директоры Ғазиза Құдайбергенова жас автор Айым Ақылтайға жүлдені табыс еткенін айта кетейін.

— Бәйгенің демеушісі Шухрат Ибрагимов қазақтың қалам ұстаған қауымына осыншама көл-көсір жақсылық жасаған екен. Оның себебі неде деп ойлайсыз?

— Бұл жөнінде ERG компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимов сегіз авторды арнайы құттықтаған хатында біршама айтқан болатын. Оны кеште әдеби бірлестікті құрушылардың бірі әріптесіміз Арман Сқабылұлы оқыды. Шухрат Әлиджанұлы 2025 жылы айтулы қаламгеріміз Төлен Әбдіктің қазіргі қазақ әдебиеті туралы терең толғанысымен танысыпты. Одан кейін үлкен жазушымыз Дулат Исабектің өмірден өтуіне қайғырған екен. Осындай оқиғалар оны жазушыларды қолдау керек деген ойға алып келген. Сол хатында алда да осы бәйгенің демеушісі бола бермек ниетін жеткізді.

— Сіздің сегіз романды толық оқып шыққаныңыз анық. Ол романдарда осы заманға сай қандай жаңалықтар бар?

— Негізі мен оны айтпауым керек. Өйткені әрбір оқырман өзі тауып, қызығып оқығаны жөн. Сонда да сұрап қалған екенсіз, шет жағалап ғана екі-үшеуіне тоқталайын.

Бас жүлде алған жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің «Кельндегі көкжал» романы ХХІ ғасыр басында Қазақстан үшін өте өзекті болған шетелге бала сату проблемасына арналған. Бұл — телевизияда жиі айтылғанымен (*Жанар Байсемізованың, Қымбат Досжанның жобалары*), көркем шығармада көп кестелене қоймаған тақырып. Романның ішін автор «новелла» деп жіктеген. Екі ұрпаққа қатысты оқиғалар Қазақстан мен Қытай арасындағы шекарадан бастап баяндалады. Романның негізгі өзегі Динасыл — Диего деген баланың шетелге саудаланып кетуіне арналған.

Үшінші, ақтық бәсекесі барысында жазылған белгілі жазушы ағамыз Қуаныш Жиенбайдың «Аралқұмдағы ақырғы аялдама» романындағы оқиғалардың нақты жағырапиялық орны бар. Ол — Арал өңіріндегі Байқоңыр ғарыш айлағының іргесіндегі шағын станса. Станса Сұлутам темір жол депосының қарамағында. Романда кейіпкерлер классикалық түрде «жағымды» және «жағымсыз» ретінде сомдалған. Жағымды кейіпкерлер — аралқұмдық қарапайым теміржолшылар Мөнкебай, Ишанқұл, Мергенбай, жергілікті жағдай мен елдің, әлемнің даму бағытынан хабардар Жарылқасын, Дүйсенбай, Тойлыбай және басқалары. Аралқұмдағы теміржолшылар тобына ұдайы қарсы шешім қабылдап, теріс әрекеттер жасайтын жағымсыз кейіпкер — Сұлутам депосының бастығы Аспандияр Нұрмаков. Осы заманғы технологиядан романда дрон көрсетілген. Стансаға дрон әкелген Жарылқасын тіпті, шұбат сатушы Шырынкүлдің жоғалған түйелерін тауып береді.

Қуат Бораштың «Тәубе» романы қоғамдағы өте асынып тұрған діни экстремизм мәселесіне арналған. Сондықтан қалың оқырманның қызығушылығын туғызатыны анық. Жастардың бұл бағытқа түсіп кетуінің себептері — қала мен ауылдағы жұмыссыздық, балалардың жартылай отбасыларда өсуі, мәдени-ағартушылық салаларының ақсап жатуы айтылады.

Жә, осы үшеуімен тоқтай тұралық. Оқырманға да бірдене қалсын.

— Қайнар Қалиақпарұлы, жеті белгілі жазушының арасына аты танымал емес жас жазушы Айым Ақылтайдың бар екенін көрдік. Ол туралы айтуыңыз керек шығар...

— Оны айтайын. Айым Ақылтайдың «Қарыз» романы үш тағдырды өрім түрінде араластырып жазылған. Басты

кейіпкері Халиданың оқиғалары ХХІ ғасырдың 20 жылдарының ортасында өтеді. Демек, бұл — конкурстың шартына сай келетін нағыз қазіргі заманғы қазақ романы. Шығармада қазақ әйелдерінің тағдыры басты тақырып етіп алынған. Кейіпкерлердің бірі күйеуінің өктемдігіне көнсе, екінші ұрпақ оған көне алмайды.

Халиданың анасы — Сағаш, оның оқиғалары 1988—86 жылдардан бастап баяндалады. Сағаштың Галәк деген бауыры мен Үмәй деген сінлісі бар. Олардың көршілері студент жігіт Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне қатысып, ауылға қашып келіп, асылып қалады. Сол түні қорыққан бауыры мен сінлісіне Сағаш ертек айтып береді. Ертектің өзі әдемі шығарма сияқты: «Киелі шаңырақтың үш тірегі болыпты. Олар ауласындағы асқар таудай алып бәйтерек, төрдегі маздаған алтын жылың және бұрыштағы көне күміс ұршық...»

Сағаштың Бакыт, Анна атты құрбылары бар. Бәрі педучилищеде оқиды. Айтас деген жігіт Бакыттың аяғын ауыр етеді, бірақ оған үйленбей ауылына Сағашты алып қашып кетеді. Бакыт босанған соң сәбиін Айтастың үйінің алдына тастайды. Оны Сағаш асырап алады. Сол үшін Айтас үнемі таяқ жейді, енесінен сөз естиді. Осы сәби Халида болатын.

Бакыт кейін бизнеспен айналысып, тұрмыста табысқа жетеді. Бір рет Халиданың дауысын есту үшін телефон соғады, бірақ өзі жауап бермей, байланысты үзе салады. Бір күні көмекшісі арқылы Халиданың Алматыда психология факультетіне оқуға түскенін естиді. Халидаға бірнеше рет электронды хаттар түседі. Оны да Бакыт жазған екен.

Романда әрбір тараудың басына оқиғаның өткен жері мен жылы көрсетілген. Өйткені Сағаш пен Халиданың, Бакыттың тағдырлары араласып жазылған. Мұның өзі романды шытырман етіп, оқырманды ынтықтыра түседі. Әрбір тараудың өз эпиграфы бар. Ол — автордың жеке пайымдаулары.

Айым Ақылтай жас жазушы болса да әрі бұрын роман жазбағанымен бұл конкурста жарқырай көрінді дей аламыз. Өз қатарластарымен бәйгеге түссе, сөзсіз бірінші орында тұрар еді.

— Қайнар Қалиақпарұлы бұрын-соңды болмаған мұндай конкурсты ұйымдастырғаны үшін «Қазіргі заманғы қазақ романы» әдеби бірлестігін құрған азаматтарға рақмет айтамыз.

— Осы бәйгені үнемі назарда ұстаған, жеңімпаздарды марапаттауға белсене қатысқан Қазақстан Жазушылар одағы мен оның басты басылымы «Қазақ әдебиеті» газетінің басшылығына біз де алғыс білдіреміз.

Халықаралық театр күніне орай Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры 10-15 ақпан күндері аралығында «ÚZDİK – 2026» деп аталатын II театршілік фестивалін өткізді.

Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының қолдауымен және театр директоры Сағынтай Көпжасаров пен көркемдік жетекші Темірбек Мұхтаровтың ұйымдастыруымен екінші мәрте өткізіліп отырған бұл театр фестивалінің басты мақсаты – бір маусым ішінде жарық көрген жаңа қойылымдар арқылы репертуарлық саясаттың бағыт-бағдарын айқындау, актерлік өнердің даму деңгейін сараптау, режиссерлік ізденістердің ауқымын таразылау.

Быттырғы театр фестивалінде үш қойылым көрсетілсе, биылғы жылғы фестивальдің ауқымы кеңейтіліп театр ұжымы көрермендер назарына У.Шекспирдің «Асауға тұсау» (реж. Г.Қамысбаева), А.В.Сухово-Кобылиннің «Іс» (реж. Б.Абдураззаков), М.Майенбургтің «Урод» (реж. Д.Базарқұлов), А.Ихсанның «Қасым хан» (реж. Е.Нұрсұлтан), А.Володиннің «Кездесу мен қоштасу» (реж. Ж.Телтаев), А.Казанцевтің «Жоғалғандар» (реж. Д.Базарқұлов), Қ.Мұраттың «Қуыршақтар» (реж. С.Махсотов), М.Алғожаеваның «Сіз кімсіз?» (реж. А.Орынбай) қойылымдарын ұсынды.

Фестиваль шымылдығы неміс драматургі Мариус фон Майенбургтің «Урод» (ауд. Ә.Байбол) қойылымымен ашылды. Режиссер спектакль жанрын «драма-шоу» деп анықтап, өзінің менінен ажырап, адами құндылығын жоғалтқан Леттенің жан жұтандығын көрсетуді мақсат еткен. Қойылым сценографы А.Говязиннің, жарық суретшісі А.Макаровтың, видео-дизайнер М.Степанованың, хореограф А.Құнанбаеваның жұмыстары режиссерлік шешімге бағындырылып, басты идеяны ашуға бағытталған.

Қойылымның барлық оқиғасы өнертапқыш-ғалым Леттенің актер Асланбек Жанбалаев төңірегіне құрылып, оның рухани дағдарысқа тап болуы суреттелген. Леттенің сыртқы келбеті, яғни дудыраған шашы мен қоңқиған мұрны, қаудырлаған сулыққа ұқсас киімі, аяғындағы салпылдаған кебісі сайқымазақтан айнымайды. Актер Леттенің бетіне ота жасатқаннан кейінгі жан дүниесіндегі өзгерістерді режиссер талап еткен жеңіл ирониямен беруге күшін салды. Ол өз болмысы мен рухын жоғалтқан адамның ұсқынсызға айналып, бұрынғы қалпына келуді армандайтын сәттеріндегі үндікдыбыстық бояуларын да тапқан. Бірақ актер әлі де болса суырып-салмалыққа көбірек барып, психологиялық ойын үрдісімен емес, жанр табиғатына сай өнер көрсету жағына көбірек мән бергені жөн.

Қойылымның динамикалы өрбуіне ерекше ықпал еткен кейіпкердің бірі Бақытжан Утеғалиев сомдаған Шефлер бейнесі болды. Біресе дәрігерге, біресе кәсіпкерге айналатын Шефлердің тез құбыла қалатын көңіл күйін актер шеберлікпен жеткізді. Айналасындағы адамдарды уысынан шығармай басқара алатын кәсіпкердің сөз сөйлеуі мен

қимыл-әрекеттерінде сатиралық бояу басым шықты. Дегенмен де, қойылымда ойнаған актерлердің көпшілігі режиссер талап еткен ойын мәнеріне жете бойлай алмаған.

Д.Базарқұлов бұл қойылымда пьеса кейіпкерлерінің әлеуметтік ортасын карикатуралық-клоунадалық тәсілмен шешкен. Ол қойылымның сыртқы пішінін де осы тұжырымын жүзеге

— өткен маусымда театр репертуарына келіп қосылған Асылбек Ихсанның «Қасым хан» пьесасы. Бұл тұста автор мен театрдың ұлтымыздың ұлылығы мен қайталанбас өмірін суреттейтін сахналық шығарма жасаудағы мақсат-мұратын қолдауға болады. Бірақ пьесада оқиғаның тұтастығы мен шынайы тартыстың болмауы қойылымның көп көрінісін солғындатып жі-

Режиссер спектакльдің динамикалы жүруіне айрықша мән берген. Көпшілік сахналарындағы актерлер жаумен шайқас кездерінде тез қимылдап, пластикалық икемділіктерімен көзге түсті. Бұнда сахна сайысын қойған Еркін Мекебаев пен хореограф Мөлдір Қасымның еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Қойылым суретшісі Мұрат Сапа

# «ÚZDİK – 2026» II театршілік фестиваль

асыру үшін оңтайлы ойластырған. Бірақ өзі тапқан сахналық пішінді актерлердің ойыны арқылы өрнектей алмаған. Нактылап айтқанда, орындаушылар режиссер ұсынған постдрамалық ойнау әдістерін игермеген.

Фестивальде көрсетілген А.Казанцевтің «Ағайындылар және Лиза» драмасының желісімен жазылған «Жоғалғандар» (ауд. Қ.Төлеуішов) деп аталатын спектаклін де Д.Базарқұлов қойған. Режиссер қай шығарманы қолына алса да тың сахналық идея, басқаша көркемдік үлгі-үрдіс, көзіміз үйрене қоймаған пластикалық шешім қарастырады. Бұл қойылымнан да режиссердің сол ниетін байқау қиын емес. Спектакль оқиғасы сахнаның үстіне жайғасқан көрермендердің көз алдында ойналады. Кейіпкерлер терең төртбұрыш шұңқырда әрекет етеді. Бірақ режиссер спектакль жанрын перформанс деп көрсеткенімен де, қойылым оның талаптарына сәйкес шықпаған. Бір сөзбен айтқанда, перформанс болу үшін уақыт, орын, актерлердің денесі және көрерменмен қарым-қатынас бірлігі сақталуы керек. Екіншіден, драматургиялық мәтін болмайды, оқиғаның мағынасы сол сәтте туындауы тиіс. Үшіншіден, көрермен мен актерлер арасындағы шекара алынып, көрерменнің өзі қатысушыға айналады. Ал «Жоғалғандар» қойылымы драматургиялық шығарманы өзек еткен. Мұнда нақты қатысушы кейіпкерлер бар. Актерлер (Б.Зиннулин – Актер 1, Б.Утеғалиев – Актер 2, Н.Аралбай – Актриса) өз кейіпкерлерінің жан дүниесіндегі сезім шарпылыстарын психологиялық тереңдікпен ойнады, яғни қойылым перформанс деп аталғанымен де, оның талаптарына сәйкес емес.

Фестиваль аясында кіші залда көрсетілген Қ.Мұраттың «Қуыршақтар» (реж. С.Махсотов) және М.Алғожаеваның «Сіз кімсіз?» (реж. А.Орынбай) қойылымы көрерменді елең еткізетін дәрежеге көтеріле алмады. Бұрын спектакль қойып көрмеген актерлер Азамат Орынбай мен Сағыныш Махсотовтың лабораториялық жұмыстарын құптағанымызбен, режиссураға бару үшін өте көп ізденістің керегін жасыра алмаймыз. Біз екі қойылымнан да жаңалықтың нышанын байқамадық.

Бүгінгі таңда қазақ драматургиясында еліміздің ұлы тұлғаларына қатысты пьесалар жазу жалғасын тауып жатыр. Сондай туындының бірі



берген. Драматург басты қайшылықты Қасым хан мен Мұхаммед Шайбани арасындағы қақтығыстарға құруға тырысқанымен, Қасым ханның ел мен жердің тұтастығы, теңдік пен тәуелсіздік жолында арпалысқан ұлы істері драматургия заңдылығына сай өрбімей қалған.

Спектакль режиссері Елік Нұрсұлтан пьесада кеткен олқылықтардың орнын толтыра алмаса да Қасым ханның даралық келбетін ашуды мақсат еткен. Ол ханның қолбасшылық қыры мен ержүректігінен бөлек, адами қасиеттері мен Шәпи Бануға деген ғашықтық сезімін көрсетуге ден қойған.

Қасым хан рөліндегі Ғазиз Сұраппаевтың сыртқы келбеті тартымды. Актер алғашқы сахнадан бастап өз кейіпкерін мейірімді, жұмсақ жүректі адам етіп бейнеледі. Бірақ ел мен жер тағдырына қатысты сындарлы сәттерде қолбасшыға тән өткір мінез бен ішкі рухтың күштілігі актерлік ойыннан байқалмады.

Ал Мұхаммед Шайбани бейнесін сомдаған Мырзабек Мақұлов бастапқы сахналарда өз кейіпкерін даңғойлау, ақылсыздау етіп көрсете келіп, кейінгі көріністерде оның таққұмарлығы мен әккілігін нанымды ашты.

Қойылымдағы басты желінің бірі Қасым ханның жүрегінен орын алған Шәпи Банумен тығыз байланысып жатыр. Бұл рөлдегі Ш.Күзембай ойынынан кейіпкердің өсу, түрлену сәттерін көре алмадық. Актриса қойылым басында қалай болса, соңында да баяғы қалпынан өзгерген жоқ.

Спектакль жанрын мелодрама деп анықтаған Ж.Телтаев бірін-бірі жақсы көріп тұрса да түрлі себептермен ажырасуға дейін баратын ерлі-зайыпты бірнеше жұптың шаңырақтарының шайқалу себебін ұтқыр шешімдермен көрсеткен. Бүгінгі қоғамда ажырасу — тек біздің елімізде ғана емес, басқа мемлекеттерде де алдыңғы ке-

Аталған театрда бірнеше жылдан бері тұрақты жұмыс жасап, республикамыздағы жас буын режиссерлердің алдыңғы легінен көрініп жүрген Жанат Телтаевтың режиссурасымен жарық көрген А.Володиннің «Кездесу мен қоштасу» (аударған А.Маеміров) қойылымын көрермендер сүйсіне тамашалады. Режиссер қазіргі күнде бірнеше театр сахнасында жүріп жатқан бұл пьесаның өзге театрлардағы шешімдерін қайталамай, өзіндік тұжырыммен келіпті.

Спектакль жанрын мелодрама деп анықтаған Ж.Телтаев бірін-бірі жақсы көріп тұрса да түрлі себептермен ажырасуға дейін баратын ерлі-зайыпты бірнеше жұптың шаңырақтарының шайқалу себебін ұтқыр шешімдермен көрсеткен. Бүгінгі қоғамда ажырасу — тек біздің елімізде ғана емес, басқа мемлекеттерде де алдыңғы ке-

зекте тұрған өзекті мәселенің біріне айналып отырғаны жасырын емес. Статистика бойынша, Қазақстанның ажырасу жағынан әлемдегі ондықтың ішіне кіретіні – алаңдататын деректердің бірі. Сондықтан театрдың аталмыш тақырыпты дер кезінде қозғап, көрерменмен бірге осы сұрақтың жауабын іздеуін ерекше бөліп айтқан орынды.

Спектакльде өнер көрсеткен актерлер – Сот (*Периште*) – М.Макулов, Сот (*Ibilib*) – Л.Нұркенқызы, Катя Лаврова–Б.Камешова, Митя Лавров – Д.Серікұлы, Давид Керилашивили – А.Жангельдиев, Лариса Керилашивили – Д.Марат, Ларисаның анасы – Н.Аралбай, Никулин – Е.Жұматов, Никулина – А.Мұхтарова, Ирина – Т.Аманғалиева, Беляев – Е.Ертелеуов, Беляева – Ш.Рамазанова, Миронов – Б.Өтеғалиев, Миронова – А.Қабдешова, Шумилов – С.Махсотов, Шумилова – Г.Рысқали, Валера – А.Жұмағалиев, Әйел – Ғ.Бисенова, Эрос – М.Маңғыстауов өз кейіпкерлерінің қыр-сырын, ой-толғамдарын, ішкі сезімдері мен тебіреністерін жеткізуге күштерін салды. Режиссерлік шешімде гротескілік тәсілдердің көп пайдаланылуы барлық актердің ойынына ықпал еткен. Сондықтан да әрбір жұптың сот алдына келген сәтіндегі іс-әрекеттерінде ирония мен сарказм басым болды. Режиссердің әжуаға көп мән беруі актерлердің шамадан тыс еркінсіп, рөл шеңберінен сәл ауытқып кетуіне алып келген.

Қойылымда әйел рөлін сомдаған Ғ.Бисенова өз кейіпкерінің психологиялық жай-күйін терең ашып берді. Актриса Катя мен Митяның үйін көруге келген кездегі әйелдің жастық шақта жіберген қателіктері мен орны толмас өкініштерін көзіне тұнған мұңмен және іштей қобалжу кездеріндегі сезім арпалыстарын дәл беру арқылы көрсетті. Режиссердің қойылым композиторы Шәмші Күзембаймен бірлескен жұмысы кейіпкерлердің нәзік сезімдері мен эмоциялық әсерінің музыка көмегімен ашылуының басты тетігіне айналған. Кейбір актерлердің «Gazhar band» кавер тобының сүйемелдеуімен жанды дауыспен ән салуы да қойылымның лирикалық әсерін күшейте түскен.

Спектакль суретшісі Т.Мұхтаров, киім суретшісі Б.Мусина, дыбыс беруші Ж.Төлепқалиев, жарық беруші Ғ.Жапаров, бейне контенттер режиссері Ә.Ақбаев, балетмейстер К.Мұқатанова да режиссерлік тұжырымның жүзеге асуына мол үлес қосқан. Осындай шығармашылық топтың бірлескен жұмысының нәтижесінде спектакльдің айтар ойы айқын шығып, идеялық-тақырыптық жағынан көрерменнің әралуан тобына ұсынуға тұрарлық көркем дүние дәрежесіне көтерілген.

Фестивальдің көрігін қыздырып, сәнін келтірген алыс-жақын шетелдерге кеңінен танымал тәжік режиссері Барзу Абдуразақовтың «Іс – №20/25» қойылымы болды. Белгілі орыс драматургі А.В.Сухово-Кобылиннің «Кречинскийдің үйленуі», «Іс», «Тарелкиннің өлімі» атты трилогиясы еліміздегі орыс театрларында жиі қойылғанымен де, қазақ театрларының репертуарынан көріне бермейді.

Патшалық Ресейдің бюрократиялық



жүйесін өткір сынаған драматургтің аталған трилогиясының ортаңғы бөлімі «Іс» (*ауд. Ә.Дәулетбаева*) пьесасын режиссер жаңаша өңдеп, кей тұстарына ерекше екпін беруден көп ұтқан.

Қойылым басталғанда оқылатын хатты (*Кречинскийдің*) режиссер шенеуніктердің квартетіне бөліп берген. Бұл драматургиялық қақтығыстың мәнін арттырып, оқиғаның дамуы мен екпін-ырғағының серпінді болуына ықпал еткен. Бұдан кейін сахнаға шығатын Мұрат – Е.Жұматов пен оның қызы Гүли – Т.Аманғалиева екеуінің әңгімесінен әділдік үшін күрестің жалғаса беретіні айтылады.

Мұрат рөліндегі Е.Жұматов паракорлық пен жағымпаздық жайлаған ортада қызының кінәсіздігін ақтай алмай қор болған оқымысты адамның күйзелісін нанымды ашты. Жоғары шенді басшыларға барын беріп, ешқандай нәтижеге қолы жетпеген соң олардан жоғары бастыққа шағым жасайтын көріністе актер өз кейіпкерінің ішкі жарылысын шынайы бейнеледі. Шеке тамыры бүлкілдеп, екі көзі жасқа толып қызы үшін жалбарынған әкенің шарасыз хал-күйін шеберлікпен жеткізді.

Үлкен бастықтың қабылдауына барған қарапайым адамның қорлық пен зорлыққа тап болып, далаға лақтырылуы, шенділердің халық үшін емес, өздерінің қара бастары үшін қызмет жасайтыны бүкпесіз көрсетілді.

Режиссер тарапынан кіргізілген Рух сахнадағы оқиғаларды тұжырымдап, көтерілген тақырыптың философиялық астарын ашуға көп көмегін тигізді. Бұл рөлді сомдаған Г.Көшербаева кейіпкердің «Үй туралы», «Қуаңшылық туралы», «Соқыр мен сызат туралы», «Тау шыңындағы адам туралы» деген қысқа әңгімелерін аса шеберлікпен орындады. Рухтың әрбір монологы өтіп жатқан оқиғаға режиссердің суреткерлік көзқарасы мен өзіндік позициясын айқын ашқан.

Кейіпкерлерді даралауда, оның әрқайсысының алып жүрер жүгін белгілеп беруде, мизансценаларды құруда режиссерлік көрегендіктің іздері жатыр. Бейнелердің ашылуы мен дамуында жинақы әрі динамикалық тартыс бар.

Қойылымда ойнаған актерлер – Сара ханым – Ш.Рамазанова, Иманжан – С.Махсотов, Садық – А.Орынбаев, үлкен басшы – Б.Зинуллин, Барқабай Қошқарұлы – А.Жангельдиев, Елубай Мыңбайұлы – А.Жұмағалиев, шенеуніктер – Р.Ғабитұлы, Е.Қисметов, Е.Есенов өз кейіпкерлерінің әлеуметтік ортасын, қоғамдық жағдайын терең зерттеп бір-біріне мүлде ұқсамайтын бейнелер сомдады.

Қойылым суретшісі М.Мәмбетов авторлық ремаркаға сүйене отырып, сахна кеңістігін қиял көкжиегімен көркейте алған. Негізгі оқиға өтетін орын басты кейіпкер Мұраттың үйінде, сол үйдің талғаммен безендірілген бөлмелерінде және шенеуніктер кабинетінде қойылған үстелдер арқылы көрсетілген. Зәулім үйдің есіктері мен терезелері оқиға барысына қарай әртүрлі мағынада құбылып тұрады. Ал бөлме қабырғаларына ілінген суретші И.Репиннің «Волгадағы бурлақтар» полотносы мен Мао Цзэдунның портреті және сөрелерге қойылған папкалардағы әртүрлі істер қойылым идеясының ашыла түсуіне ықпал еткен. Кейіпкерлердің киім үлгілерінің бүгінгі заманмен үндес болуы да сахнадағы оқиғалар біздің замандастарымыздың басынан өтіп жатқандай әсер қалдырады.

Жинақтап айтқанда, театр фестивалінің ажарын ашқан бұл спектакль қоғамымыздың күрделі мәселесіне көңіл аудартып қана қоймай, жаһандану кезеңіндегі адамзат өркениетінің құлдырап, адамгершілік пен гуманизмнің құрдымға кетіп бара жатқанына көпшіліктің назарын бұрады.

Фестиваль шымылдығы У.Шекспирдің «Асауға тұсау» спектаклімен жабылды. Театрда бірнеше жылдан бері тұрақты жұмыс жасап келе жатқан ізденімпаз жас режиссер Гүлназ Қамысбаеваның әлемдік драматургияның алыбы У.Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясы бойынша қойған спектаклі ерекше атмосферасымен, мықты түзілген актерлік ансамблімен, бейнелердің жарқындығымен есте қалды.

Шымылдық ашылған кезде сахнаны көлбей жатқан ұзын көпір көзге бірден

түседі. Режиссер мен суретші Тимур Коесов қойылымның өн бойында осы көпірдің асты мен үстін параллель ойнатып, оқиғалардың аса динамикалы өрбуіне оңтайлы қолданған. Айталық, Петручио мен Катаринаның ең бірінші кездесетін сахнасында жігіт көпірдің үстінде, қыздың сол көпірдің астында әрекет етулері шығарманың идеясын сай шыққан. Режиссер бұл мизансцена арқылы қоғамдағы ер азаматтардың отбасындағы орнын айқын көрсеткен. Сол сияқты әрбір көріністе (*Баптистаның үйі, т.б.*) оқиғаның қай жерде өтіп жатқанын көрермен қиындықсыз түсініп отырады.

Қойылым прологында Баптистаның қыздары әкелеріне «қызық оқиға» ойнап беретінін хабарлай салысымен сахнадағы оқиғалар жоғары екпінмен дами жөнеледі, яғни әкесі қыздарын еріксіз тұрмысқа беретін болса, Катаринаның қандай күйге тап болатыны және Бьянкаға ғашық жігіттердің күлкілі әрекеттерінің барлығы да Баптистаның аяғына «тұсау салу керек» деген ниетте ойналады. Бірақ режиссер Баптистаны алдыңғы кезекке шығара алмаған. Ол эпизодтық деңгейде ғана бір-екі жерде жылт етіп көрінеді. Режиссердің бұл шешімі комедия оқиғасына нұқсан келтірмесе де, басты идеясының бұрмалануына ықпал еткен. Содан барып, Петручионың Катаринаға салатын «тұсау» қойылымда екінші қатарға кетіп қалған. Соған қарамастан, Шекспир шығармаларында ойнау барлық сахнагерлердің арманы екенін ескерсек, режиссердің театр актерлеріне осы мүмкіндікті бергенін айрықша атап өтеміз.

Спектакльде Катарина – Г.Көшербаева, Петручио – Н.Съезхан, Баптиста – А.Серикбаев, Бьянка – Т.Аманғалиева, Венченцио – М.Макулов, Гортензио – А.Жангельдиев, Люченцио – Р.Каденов, Транио – А.Жұмағалиев, Греммо – Е.Қисметов, Бьонделло – А.Орынбаев, Грумио – Е.Есенов, Кертис – Ж.Жасталапов, Тракторшы әйел – Д.Марат, Никлас – А.Қойшығұлұлы және көпшілік сахнасындағы актерлер әнді де, биді де және жонглерлік, буффонадалық көріністерді де емін-еркін орындады.

Көңілді комедияның ажарын кіргізуге режиссермен бірлесе жұмыс жасаған жарық беруші Г.Жапаров, суретші Т.Коесов, композитор Р.Құлбарақ, пластика режиссері Ш.Мұстафина, хореограф А.Есенғалиева, музыкамен көркемдеуші Ж.Төлепқалиев елеулі үлес қосқан.

Бұл қойылымнан кәсіби өнерге тән сахна мәдениетін, режиссер мен актерлердің тандемін, театрдың күрделі драматургиялық туындыны меңгере алатын шығармашылық өресін байқадық.

Қорыта айтқанда, Атырау төрінде бір аптаға созылған сахналық өнер сайысы өзінің биік мәресіне жетті. Бұл театршілік фестиваль уақыт ағымына қарай, театр ұжымының жаңа ізденістерге батыл барып отырғанын айқындап берді.

**Бақыт НҰРПЕЙІС,**

*өнертану докторы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, театртанушы*



Асқар АЛТАЙ

Шағала қанат шындар сәулеленді...

Санасында шың ұшарының қызара сәулеленгеніне таңырқап жатты. Теннис шарындай домаланған жүзінен жанары бірақ ашылмады. Қарашығын қою қараңғылық бүркепті... Білектей резінке келтек соққысынан қара сан мен қар еттері қақсап, темір үтік қарыған жауырыны жанып барады.

Жалын ұрған жұлын-тұтасы әсерінен әлдене уақ талықсып кетті. Жанары жарықты сезінбесе де, Алатау шындары сана сүзгісінен сейілмей-ақ қойды. Аяусыз соққыға жығылып, есінен танған сәтте шың жүзін жалай жүзген қанды арай санасын себезгілей қыдырған-ды... Неге екенін бұл түсінбей дал. Шың ұшын таутекедей текіректеп кезетін шұғыла санасын салдуарын қылды.

Есін жиып, жарық дүниеге қайта оралғанда нарктүрең әлем жым-жылас жоғалып, дүние қапас тартып қоя берді. Санасында сұлбаланған қанжоса шындар да сая таппай қалды... Сына шындар сана жықпылына жылымдай жұтылды. Қаракөленке қапаста жатқанын сонда ғана анық сезінді.

Жұмық жанары ашылар емес. Зорлана қимылдап көрді. Сол-ақ екен, тұла бойы тоқ соққандай зырлап қоя берді. Ауырына шыңырсыды. Жан дауысы шығып кетті.

Өз дауысынан өзі қорланды. Азу тістерін опырардай жағын қасара тістенді. Қақпанда сирағын шайнаған бөрідей құмықты. Намысы шабақтап, дыбысын шыңғармауға тырысты. Қасындағы қу жанары қинаған, жауырынына үтік басқан пенделер де үнсіз... «Неге?» деген ой келді. Әлде мұның тәнін басқаша қорлауға ойланп тұр ма екен?.. Жанын жаһаннамға қалай жібереміз деп «қиналып» тұр ма екен?..

Қасарысқан күйі мырс етті!.. Сірескен жаны жай тапқандай болды. Олар баяғыда-ақ «жоктауын асырдық» деп тайып тұрса керек.

Бала кезінде сирағын ошақтағы ыстық қоламтаға тығып алғанда жанын қоярға жер тапқызбаған сұмдық шошымал, сана түкпірінде ғұмыр бойы сақталып қалған сол бір сұрапыл сезім тағдыр айдап тағы қайталады... Полиция жігіттері жендетше үтіктеген жауырыны жалын атып жана берді. Қырық тоғыз мүшелге иек артқан атпал азамат осы жасқа дейін азаптаудың талай түрін көрсе де, тап мынандай үтікпен қарып, қызыл терісін қолдыратқанды кешпепті.

Ал дәл қазір жаналғыштардай жабыла тепкілеп, жаны мен тәнін қуана қинаған жандар бір уақ үнсіз бола қалыпты. Әлде, олар кетіп қалды ма екен? Арада қанша уақыт өтті? Шамасы, көп уақыт өткен-ау?! Құлаққа ұрғандай тыныштық орнапты.

Оң жақ бүйрек тұсы тастай ауырлап, жер тартып, сыздай қақсайды. Полиция майорының «берцы» бәтіңкесі ондырмаса керек. Етпеттеп жатқан дененің жауырын қақпағы бетін жалын жалап тұрғанда, бүйрек ауырғаны еленбей де қалды. Түркияның «Белек» жағажайында күнге оқыс күйген жауырыны бір алаулап еді-ау!.. Саумалдай суға шомылып, риясыз қыздырылған мамыражай күндер қайда? Ол да бір сағыныш! Ол да бір алданыш!

Жауырыны жанын суыра оттай жанды.

\* \* \*

Камераға келгендерді дауысынан айырды. Полиция майоры бұған еңкейіп:

— Жаның ұяда ма? Ә-ә, ұяда... Ұяңды бүгін бұзам. Быт-шыт қылам! Балапанша шырылдай ұшасың... әлі. Ұшасың. Жаның темір емес. Баяғы қарлы боран есінде ме? Есінде, Ула! Қадырболат сен үшін мерт болған. О дүниеде жолығысасың... онымен. Менен сәлем айт! — деді өз-өзімен сөйлесіп. — Ол емес, сен кетуің керек еді, Ұлтарак!

Бұл ештеңе айта алмады. Құр ыңыранды. Ал қасындағы қос жандайшап полиция жігіттері майордың сөзіне мән бермей, мұның тірі жатқанына танданысты.

— Өй, мынауың тірі ғой? Краснокожи! Майормен ере кірген жас лейтенант пен сержант аяқтарының басымен түртіп-түртіп қойды.

— Дауасыз екен. Соншама соққы мен азаптаудан кейін... Әй, бірақ «мал болмас!»

— Мал болса, сойып жейін деп пе ең? — Жесек — жейміз. Кісі еті тәтті дейді ғой... ана людаедтер!

Майор:

— Өй, көкемылжын! — деп сөкті. — Сөзге қой сендерді, іске неге сондай емессіңдер?! Одан да мына «туристі» сүйреңдер!

Генералға...

— «Турист террористер» деген қаптап кетті ғой, жүде?! Қырып барады ғой, тегі!.. — деп лейтенант пен сержант қосамжарласа берді.

— Болды, жігіттер! Жап ауызды! Алып жүрiндер!

«Турист-террорист» атанып жатқан Ұлтарак — Ула өз ауылынан шыққан майорды жақсы таниды, өткен кеш өлімші қылып тепкілеп, сабағанның ішінде кіжіне кіріскеннің бірі. Баяғыдан жасырын өшпенділігі де бар. Қадырболат пен қарлы боран туралы «мүнкітуі» соның салдары... Ескі жара. Мұның жүрегіне салынған жазылмас жараны қасақана тырнап тұр.

Көкпарға салынатын көк тушадай сирағынан ұстап, сүйрей жөнелді. Үтік басқан қызыл шақа жауырыны қау етіп лаулап әкетті... Басы табалдырық пен босағаға соғылып, миы тағы зенді... Сол-ақ екен санасында шағала шындар буалдырлана қайта шалынды. Әлдеқандай жат әлемге енгендей ерекше бір күй кеше бастады.

Аппақ әлем ішінде ұшары нарктүрең сәуле құшқан шың-құздар арасында қалды... Рухы барақат сезімге бөлене берді.

Осындай бір буалдыр күйі бала кезінде бастан кешкен-ді. Он үш жасында жарылып кеткен соқырішегіне наркозбен ота жасап, бір ажалдан аман қалған... Наркоз бергеннен кейін шытыр-шытыр еткен ерекше бір шыңылтыр дауысты естіп, жанға рахат ақ самала жарық ішіне еніп, ғажайып бір күйі бастан кешіп еді-ау! Тап қазір де қан шашыраған шың-құзды әлемнің арасында сол бір сиқырлы күй қайта оралып, қу жаны балбырай жайланды. Әлгінде ғана еденде сүйретіліп барамын-ау деген ой мүлде есінен сөніп кетті!.. Жаны жай тауып, ақ тұман құшқан әлемге тұтылды. Шағала қанат ұшарына қанды сәуле жүгірген шындар да жоғалып кетті. Шытыр-шытыр шыңылтыр дауыс құрсаған буалдыр әлем әп-сәтте сана сілемін буып тастады.

Буалдыр әлемде құлағына майордың дауысы қайыра естілді. Буалдыр арасынан таныс майор әлгі екеумен емес, әлдебіреумен сөйлесуде... Ол да таныс дауыс сияқты. Өзінің өлі не тірі екенін түсіне алмай жатып, олардың әңгімесіне қаныға берді.

— Жаны сірі екен ауылдасыңның! Ұлтарак десе — ұлтарак. Лақап есімі де қатқан — Ула... «Ұлтарак» деп кім қойды екен? Әке-шешесі ме екен... Әй, бірақ кім қойса да білген. Табанда жатса да тозбайды ғой ұлтарак деген. Өлексе болса да өлетін түрі жоқ па өзінің?

— Мұндайлар өлмейді. Ула қарлы боранда да өлмеген, — деді Ұлтарактың

ауылдасы майор.

— Мұнда қалдыруға болмайды! Өзің білесің ғой, майор, — деді бөгде дауыс.

Майор үнсіз қалып, сөз соңын күтті. — ...Сен бірақ ертең бізді сатып жүрме? — Осы уақытқа дейін кімді сатыппын, генерал мырза?!

— Шаптықпа!.. — генерал аузын жауып тастады. Бір сәт майор бірдене дер ме деп көмейін бақты.

— Жо-о... енді былай дегенім! Мына қырғынның ақыры насырға шауып жүрмесе... Қауіпті! Түсінесің ғой, майор! Бұйрықты орындай алмай жатырмыз. Ертең не болары, белгісіз?! Ула — сенің мойныңда...

— Жазықсыз қанын жүктеу... — Отставиты! Мына сен жазықтысың... Бар! Орында!

Буалдыр дүниеде дауыстар хрустальға соғылғандай анық та қанық шықты...

# УЛА

«Аруақтар әлемінде жүрген шығармын, содан да пенделердің дауысы осылай естіле ме екен?!» деп санасы салқын қабылдады. Жас генералмен жолықпап еді ғой, майор екеуінің әңгімесін қалай естіп жатыр? Шынымен өлгендер тірілерді көрмесе де, дауысын анық ести ме? Олай болса, сұмдық қой!

Майорға бұйрық беріп жатқан жас генералды қаңылтыр тектес қатқыл дауысынан бірден таныды. Алматы іргесіндегі Абай ауылының жігіті еді... Бір кезде оның туған ағасымен Маңғыстаудағы «зонада» бірге отырған. Қаскелең өңірінің тумасы. Ауылдағы үйінде талай бірге болған. Елбасы Алматы іргесінен шыққалы Алатау төңірегі жігіттеріне де желік біткен. Мұнымен «хаталас» болған сол танысының інісі де атқа оңай қонды; қырыққа ілінбей «генерал-майор» шенін алып үлгерді... «Конакрад-зек» болған ағасы қазір генерал інісінің қолдауымен Қорғас бекеті мен Алматы-Талдықорған арасындағы «полаженец-бизнесмен» болып кетті.

«Зонадағы хаталасы» мұны да ұмытқан жоқ, «Ұлтарак болып табанымда емес, жанымда жуан жұдырық Ула болып жүр» деп қасына мысқылмен шақырған-ды. Бұл бірақ сыпайы ғана «отказ» берген «бала-шағам қымбат» деп... Ендігі жатысы мынау! Жас генералдың ажал үйірген бұйрығы ғайыптан естіліп қояды! Құдай-ау, буалдыр дүниеде жатып дәм-тұзының таусылар шағы туралы дауыстарды анық естігеніне аң-таң!

Буалдыр әлемде шағала қанат ұштары қан шашыраған шындар жұмбақ күйде жұмақ дүниеге сіңіп кетті... Бұған тек қана жас генералдың қаңылтыр дауысы мен таныс майордың міңгірі ғана естілді.

...Ұлтарак кенет есін жиып алды. Ғайыптан өмірге оқыс оралғандай болды.

Мұны қаланың бұралқы иттері талғандай сүйреп, тысқа алып шықса керек әлгі үшеуі жанар жапсары ашылмаса да, дүние жарықты сезінді. Жауырынын жұрта жалындытып, дырылдата сүйреген күйі полиция көлігінің артындағы жүк салғышқа лақтыра салды.

Жанып тұрған жауырынымен жұмсақ нәрсенің үстіне былқ ете түсті...

Сол бойда есінен тағы танып кетті. Күреніткен буалдыр әлемге қайтадан шым батты.

\* \* \*

Шағала қанат шындар құшағында қалғандай бір ғажайып күйге енді. Алтайдың қанды азу Құзғынды шыңы көкке шаншылып, сары жалқын арай сейіліп барады... Ұлпа бұлттай буалдыр

әлем арасында тұғырлы биіктер тұлғалана түседі. Шағала қанат ұшары андағайлай көтеріліп, айнала жүзеді.

Ұлтарак бірақ жерде...

Өзен жағасы. Көктемде күр-күр ете күркірей таситын Күршім қаракөк тартып, тынып ағады. Күз. Қоңыр қазан. Дымқыл ауа ауыр. Өзен бойлаған қайың-талды орман да жым-жырт. Он жеті жастағы сүйген қызы Сүмбіле қасында сылқылдай күледі. Екеуі де бақытты. Кіршіксіз табиғаттай сезімге мас. Екеуі де жас. Бұл ертең әскерге кетеді.

Сүмбілемен уағдасы айнымас, серттескен қолы жазылмас!..

— Күтесің бе? Екі жыл..., жаным! — Түү! Қандай ұзақ? Шарам қайсы, Ула!..

— Сен екі жылда «тігінші» боласың... Уақыт екі күндей болып өте шығады. Тойды тура осы Күршімнің жағасында

жасаймын.

— Рас па?

— Әрине!

— Тезірек сол күндерге жетсек қой, Ула!

Сүмбіле құшағына кіре түсті. Жұпар аңқыған демі мұның алқымын өртей берді... Осы бір сәт жақын маңнан сатырсұтыр дауыс шығып, бұлар қабан ба деп үрке қарасты.

Хайуан болмай, адам болып шықты...

Өздері төртеу: екеуі — орыс жігіт, бірі — кәріс, енді біреуінің зәузаты белгісіз, «шүршіт» — мордва ма, карел ме? Ұлтарак оларды бірден таныды... Өткен сенбі күні Күршімнің орталық паркіндегі би алаңында ұстасып қалып, Шіріқаяқтағы ауылдастары «Шайтан Шақпай» — «Шайтан Ула» деп кеткен атына тән «шайтан төбелесті» Ұлтарак танытқан. Құйынша үйіріліп, қыранша ұшып, жыланша шағып, ілбісше атылып, бөріше бүріп, сілеусінше сілейте соққы жұмсаған. Бір-нешеуін жусата жамсақты да...

Би алаңы ортасындағы майданды тамашалаған жастар қолпаштап, «шайтан-шайтун» десе қызба айқайға басып тұрысқан-ды. Бұған бірақ ешкім араласпағаны ұнады!.. Орысы көп Күршімнің би алаңы да соңғы жылдары ауылдан көшкен қазақтармен толысып, екі жағы да тіресе тұрушы еді. Төртеу чердояқтық Шайтан Уладан жер болып жеңіліп, намыстан өртені «өліп» жатқан-ды.

Ал дәл қазір бұлар мұны сырттай аңдып, қалын орман арасында кек алуға бел буып келсе керек-ті. Ұзынтұра орыс жігіті қорғасын «кастет» ұстаса, кәрістің қолында ағаш келтек. «Шүршіт» жігіттің қолында велосипедтің цепі. Ал белдемше келген төртбақ, нығыз етті орыс жігіт бел ортасынан сындырылған «Экстра» бөтелкесін қару етіпті. Шөлмектің қылқа мойнынан қысқан оның көзіне қан толып кетіпті.

Шошынған Сүмбілені жауырынымен қорғай ақ қайыңды қалқалана беруге тура келді. Еркін қимылдауға сүйген жаны қолбайлау бола берді... Қапелімде өлқая тартқан күзгі көгалдан бұрау ағаш та, жұмыр тас та қолына түспеді. Амалсыз аяқ-қолы мен көріктей кен кеудесіне, жалпақ біткен жұмыр иықты жаратылысына, шайтандай шапшаң қимылына сенді.

Сайланып келген төртеу ақ қайыңды арқа тұтқан, ту сыртымен Сүмбілесін қорғауға тырысқан Ұлтаракты тықсыра ұмтылды. Келтекпен жасқап, аяқпен алыстан теуіп, қызды бөліп әкетуге әрекеттенді. Жасанып келген қандықолдар қойсын ба, жазықсыз жанды жылдам жырып әкетті... Қызды Шайтан Уладан аулақтата бере кектене қол сілтеді. Қол-

тоқпақтай ғана кәріс жігіт келтепкеп бойжеткенді бастан аямай сокқан сәтте ұзынтұра орыс жігіті қорғасын «кастетпен» балғын жүзінен ондырмай ұрды.

Ауыр колмен сілтенген құйма қорғасын опыра тисе керек, тал шыбықтай тән орнында үн-түнсіз, омырыла құлады...

«Шүршіттің» шиыра айналдырған цепінен бұғып үлгеріп, Сүмбіленің сылқ ете сұлық құлап бара жатқанын Ұлтарак та көз қиығымен шалып қалды. Басына қаны бір-ақ шапты!.. Ауылдағы ақсақалдар әңгімелесіп отырып: «Бастан қан шықты, енді аянар жан жоқ» деп айтатынындай, бұл да талай төбелесте өзін «шайтан» атандырып жіберген «өнеріне» басты.

ұзынтұра орыс пен кәріс бір сәт аңырып тұрып қалды. Олар бұдан мынандай қабағат қимыл мен екі қарсыласын қарусыз күйде-ақ ондырмай жусататынын күтпесе керек. Ұлтарак олардан көзін тайдырмастан қолындағы сынық шөлмекті дембелше орыс жігіттің алқымынан суырып алғанда, күретамырдан атқылаған қыпқызыл қан аспанға тік шапшып қоя берді... Қырын тұрған мұның жемді білегін қан жуып, төмен сорғалады.

Күзгі сарғыш тартқан жұқа майса беті күрән түске боялды...

Ұлтарак ес-түсін ұмытып, тек қанды өшпенділік билеген күйі алдыға аяқ басты. Состиып тұрған екеу кенет жалт-жалт бұрылып, жақын өскен ағаш арасына қарай жүгіре жөнелді. Лезде қаралары

налғандардың сұрап алар жоқтаушысы бар шығар. Ал мұның «сұраушысы» да, «жоқтаушысы» да жоқ, жас әйелі мен екі баласынан басқа...

Он екі жылға созылған темір тордан оралғанша баяғы Шіріқаяқ ауылы шыл-шыпыры шыға тарап, кірпішіне дейін жиып әкеткен үйлердің орнын орман басып, зираттар ғана төбе басында күзетіп қалып қойған; ағайын атаулы басы ауған жаққа көшіп, жақын-жуық түрмедегі бұдан теріс айналып, туған-туысқа жат болып еді... Мәскеудегі 91-дің «Тамыз бүлігінде» бықсып-жанған қызыл империя біржолата жойылып, отыз жылда қазақ қоғамы да адам нанғысыз өзгеріп, дүниеде жалғыз-жарым қалған бір бейбақ-ты.

Күршімдегі сот өлген орыс жігітіне қосып, Сүмбіледей сүйгенін мерт қылғанын мойнына қиып салып, 92-нің қаңтарында Өскемен асырып, Маңғыстау өңіріне «этаппен» айдаған-ды... Ол күндер де болмағандай өте шықты.

Дәп қазір де сол бір уақыт қайтып келгендей болып, жеңіл көліктің жүк салғышында иістене бастаған әлдеқандай дененің үстінде жатыр. Салдыр-сұлдыр еткен, жолсызбен шоқалақтай жүрген машина басын темір қабырғаға соғып-соғып қойса да, бұл енді есінен тана қойған жоқ. Соған қарағанда денсаулығы шыдас бере бастаса керек, буалдыр дүниеге бата қоймады. Есесіне сокқы жеген тұла бойы қақсап, үтік басқан жоны шыдатпастай шығғырып келеді.

Талдықорғандағы қаңтар қырғынына тұтқиылдан тап болды. Текелідегі мәрмөр қазып жатқан жұмысшылардың арасында қара жұмысқа жегіліп жүрген. Құжатсыз жалақы төлейтін болған соң сонау Алматы іргесіндегі Іргелінің түбіндегі «Құл базардан» жалданып келген болатын. Ақыры мынадай күйге ұшырады... Аланда ештеңе істемесе де, індетте іздеген полиция күн құрғатпай Текеліден келіп алып кетті.

Бұрын «істі» болған Ұлтаракты көргенде: «Бөрінің аузы жесе де — қан, жемесе де — қан» деген күршімдік жерлесі — «майор мырза» қолын ысқылап... Мұны тұйық мекен Текеліде кезіктіргеніне қатты қуанып кеткені сондай, «О, Шайтан Шақпай — Ула!.. Үстіңнен түстім бе, бәлем! Қақпанды өзін қақтың ба? Маңғыстаудан келген шығарсың қаңтарға «делегат» болып... Сен сол жақта түрмеде отырып едің ғой?! Бәрі түсінікті болды, зорагер мырза!.. Енді менің уысымнан өлмей құтыла алмайсың: боранда адастырып өлтірген Қадырболат үшін де сыбағанды аласың, сұмырай! Сен үшін мерт болған капитан!.. Ол жолғыдай алдап-арбап, аман құтылып кетпейсің, қанішер!» — дескен.

Барлық қылмысты үйіп-төгіп басына жапты...

«Алматы мен Маңғыстаудан арнайы келген ұйымдастырушы», «Жанаөзенмен жең ұшынан жалғасып жатқан қылмыскер», «террорист», «адам атушы», «кісі өлтіруші», «қараниет қанішер», «Елбасы ескерткішін құлатуға қатысушы» деп толып жатқан пәле-жаланы жапсырып, «мойнына ал», «тірі шықпайсың!», «мойындап, Президенттен кешірім сұрасаң, бірер жылмен жеңіл құтыласың!» деген бопсаға көндіруге тырысты. «Хаталас» болған райымбектік «қонақрад» танысының жас генерал інісімен де жолықтырып, бұған қитұрқылана мүләй-імсіген: «Мойындай салшы!.. Нең кетеді? Сен бұрын да «істі» болғаның ғой. Бала-шаған менің мойнымда болсын!.. Оған аландама! Прокурор да аз ғана бергізем деп отыр... Табаныңды жалайын, бауырым!» — деп, жалынышты үнмен әртіс те болды.

Алдау мен арбаудың, қинау мен азаптаудың түр-түрін істесе де, табиғаты темірдей төзімді бұл мыңқ етпеген-ді. Сонда барып майор үтік басуға көшкен-ді.

Ендігі жатысы мынау?! Тірі өлік. Есіне он алтыға шығар қызы мен он төрттегі ұлы оралды... Алматы іргесін-

дегі ауылда олардың күйі не болар екен? Мына майор бастаған қаныпезерлер жас жарына барып, қокан-лоқы жасап, балаларын шошытпасына кім кепіл? Бәрін күтуге болады. Қолдары лас қой.

Қаңтар қанды жорық айы... болды-ау! «Детдомда» тәрбиеленген тұлдыр жетім жары жанталасатын болды-ау?! Әзірге білмейді. Білмей-ақ қойсын! Ұялы телефоны сөндірулі бола берген соң іздейді ғой... шарқ ұрып. Қызы мен ұлы да шырылдап жүр-ау!

«От звонка до звонка!» он екі жылдық темір тор «жеп» қойды... мұны. Құдай бірақ иіді. Жарын жолықтырды базардан... Жас болса да өмір базарынан көрмегені жоқ жан. «Отчаянный!» Бұл үшін бәріне де бас тігеді. Тек сол білмей-ақ қойсыншы қазіргі кірпітар халін! Зорлық пен қорлықтың жазықсыз құрбаны болған Сүмбіленің қасіретін сәл де болса жеңілдеткен, орнына «Сүмбіле» атты жұпар сәби сүйдірген жарына бұл қарыздар!

Міне, «тәтті қызы» Сүмбіле де бойжетіп қалды. Он алтыға толады осы көктем. Е-е, дүние-ай!.. Шүкір!

Кенет көлік тоқтады. Ит үрді. Өзара дабырласқан дауыстар шықты. Бұл жанары ашылмаған күйі жарық сәуле күтті.

— Витек, — деді майор дауысы. — Ана екі шошканы түсіріп ал.

— Екеу ме?

— Екеу емес, үшеу... Ха-ха! — деп, майордың қасындағы лейтенант пен сержанттың бірі қарқылдай күлді.

— Аш! Аш, көресің!.. Ха-ха! Ха-ха!

Енді әлгі үшеуі де қарғадай қарқылдаса кетті. Сонда ғана жол бойы бауырында былқ-былқ етіп, астын жылытып жатқан шошқа еті екенін бір-ақ білді. Санасы сауығып, сақая бастаған Ұлтаракты ұры иттей тіміскіленген үшеудің дауысы сауысқандай сақсынта түсті... Өлі-тірісін білдірмеуге тырысты.

Жүк салғыштың есігі шиқ етіп ашылғанда, сырттан жарық саулау кіріп, Ұлтарактың жұмық жанары ашылмаса да анық сезінді. «Витек» дегеннің жарықшақтанған дауысы орысша шығып кетті.

— Чело-о-век... Вы что? Жігіттер, кончайте! Мен бұған араласпаймын!

— Қорықпа! Ана сілімтіктің астында... Жас маткалар. Алашамен жабулы жатыр. «Шайтанды» жерге тасташы!.. Ол — өлік.

Витек деген қарулы неме екен, мұны лақша көтеріп алды да, жерге бос қапшықша тастай салды. Қара жерге үтік-телген жауырынымен емес, бір қырынан түскен бұл да тістеніп, дыбыс шығармауға тырысты. Шошқа нәжісі ісімен қаңтардың шынылтыр ауасы араласып, төңіректі алған күлімсі иіс танауып жарды. Манай шошқа қора маңы болуы керек.

Шошқа еті үстінен ескі алашаны жұлып алған Витек тоң жерде жамбастап жатқан бұған қарай лақтыра салса керек, үстін жауып қалды.

— Семіз екен, — деді ол. — Колбасаға қоса саламыз.

— Мына сілімтікті де шошқаларыңның жеміне қоса салсаң қайтеді!..

— Сүйегіне дейін шағып бере сал!..

— Астафиралла-а!.. Так не говорите! Я мараться не буду!.. Аулақ әкетіндер! Аулақ! — деп Витек ыршып түсті.

— Ха-ха-ха-а-а!..

Жас лейтенант пен сержантка қосыла майор да разы-қош қарқылдады.


— Әй, вахабист Витек, сен мұсылмандықты тегін қабылдамапсың!..

— Вахабист бірақ шошқа жемейді ғой, сенің тірлігің мынау! Сарт секілді қазақты алдап жүрген сендей орысты бірінші рет көруім... Мұсылмандығыңды ұрайын сенің! — деген сержант дауысын бұл қапысыз таныды.

— Ох, замаралса ты! Замаралса!.. — лейтенант мазақтай дауыстады.

— Қойындар, жігіттер! Кеттік! Витек бәрін тындырады... Екі доңыздың құнын қолбаса құнымен есептесеміз. Вахабист, мына сілімтікті көлікке сала сал, — деді майор ауылдасы.

(Жалғасы 22-бетте)



(НОВЕЛЛА)

Ұлы денесін көздей шиырылған цепті сол білегін тосып қап, қол қарына оратып алып, жұлқа тартты. Цеп екпінімен бетпе-бет келген «шүршіт» қарсыласын ашық тұрған сол жақ астынан бокстық қимылмен сылқ еткізген... Шіріқаяқ мектебінде алтыншы сыныптан бастап бокспен айналыстырған дене шынықтыру бапкері мұның ауыр тиетін қолын үш жылда жеріне жеткізе шындап тастаған еді.

Өзі де туа бітті сілеусіндей серіппелі, аса шапшаң қимылды Ұлтарак спорт десе ішкі рухы атойлап, жан дүниесі жанып шыға келетін. Боксқа баулыған сол ұстазы мұның табиғи дене бітіміне таңдана түсіп: «Сен нағыз спорт үшін жаратылған жансың», — дейтін. Алақан қарымы жетпейтін, айбалта табанындай жап-жалпақ боп біткен иығы мен қабырғалары алдыға қарай өсіңкі, көкірек қуысы шығыңқы, кең кеуде болып біткен ортадан сәл биік бойына, құрыштай құйылған дене тұрқына сүйсіне түсетін. Жаратылысы жұмырбасты пенделерге келе бермейтін бозбала еді.

Ал тоғызыншы сыныптан соң Күршімдегі ауыл шаруашылығына даярлайтын оқуға кетіп қалған-ды.

Енді, міне, Күршім өзені бойында жанын жалдап, жанталаса сүйгенін қорғамқа тура келгені... Қысқа кашықтықта жақ астынан тиген сокқыдан «шүршіт» жігіт қираң етіп орнында тізесі бүгіле берді. Қарсыласы ештеңеге түсінбеген күйі оп-оңай «нокаутқа» түсіп еді.

Сол бойда «Экстра» шөлмегі сынығымен бүйірден ұмтылған шымыр денелі, төртбақ орыс жігітті жылдам күтіп алған. Шыркөбелек айнала отыра беріп, оны оң аяқпен тобықтан қақты. Ол бір жағына құлай берген сәтте қолындағы шөлмек сынығы ұшып кетіп, мұның алдына топ ете түскені... Құдай айдап ұшып келген шыны қаруды қағып алған бойда жығылып жатқан дембелшенің жұп-жұқа тамағына бойлата ұрды. Қарсыласының өз қаруын өзіне жұмсады.

Сокқыға жығылған Сүмбілені тастай салып, бұған қарай баяу қозғалған

өшті.

Адымдаған күйі Сүмбіленің жанына жетті. Тізерлей кетіп, қыздың басын сүйеуге ұмтылғанда ғана қолындағы қанды шөлмекті байқады. Сынық шөлмекті тастай беріп, бойжеткеннің басын құшақтады. Келтек ағаш пен қорғасын «кастет» ондырмай тиіпті. Бас жарылыпты, қара шаш қанға бөгіпті. «Кастет» оң жақ қара көзді ағыза, бет-әлпетін опырып түсіріпті. Қуара бастаған күзгі шөп қанға шыланыпты.

Сүмбіленің демі де таусылыпты...

Бұл 1991 жылдың қоңыр төбел қазаны еді.

...Санасы оқыс тіксінді!

Қара күз бен қатыгез тағдыр санасынан тез өшті. Буалдыр дүние қайта бауырына басты.

Құзғындының шағала қанат шындары буалдыр арасынан қалқып қайта шықты. Сана буалдырында қан-сөлсіз ақиық шын жай жүзіп барады. Шағала қанаттарын шырқау зенгірге атойлай қағатын секілді.

Кенет әлде бір үн зың ете түсті. Буалдыр арасында сана сүзгісінен өтіп жатқан өткен күндер елесі мүлде болмағандай ұмытылып, әлгі бір дауыс жаңғырыға естілді... Сол-ақ екен Күршім-Марқа өңірінің үстінен төнген бөрі азу Құзғынды шыңы Алматы шаһары төбесінен төнетін барыс азу Найзақара шыңына айналып шыға келді.

Ақзу шын жүзіне қызыл қан шашырады...

\*\*\*

Зы-ы-ы-ың!..

Ұлтарак есін тағы жинап алды. Басы көліктің темір қабырғасына соғылып, зың ете түскен дауыс санасын оқыстан сілкіп жіберсе керек. Мұрнына күлімсі иіс келді. Сонда ғана әлдеқандай ет үстінде жатқанын сезді.

Астында былқ-былқ етіп жатқан «мал ма, адам ба?» деген күдік те оралып өтті. Өзі секілді өлі-тірісі күмәнді біреулердің денесі емес пе екен?.. Бұлардан бәрін күтуге болады. «Шикі етке» ай-



**Серік ҚАЛИЕВ,**  
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

\*\*\*

Сені алғаш көргенде пәк болғансың,  
Ұятыңды Алатау перде қылған.  
Сол көркіңмен кеудемде сақталғансың,  
Көнермес түскиіздей төрге құрған.

Ғашықтың ғазалындай болып дастан,  
Мендей сені сүйе алмас енді ешкім де.  
Көшенде бақытыммен қол ұстасқан,  
Телмірдім қайта оралып келмес күнге.

Шайырлардың ізінен нені аңдаймын,  
Хафиз жырын тартпаймын алға түрлі.  
Жүрсін ағам кешірсін, бере алмаймын  
Ларисаның мыңына Алматыны.

Сені көрсем, бөленгем ғажап күйге,  
Мың бояумен түрленген абаттанып.  
Мұржалы үйлер айналды қабатты үйге,  
Маған да әжім түсіпті қабатталып.

Жастық. Сезім.  
Ынтығып құштар болған,  
Алматы-ай сен едің тым көрікті.  
Сенің тұнық аспаның ысқа толған,  
Менің де аппақ жүрегім кірленіпті.

\*\*\*

Жаз өтті жанарынан жалын ұшқан,  
Төгілген күз-жеңгейдің дәні уыстан.  
Қыс кетті шалкез мінез, кәрі-мыстан,  
Қаққанда мұз қабағын бәрі ығысқан.

Көктем — қыз желбіреген көк көйлегі,  
Ізінен гүл өсіп, жер көктей берді.  
Көктем — ару, көктем — жастық,  
көктем — сезім,  
Ешкім де сұқтанбастан өтпейді енді.

\*\*\*

Өткен күннің елесі өшпес көңілден,  
Өтті бәрі, келмес оған опынғым.  
Өмір жайлы сұрап алып жүректен,  
Өмір жайлы өлең жазып отырмын...

Қара түннің сәулесіне тамсанып,  
Күй ғып шерттім масалардың ызыңын.  
Қара ағаштың қабығынан бал сауып,  
Желге шаштым көмескі ойдың үзгіні.

Көбелекке ұғындырып гүл тілін,  
Қанатына қолтаңбамды сыйладым.  
Жарқ еткен найзағайдың күркірін  
Көңілімнің күмбезіне жинадым.

Әуеніне құлақ түрсем түнде Айдың,  
Ол да бір сәт ұмыттырар өлімді.  
Қылау қонбас жүрегімді тыңдаймын,  
Сол сүйеді, сол біледі өмірді...

\*\*\*

Болам кейде бұрын өмір сүргендей,  
Білем. Сезем.  
Іштен тынам сыр бермей.  
Сонда да бір үйлеспейді тірлігім,  
Ұйқасы жоқ өлең жазып жүргендей.

Озып келіп, жұлде алмаған жүйріктей,  
Жасытса да,  
Жүрем дауға қилікпей.  
Кетпейді арман көңіліңнен бір сәтке,  
Өтпейді адам тағдырынан сый күтпей.

Көк жүзінде құс қайтарған тізбектеп,  
Мезгілде осы,  
Жүрегімде күз көктеп...

Қонар жерін таппай жүрген бақ құсы,  
Сәлем бере кетші маған іздеп кеп...

\*\*\*

О дүние, бұ дүниенің шетіменен,  
Боздап кетіп барады жетім өлең.  
Іздейсің аспан мен жер ортасынан  
Шындығыңды туя сап шетінеген.

Тасыр заман тезімен иіп күшті,  
Қанатымның жартысын қиып түсті.  
Жүрегімнің уақыт жарасына,  
У қылып құя салды күйікті ішкі.

Түн жұтып үмітімді ай құлақты,  
Жаныма жаһандағы қайғы батты.

Құрсау бұлтты бұзып өт,  
Менің аппақ қанатым.

Ізгілік ой гүл атып,  
Санамда — әлем, тербелдің,  
Мейірімді жұбатып,  
Жүрегімнен төр бердім.

Өтті талай жолдан мың,  
Адамзаттың ақылы.  
Жүрек темір болған күн —  
Дүниенің ақыры.

\*\*\*

Қасиетін сіңірген туғанда өңір,  
О, менің балалығым — судан мөлдір,

## ҚАРА ТҮНДЕ АҚ ҚАҒАЗҒА ТҮНЕГЕН...

Құлақ орны тас біткен бұл қоғамда,  
Айтасың қай арманды, қай мұратты...

Шыңырауға лақтырсам күдікті үстем,  
Әзәзіл ой жұтынып ұлыпты іштен.  
Сұр көлеңке аңдиды қақшу үшін,  
Күн сәулесін аспаннан күліп түскен.

\*\*\*

Күткен кезінде,  
Бара салсамшы...  
Иілсе, өзім де  
аласарсамшы...

Ашуды тежеп,  
қайта салсамшы...  
Жылы сөз — медет,  
Айта салсамшы...

Үнсіз...  
Өтініш жоқ,  
Уақыт. Кем көңіл.  
Өмір...  
Өкініш көп,  
Әттең, мен де бір...

\*\*\*

Аспандағы бұлт-пердесін бір сырып,  
Күлкісімен шуақ төкті Күн шығып.  
Жел тұрткенде жас ағаштар етегін,  
Жапырақпен жауып жатыр қымсынып.

Кәрі еменнің көкірегі мұң кернеп,  
Бұтағына өрмекшілер құрды өрмек.  
Сәмбі талды үздік-үздік билетіп,  
Сандуғаштың әуезді үні тұр тербеп.

Көйлегіне қызықса жұрт шыршаның,  
Жанарында көлбейді оның бір сағым.  
Ақ қайыңдар қатар қонған аққудай —  
Алаңқайдың түрлендіріп тұр сәнін.

Терек ағаш қол ұстасып бағында,  
Еске алады көктеп өскен шағын да.  
Өткір балта келе жатыр бұтауға,  
Қатар өскен тамырласы — сабында.

\*\*\*

Асу-асу, айшылықты жол жүріп,  
Тарбағатай, саған жеттім болдырып.  
Қайтайыншы құр аттай боп сілкініп,  
Көңіліме үміт құсын қондырып.

Жасып келсем, жіберерсің қайрап бір,  
Тасып келсем, шыңдарыңды айбат қыл.  
Сен құндақтап, өсірген соң тербетіп,  
Бір құдірет кіндігімнен байлап тұр.

Тарбағатай — аңсаулары жанымның,  
Саған келем жамалғанда қалың мұң.  
Лаулатайын анам жаққан ошақтың  
Бізді ешқашан жаураппаған жалының.

Мен өзіңнен жаратқан бір бөлшек пе ем?!  
Биіктігін тау шыңымен өлшеткен.  
Әкем жүрген аунайыншы ізге мен,  
Адалдықпен түзу жолды көрсеткен.

\*\*\*

Шығысымда — қызыл от,  
Батысымда — қара түн.



Тоймап едік ойынға, ойлап едік,  
Осылай жалғасар деп думанды өмір...

Кеудеге қадап алып дала гүлін,  
Әниі құстың айнытпай салады үнін.  
Батпырауық секілді ұшып кетер,  
Азырақ алдауратып бала күнің...

\*\*\*

Кетті шілде сылаңдаған қыз құсап,  
Сарша тамыз сары моншақ тізер ме?!  
Келді мезгіл,  
Жетті жайып күз құшақ,  
Біздің үй де түсті таудан күзеге.

Жасыл әлем кейіпке енді сүреңсіз,  
Тарқаған соң жаз-дәуреннің базары.  
Балапанын ұзатып сап күрең күз,  
Сағыныш, мұң өріледі ғазалы.

Бұған теңдей бұлтты жел көтеріп,  
Жөңкіледі ары-бері дамылсыз.  
Төбедегі Ай бүріседі жөтеліп,  
Безіп бара жатыр қаңбақ тамырсыз.

Сүйегіңді тессе қара суығы,  
Көбелектей отқа ұмтылдықың пештегі.  
Сықырлайтын киіз үйдің уығы,  
Сұңқылдайтын байғыз үні кештегі.

Аспан жақтан естіледі баяу үн,  
Соңғы тырна қайтты, сірә, тыраулап.  
Ұша алмайтын жүрегімді аядым,  
Алғашқы қар жауды бүгін қылаулап.

\*\*\*

Ұясына батқан кезде Күн аунап,  
Қарашаның соңғы күні. Қырау бақ.  
Ақ параққа жыр маржанын тіземін,  
Қара түннің жанарынан сыр аулап.

Ұйықтамайды жұлдыздарды Ай аңдып,  
Ай астында жүзіп жүрді баяу бұлт.  
Түннің тылсым тіршілігін не қылсын,  
Телефонға телміретін ояу жұрт.

Әлдилесе түнгі сарын, төніп түн,  
Күрсінеді жұлдыздар да теліп мұң.  
Жүрегімді жұбатады түнімен,  
Жақұт жырдан жасап алған көріктім.

Қара түнде ақ қағазға түнеген,  
Жан сырым да, бар шыным да — бұл өлең.  
Ақ таңменен жалғастырып уақытты,  
Ақ қанатты арман болып түлеген.

\*\*\*

Құстарым-ай,  
жеттің бе есен алыстан,

Қуанды ма көзің боп таныс маң?  
Қарсы ала алмай қалды қанша адамдар,  
Өздеріңді көк жүзінде жарысқан.

Айхай, көктем,  
сезім көлін тасытқан,  
Сенің көркем дидарыңа ғашық таң.  
Орала алмай қалды қанша құстар да,  
Туып-өскен мекеніне асыққан.

Ақын құстар,  
Төгетін ай көктен жыр,  
Көңілімде бүршік атты көктем гүл.  
Қанаттарын кір шалмаған құс-ғұмыр,  
Дүниеге қарап тұрмын мөп-мөлір.

\*\*\*

Апыл-тапыл басып жүріп аяқты,  
Ойнасақ деп ойлаушы едік алысып.  
Жүгіргенде ат қып мініп таяқты,  
Тұлпар мініп көрсек дедік жарысып.

Бозбала кез — сезіміңнен жыр құрап,  
Жүрегіңе үңілесің сыр аңдып.  
Көз төңкеріп қарап жүрген құрбыңа,  
Сырға тақсақ деген едік сыңар ғып.

Жастық шағың — шоқ ұстаған қайсарлы,  
Ажалмен де әзілдесе салатын.  
Мырза болсақ деген едік байсалды,  
Ақылына әлем ұйып қалатын.

Уақыт тек асығудан тұрады,  
Шыға берер алдан асу, белесі.  
Өткен күн — сағыныштың мұнары,  
Келер күн — арманыңның елесі.

\*\*\*

Өмір мені қанша ма рет сынады,  
Жүрек соған сонша мәрте шыдады.  
Қара түнге сіңіп бара жатқанда  
Үмітімнің сәуле төкті шырағы.

Көз алдымда бұлдыраса елес күн,  
Ескегімді ағыстарға кері естім.  
Көкбөрідей арпалыстым, бірақта,  
Тағдырыма шағым айтқан емеспін.

\*\*\*

Көкте самғап, бұлтты тіліп ұштым мен,  
Өттім қанша мұхит, теңіз үстінен.  
Қанаттарым қара терге малышыңды,  
Құсқа біткен берген екен күшті кем.

Ұша берем қанаттарым талғаниша,  
Құс жолымен қалықтаттым ән қанша?  
Іздей берем бақ жұлдызын жұртымның,  
Соңғы бір тал қауырсыным қалғаниша.

\*\*\*

Ай астында жорық құрған,  
Түзден Қызыр жолықтырған.  
Ашыққанға азық берген,  
Адаққанға жол ұқтырған.

Кеудесінде дала сыры,  
Қанағаты — қара суы.  
Бір-біріне қарауыл жұрт,  
Бір-бірінің жанашыры.

Күмбірлетсе домбыраны,  
Көктен құсты қондырады.  
Бір сөзінен жылу тарап,  
Бір сөзімен тоңдырады.

Қазақ деген Хақтың нұры,  
Ер түрік, ғұн, сақтың үні.  
Ақ мақтадай жұмсақтығы,  
Сексеуілдей қаттылығы.

\*\*\*

Ауада көңілді ноталар билеген,  
Аламын шабытты күйден ем,  
Бітпейтін тірлікте күйбелең.  
Кардиограмма —  
Тіршілік сызығы ирелең.

Тірлікте күйзелер, күйінер,  
Үрейің таудай боп үйілер.  
Тамырда күрең қан түйілер.  
Тахикардия —  
Жүректің қағысы жиілер.

Құлазып қалғанда мен жүдеп,  
Тірегім, сырласым сен, жүрек,  
Әлемге қарайтын елжіреп.  
Қарашығымда  
Дүние тұнады мөлдіреп...



АЛМАТ  
ИСӘДІЛ

ҮМІТ

Шындықты айтшы дейсің бе, неғыласың,  
Кім қалды өзі бүгінде сөз ұғатын?  
Ұмтылсаң әділетке жетемін деп,  
Жаңғырықтай жармасқа соғыласың.  
Ақиқатшыл адамның қай кезде де,  
Неге екені, бағынан соры басым...

Шындық керек дейсің бе, қайдам, бірақ,  
Өмірдің өзі бізге жалған, сынақ.  
«Айтқанның — аузы жаман...»  
амал қанша

Одан да ебін тауып, пайдаңды бақ.  
Қаншама дүр  
Кісі боп, ортада жүр,  
Өтірікті шындай ғып, ойдан құрап.

Шындық бар ма дейсің бе, бұл ауылда?  
Қалған ол Қызыл қоғам шылауында,  
Қарашаның жауапсыз сұрағында,  
Желтоқсанның аяз бен қырауында.  
Айналып Жаңаөзеннің жарасына,  
Адасып кеткен Қаңтар тұманында...

Шындық қайда дейсің бе, кім екшеуде,  
Бәрі де өтірікке ілескен бе?  
Тұншығып, шықпай тұрған ащы шындық  
Тіл ұшында, жанарда, жүректерде  
Жанартау боп бір күні дүр-р еткенде,  
Алдымыздан ашылар түнек-перде.

...Сенем соған!

\*\*\*

«Ең үлкен өтірік —  
ең үлкен мінбеден айтылған өтірік»  
Қадыр Мырза Әлі

Ең үлкен өтірік  
Жазылған үкімдер  
Ең биік мінбеден оқылып...  
Біз соған сенеміз,  
Үндемей отырып.  
Ешкімге сырыңды,  
Айта алмай шешіліп.  
Ернімді тістедім,  
Тілім де кесіліп.  
Өзімнің жерімде,  
Өзгелер есіріп...  
Уақытым ұрланды,  
Сағаттың тілі де кетіліп.  
Кішкентай несібе-нанымды,  
Ең ірі жемқорлар  
Шетінен опырып,  
Жүр әне кекіріп.  
Ең әділ соттар да,  
Ең ауыр қылмысты кешіріп,  
Жазықсыз жандарды,  
Зынданға көшіріп...  
Атақ пен мансапқа мастанып,  
Бос сөзді көпіріп,  
Жылтырақ дүниеге  
Арбалып жүргенде,  
Алмайық  
Кешегі тарихты санадан өшіріп...  
Ақиқат аршылып,  
Шындық та ашылар,  
Тек әттең кешігіп...

ҚАҢТАРДА ГҮЛДЕГЕН  
БӘЙШЕШЕК

Бәйшешек...  
Қаңтарда гүлдеген,  
Сен ертең көктемге не дейсің?  
Мазасыз дүние — дүрбелең,  
Кейде өзің өзіңе өгейсің.

Бұл тағдыр сені де сынады,  
Арбалдың алдамшы шуаққа.  
Сабағың иіліп тұр әні,  
Айналып жауапсыз сұраққа.

Мезгілдер ретінен жаңылып,  
Ғаламның бейнесі бүлінді.  
Адамның пейілі тарылып,  
Табиғат заңы да бұзылды.

ЖОҒАЛМАСЫН  
КЕУДЕМДЕГІ БАҚ-ТҰМАР

Қайтадан күн суып, ызғарда,  
Соларсың, бүрісің, тоңарсың.  
Кұрсауда қаларсың мұз-қарда,  
Әзірге көктем де хабарсыз.

Бәйшешек —  
Жаңа өмір бастауы,  
Қаңтардың аязын жібіткен.  
Жазықсыз сезімдер ақталып,  
Жалғанар үзілген үміттер.

Өмірдің иісі бар гүлінде,  
Алда әлі сынақтар қаншама.  
Нәзіктік жеңеді түбінде,  
Тіршілік қаталдау болса да.

САХА

Алматы. Әуежай.  
Күздің бір тамаша түнінде,  
Жол тартып барамын Сібірге.  
Алдыда жеті мың шақырым  
Ұшаққа отырдым  
Дұғамды күбірлеп...  
Жақұтты мекенге қонармын,  
Таң атар мезгілде сібірлеп.  
Күт мені,  
Ей, Саха, бауырым,  
Қарсы алып  
Олонхо-жырыңмен.  
Түбі бір Түркіміз біз деген,  
Сен маған туыссың  
Түріңмен, тіліңмен, үніңмен.  
Тәңірге табынған жұрт едің,  
Жат қоғам айырды дініңнен...  
Бүлінген болса да тарихың,  
Ажырап кетпедің діліңнен.  
Ақ қарда қып-қызыл таңба боп,  
Қасірет білінген ізіңнен.  
Бүгінде  
Туймада даласын түлетіп,  
Байладың үмітті үзілген.  
Жауынгер рухыңды жалау ғып,  
Тағыңа қонарсың түбінде.  
Ей, Саха, бауырым туңілме,  
Түбі бір Түркіміз бүгілме!  
Күт мені  
Қазақтың сәлемін ап барам,  
Тайганы толтырып дүбірге!

АЛМАТЫ

Мен туралы қала ғой бұл Алматы,  
Ең алғашқы туған күнім тойланған.  
Осы жерде қайран анам толғатып,  
Кіндігіммен байланғам.  
Мен туралы қала ғой бұл, мен жайлы,  
Алаңғасар, есерсоқтау, аққоңіл.  
Мен жайында білгің келсе мән-жайды,  
Бұл — Алматы менің өлең-дәптерім.

Мен туралы қала ғой бұл, және де,  
Сен туралы құпия сыр жасырған.  
Көшелері сақтамайтын ереже,  
Нөпірінің кездері жоқ басылған.

Алмалы бақ, Алма-Ата, Алматы...  
Уақытқа дауа жоқ-ау, қарашы:  
Баяғыдай дәм бермейді алмасы,  
Дем бермейді ауасы.

Көктөбенің мұнарасы жарқырап,  
Түнгі қала сиқырымен баурайды.  
Қызыл-жасыл неон шамдар жалтырап,  
Арбайды әрі алдайды.

Желтоқсан мен Қаңтарда да тоңбаған,  
Асқаралы Алатауға сүйенген.



Алаңында азаттығым орнаған  
Бұл қаланы сүйем мен!

Мен туралы қала ғой бұл Алматы,  
Ең алғашқы туған күнім тойланған.  
Осы жерде қайран анам толғатып,  
Кіндігіммен байланғам.

Бақтарында сылаң қағып ақ қайың,  
Раушан гүлдер жұпар исін жаяды.  
Бұл қалада жазылуға сәт сайын,  
Менің өмірбаяным...

ЖҮН БАЙПАҚ

(Нағашы апам Зинаға)

Жүзінен мейір төгетін,  
Көзінен сәуле себетін.  
Құшағы — ыстық, саялы,  
Жүрекпен бәрін сезетін.  
Еркелігіме де көнетін  
Аяулы менің Зина апам,  
Жыл сайын туған күнімде,  
Жүн байпақ тоқып беретін!

Қаншама еңбек кетті оған?!  
Бағалай алмас есті адам.  
Көкала, қоңыр жіппенен,  
Тоқылған шақтап тек маған.  
Балалығымды жмылтқан,  
Жететін сыйлық жоқ саған.  
Жолдардан небір, бұл бала  
Жүн байпақ киіп, өтті аман.

Ол кезде құттай баламын,  
Жып-жылы болып табаным,

Түбіттей мамық, жұп-жұмсақ,  
Сыйлыққа маз боп қаламын.  
Өкшесі тозып, жыртылса,  
Мазасын алмай ананың,  
Ине-жіп алып қолыма,  
Өзім-ақ тігіп, жамадым.

Өңіне бүгін қарасам,  
Қартайып қапты сол апам.  
Жақсылық, игі істері  
Қисапсыз екен, санасам.  
Жүн байпақ киген кешегі,  
Есейді сары балапан.  
Өтуде өмір зымырап,  
Уақытпен қалай таласам?

Балалық шағым санамда,  
Қиын бір қыстау заманда,  
Жаңбыр мен қарда, боранда,  
Өзіңіз қолмен тоқыған,  
Нешеме байпақ тозса да  
Жылуы қалды табанда...  
Жасаңыз ұзақ, жан апа,  
Дем берсін сізге зор Алла!

ТУҒАН КҮН

Туған күнім!  
Ел тілегін арнауға,  
Бір тілекке бір тілегін жалғауда.  
Бір жыл бопты мақтау естімегелі,  
(Түсіп қалып жүрмейінші арбауға).

Уақыт жылдам,  
Бір-бірімен алмасқан,  
Қадіріне жетпедік-ау әу бастан...  
Ұл-қызымның құттықтауы мың артық,  
Тілектерден қол қойылып, мөр басқан.

Ағайын, дос келем десе жиылып,  
Құшақ жая қарсы аламын қиылып.  
Аяулы жар дәмді асын дайындап,  
Қонағымды күтіп алар иіліп.

Шын тілектер айтылады тек маған,  
Жүректерден, мен үшін деп сақтаған.  
Салтанатты қабылдау да болмайды,  
Кілең жұлдыз, ығай-сығай қаптаған.

Алдарыңда айыбымды өтейін,  
Мақсатыма елмен бірге жетейін.  
Дөкейлердің құттықтауы не керек,  
Хатшылары сүйкей салған әшейін.

Жоғалмасын кеудемдегі бақ-тұмар,  
Маған да әлі шарықтайтын шақ туар.  
Таң атпастан ақ тілегін жолдауда,  
Ата-анамның көзін көрген жақсылар.

Туған күнім!  
Ел тілегін арнауға,  
Бір тілекке бір тілегін жалғауда.  
Бір жыл бопты мақтау естімегелі,  
(Түсіп қалып жүрмейінші арбауға).

ҚАРАША. ҚАМЫҒУ...

..Көкейімде үрей бар:  
Елдің жайын кім ойлар?  
Жыында отыр есінен,  
Күллі ығай-сығайлар.

Шеттерінен кіл шешен,  
Шеттерінен дүр көсем.  
...Өз елімде жүрсем де,  
Өгейсіген күн кешем...

Несібесі азайып,  
Несиесі молайып,  
Нән дөкейлер қағынып,  
Қамығып жүр халайық.

Сөзімді кім есіткен,  
«Бүліндім ме бесіктен?»  
Сығалап тұр қараша,  
Үлкен емен есіктен.



**Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ,**  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Бейсенбай Кенжебайұлы 1904 жылы 4 қазанда Түркістан облысы Ордабасы ауданына қарасты Бөген ауылында дүниеге келген. Үш жасында анасынан айырылып, жетім қалады. Өзі толтырған анкетадағы деректерге сүйенсек, 1916 жылы Түркістанда бір байдың қолында жалшы болып жүреді де, 1919 жылы Ташкенттегі жекеменшік мақта шаруашылығына жұмысқа кіреді. Жасынан оқу-білімге құштар болған ол сол талпынысының арқасында 1925 жылы Мәскеудегі Шығыс еңбекшілері коммунистік университетін және М.Горький атындағы Әдебиет институтының екі курсы, ал 1942 жылы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тамамдаған.

Талантты да талапты бала Ташкенттегі №14 жетім балаларға арналған мектеп-интернатта оқып жүрген кезінде, Күншығыс жастарының көсемі, жалынды да жігерлі Ғани Мұратбаев, Әбдікәрім Ақбаев, Нәзір Төреқұлұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұлы Әмин Жүсіпов, Сәдуақас Оспанов, тағы басқа Алаш арыстарының тәлім-тәрбиесін алып, жазу-сызуға төселеді. Ерекше атап өтер жайт, осы мектеп-интернатта ол қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасынұлы, белгілі журналист-жазушылар Өтебай Тұрманжанов, Жүсіпбек Арыстановтармен бірге оқып, бірге өскен. Ал Мәскеуде оқып жүрген кезінде алты алаштың көсемі Әлихан Бөкейхан мен Нәзір Төреқұлұлының тапсырмасымен аударма жасап, қазақтың қайсар да қайтпас ақыны Мағжан Жұмабаевтан дәріс тыңдаған көрінеді.

«Мағжан – ғалым, тәжірибелі шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Педагогика жайында, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жайында жарияланған кітабы, макалалары болушы еді. Осыдан болу керек, ол бізге қазақ тілі мен қазақ әдебиетін тамаша оқытты: сабақ үстінде лекциялық, практикалық әдістерді ретімен қатар қолданар еді. Мейлі лекциялық сабақта болсын, мейлі практикалық сабақта болсын, ол қағазға қарамайтын. Сөз арасында келтіретін мысал өлеңдер мен әңгімелерді түгел жатқа айтатын. Декламация оқып тұрған тәрізді барлық нәшін, сипатын, кимылын келтіріп айтатын» дейді Бейсекең 1989 жылы 4 қаңтарда «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген «Ұстаз» атты естелігінде. Бұл жазба – біздің жоғарыда айтқан сөзіміздің айғағы.

Міне, ұлылардың ұлағаты дарынды жас түлекке күш-қуат беріп, бағыт-бағдарын айқындауға септігін тигізгені хақ.

Қаламы қарымды қаламгер 1925–1928 жылдары «Жас қайрат» журналы мен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Ауыл тілі» газетінің тілшісі, редактордың орынбасары, 1929–1931 жылдары Павлодар облыстық «Кенес туы» (қазіргі «Сарыарқа самалы»), 1932–1933 жылдары облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеттерінің тұңғыш бас редакторы болады. 1933–1935 жылдары «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») басылымында бөлім мен-

герушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары әрі Қазақ радиосының бас редакторы, ал 1936–1941 жылдары Мәскеу қаласындағы «КСРО Жоғарғы Кеңесі ведомствасы» журналында аудармашы, бөлім менгерушісі, бас редактор, 1941–1944 жылдары Қазақстан мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болып қызмет атқарады.

«1922–1925 жылдары «Жас қайрат» журналы, «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» газеттеріне тілші болып, хат-хабар, шағын мақала жазып жүрдім. 1925–1928 жылдары

бұл портретті көп жұмыстың ішінен автор өзі қалап алған болатын. Кітапты өзін жазып шығарғандай мәз болып бір шетте мен тұрмын. Қуанышымда шек жоқ. Себебі, бұл – кітап тиражы түгелдей басылып жатыр деген сөз. Сол арада Бейсақан мені шақырып алып:

– Жүре ғой, мына кітаптың бір данасын Әуезовке апарып берейік, – деді.

Ол күндері Мұхан Халық Комиссарлары Советінің ауруханасында жатыр екен. Барсақ, бізді ішке жібермейді: карантин ба, бір пәле. Біз Мұхаң балконға шығып кетсін деп

мақтан етем».

Міне, бұл – сол кездегі жас редактордың жүрекжарды жазбасы. Осы естеліктен-ақ Бейсенбай Кенжебайұлының қандай ерлік жасағанын пайымдай беруге болады. Егер ол осы ерлікті жасамаса, ұлы шығарма жарыққа шықпай қалуы да әбден мүмкін еді.

Аударма саласында алдына жан салмаған Қуандық Шаңғытбаевтың Омар Хаямның өлеңдерін қазақшаға аударуына да Бейсенбай Кенжебайұлының түрткі болғанын әлгі мақаласында ағынан жарыла

# Тарихты тереңдеткен ТӘЛІМГЕР

«Лениншіл жас» журналы мен «Жас қайрат» газетінің редакциясында редактордың орынбасары болып қызмет істедім» дейді Бейсенбай Кенжебайұлы өзінің 1973 жылдың 15 ақпанында жазған «Өткен өмір – сабақ» атты мақаласында. Бұл жазба біздің жоғарыда келтірілген деректерімізді жандандыра түседі. Сондай-ақ ол 1929–1931 жылдары Павлодар облыстық «Кенес туы» газетінде тұңғыш бас редактор болған кезін еске алып: «Бұрын ешқандай негізі болмаған газетті шығару, қарапайым тілмен айтқанда, инемен құдық қазғандай болды. Газет араб әрпімен шығатын болды. Бірақ араб әрпінің өзі де атымен жоқ болатын. Ал табыла қалған күнде тере қоятын әріп теруші де болмайтын. Округтік партия және кеңес атқару комитеттерімен келісіп, белгілі мөлшерде әріп сатып әкелу үшін Қазан қаласына арнаулы адам жібердік. Ол кісі бұған дейін Қызылорда қаласында баспаханада істеген, азды-көпті тәжірибесі бар Сабыр Шәріпов деген татар жігіті болатын (*белгілі революционер С.Шәріпов емес*). Сөйтіп, арада үш ай өткенде Қазан баспаханасынан газет шығаруға жететін әріп пен баспахана жабдықтарын алдық та, іске кірістік.

Газеттің бірінші нөмірін шығаруға округтік партия комитетінің бірінші секретары П.В.Жигарев адам айтқысыз көмек көрсетті. Баспахана жұмысын тәртіпке келтіруге, газет және баспахана қызметкерлерін іріктеп алуға тікелей өзі көмектесіп, қамқорлық жасады. Сонымен «Кенес туының» бірінші нөмірін Әмірғали, Кәрім үшеуіміз қол қойып шығарған едік» дейді Бейсенбай Кенжебайұлы тағы бір естелігінде.

Жоғарыда Бейсекеңнің 1941–1944 жылдары Қазақстан мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болғанын айтқан болатынбыз. Сол кезде де басын бәйгеге тігіп, Мұхтар Әуезовтің басуға тыйым салынған «Абай» романын құпия түрде тергізіп, баспадан шығарып жібереді. Тіпті кітаптың редакторы, университеттің 2 курс студенті Қуандық Шаңғытбаев екеуі кітап туралы парасатты да пайымды пікір жазып, оны «Социалистік Қазақстан» газетінде жариялайды. Осы істері үшін Орталық Комитет аға газеттің жауапты қызметкері Бәйдебек Әлиманов пен редактор Қуандық Шаңғытбаевты Ақтөбеге жер аударып жібереді. Ал бас редактор Бейсенбай Кенжебайұлы қызметінен босатылады. Бірақ оған ол еш өкінген жоқ. Керісінше, қазақтың атын шығаратын, одан қала берсе, әлем әдебиетінің қоржынына олжа салатын шығарманың ел қолына тигеніне қатты қуанады. Тіпті көзіне жас алыпты. Бұл туралы Қуандық Шаңғытбаев өзінің «Абай» романы қалай жарық көріп еді?» атты естелігінде былайша сыр шертеді: «Бір күні түптеліп, кәдімгі кітап болып Мұхтар ағаның «Абай» романы келді. Бөлмедегі толып отырған редакторлар бірінен соң бірі қолына алып, аударып-төңкеріп, о жақ-бұ жағына қарайды, сипап қояды, қуанып жатқан тәрізді. Кітаптың бас жағында Мәскеуден эвакуацияға келген суретші татар жігіті Баки Орманшы (Урманче) салған Мұқаңның суреті болатын, соны қызықтайды. Баки қарындашпен сызған

хабар жібердік. Шамалыдан кейін сонда емделіп жатқан біреу келіп:

– Қазір шығады. Осылай көшеде күте тұрындар, – деді.

Аурухана екі қабат үйде болатын. Кейін алып тастап, орнына жаңадан ғимарат салды. Бір кезде ала пижамасы бар, «Бұлар кім болды екен?» дегендей танырқай қарап, әулиеміз балконға шықты. Бейсақан қолындағы кітапты жоғарыға көтеріп:

– Сүйінші, Мұха! Міне, шықты, – деп қуанғаны ғой деймін, дауысы дірілденкіреп, көзіне жас тірелгендей болды. Ал Мұхаңның сол сәттегі кейіп-келбеті осы күнге дейін көз алдымда: екі алақанын қабыстырып, төбесінен асыра көтеріп, өзіне ғана тән әдетінше, аса бір жылы мейірмен ездуден ғана сыпайы күлімсіреп:

– Рақмет сендерге! Екеуіңнен де айналайын! – деді. Біз кітапты кезекшіге беріп, жұмысқа кеттік. «Екеуіңнен де айналайын!» Бұл «айналайын» жай ғана қарапна сөз емес-ті. Ұлы адамның ұлы жүрегінен шыққан шынайы ықыласы еді және де ол маған емес, Бейсенбай Кенжебаевқа арналған еді.

Бейсақанның айтуынша, «Абай» романы социалистік реализмге жат, ұлтшыл, буржуазияшыл шығарма деп, Орталық Комитеттің сол кездегі бірінші хатшысы Скворцов та, Комитет хатшысы Әбдікалыков та кітапты шығаруға қарсы болған. Бұдан Мұхаң, әрине, хабарлар. Қалай екенін қайдам, жоспарға бір еніп кеткен кітапты (*ол кезде жоспар орындау деген мызғымас заң еді ғой*) қайткенде де шығарту сылтауын пайдаланып, баспаның бас редакторы басын тәуекелге байлап, шаруаны тізеге салып шешкен сияқты. «Тіліне сәк бол» деп маған да ескерткені сол ғой деймін. Оның үстіне, кітап өндірісте жатқанда Орталық Комитетке арыздар да түсіп қалуы ғажап емес. Әйтпесе, жоспарды баста өздері бекіткен хатшылар енді неге қарсы болады?

«Абайдың» одан арғы тағдыры айдай әлемге аян. Енді соған байланысты бір жайтты айтқым келеді. Роман шыққасын көп ұзамай Бейсақан маған:

– Осы кітап туралы мақала жаз. «Социалистік Қазақстанда» Әлиманов Бәйдебекпен келістім. Кітапты оқып шыққан екен. Мақаланы күтіп отыр, – деді.

Қатты қиналып (*алғашқы рецензиям ғой*), бір нәрселердің басын шатып жазғанымды Бейсақана апардым. Есімде қалғаны, мақалаға «Қазақ өмірінің энциклопедиясы» деп ат қойды. Бейсақан жазғанымды алып қалды да, ертеңіне, бетін біраз-ақ шимайлаған екен, көзімше мәшинкеге берді. Үш-төрт күннен кейін, екі автордың атымен мақала жарық көрді. Сонымен, кеменгер жазушының ғажайып шығармасына алғаш пікір айтып, оған жоғары баға берген екі әдебиетшінің бірі мен екем. Оны орынды

айтады: «Тағы бір сәл қолымыз босағанда Бейсақан ылғи қолында жүретін портфелінен ашық жасыл колденкормен тысталған бір кітапты алып берді. Омар Хаямның Румер орысшаға аударған «Рубаят» деген кітабы екен. Бұл да алғаш естіген ақыным. Оқи бастап ем, түбіне тартып бара жатқан тұңғыш иіріміндей сиқырлы дүние. Бейсақан ол туралы да біраз мағлұмат беріп:

– Иә, ал осы кітапты. Кейін қазақшаға аударып, Әбу екеуімізге көрсетерсің. Жақсы аударсаң, бастырамыз, – деді.

Әрине, бұл шаруаға бірден кірісіп кеткем жоқ. Бірақ жиырма үш жылдан кейін данышпан Омар қазақ қауымымен менің аудармам арқылы тұңғыш кездесіп, үлкен ізет-құрметпен қабылданды. Бұл үшін мен қамқоршы ағам Бейсенбай Кенжебаевқа өмір-бақи қарыздармын».

Бұл – шәкірттің ұстазына деген ыстық ықыласы, ерекше құрметі. Әйтпесе, қазақ әдебиетінің қоржынына Омар Хаямның жауһар шығармалары салынбас еді.

«Болған іс, басымнан өткен уақиға ретінде бір жайды айтпасам болмайды: мен өзімнің әлеуметтік өмірімде сынға, талқыға көп түстім. Әсіресе қырқыншы, елуінші жылдары жиырма жыл бойына дерлік үздіксіз орынды, орынсыз сыналып, айыпталып, соққы көріп жүрдім», – деп Бейсекең осы кезеңдерді айтса керек.

Бейсенбай Кенжебайұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, зерделі зерртеуші, санлақ сыншы, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, жампоз журналист-жазушы, білімді де білікті баспагер, алғыр аудармашы. Қазақ баспасөзі мен радио ісін ұйымдастырушылардың бірі.

Ол 1944 жылдан бастап өзі оқыған кара шаңырақта аға оқытушы, филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов еңбек еткен кафедрада ширек ғасырдан аса уақыт бойы менгеруші, 1975–1987 жылдары профессор болып абыройлы қызмет атқарады. 1946 жылы «Сұлтанмахмұттың ақындығы» деген тақырыпта кандидаттық, ал 1959 жылы «Қазақтың XX ғасырдың басындағы демократ ақын-жазушылары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Осы орайда Бейсенбай Кенжебайұлының Қазақстан Жазушылар одағын және қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің журналистика бөлімін ұйымдастырушылардың бірі немесе КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы тіл, әдебиет секторының басшысы болғанын тілге тиек ете кеткеніміз жөн.

Ғалым-ұстаз жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын, «XX ғасырдың басындағы қазақтың демократ жазушылары» монографиясын, «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын»,

«Көне әдебиет туралы», «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты ғылыми еңбектер жазады. 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты кітаптың фольклорға қатысты тарауларын жете зерттейді. «Жамбыл Жабаев – қазақ халқының жыршысы», «Біржан сал мен Сараның айтысканы» еңбектерін жариялайды. «Асау жүрек», «Тымпи», «Қазақтың күлдіргі-сықақ әңгімелері», «Көнілашар» атты сатиралық фольклорды және «Шындық пен шеберлік», «Шұғылалы күндер суреті», «Сөз туралы сөз», «Жылдар жемісі», «Әдебиет

биетінің аламан бәйгесіне қосады. Соның арқасында Ежелгі әдебиеттен бастап, Орта ғасырдағы әдебиет, Алтын орда дәуірі, Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетке дейін терең зерттеледі. Сөйтіп, қазақ әдебиетінің тарихы XVIII ғасырдан VIII ғасырға дейін тереңдетіліп, тақырып аясы кеңіді. Осы жерде ерекше айта кететін жайт, Бейсекен ұстаздық еткен, яғни 1944–1987 жылдары дәріс берген шәкірттерін айтпағанда, 40-тан астам ғылым кандидатын, 5 ғылым докторын даярлаған екен.

«Әдебиет тарихы халық тарихымен

батпан-батпан, тай-тай жүкке айналдырып, қияметтің қыл көпірінен арқалап өтуім керек екен. Бейсекем мені аямады немесе ғажайыпқа сенді. Осы уақытқа дейін жер әлемде қалған қазақ ішінде жалғыз-ақ ұлтшыл бар, ол – мен деп ойлаушы едім. Шын фанатик ұлтшыл – менің ұлы ұстазым Бейсенбай Кенжебаев екен», – деп тебіренеді.

«Көне түркі әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» деген тың тақырыпта сүбелі еңбек жазған Бейсекеннің алымды шәкірттерінің бірі Мырзатай Жолдасбеков: «Жалпы, қазақ әдебиетінің тарихын тереңнен қопарып зерттеуде, зерделеуде, жүйелеуде, бүгінгідей ғылыми деңгейге жеткізіп қалыптастыруда Бейсенбай Кенжебайұлының атқарған қызметі, сіңірген еңбегі баға жетпестей орасан зор. Ол өзінің бүкіл өмірін осыған арнады» десе, ал филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғара Дәдебаев өзінің естелігінде былай дейді: «Қазақ әдебиеттану ғылымы алып тұлғаларының бірі, профессор Бейсенбай Кенжебайұлының ғылыми және ұстаздық өмірі – маңызды да мәнді, үлгісі мен өнегесі мол өмір. Бейсекеннің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мен зерделеу жұмыстарын жүргізу, ұйымдастыру, басқару саласындағы жетістіктерінің әлеуметтік маңызы мен мәні өлшеусіз зор. Қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан VIII ғасырға дейін тереңдетіп, он ғасырға байыту – профессор Бейсенбай Кенжебайұлының қайтпас қайсар табиғаты, халықтың рухани асыл құндылықтарына деген ерекше құрметі мен сүйіспеншілігі, ғылыми ойлаудағы даралығы мен даналығы нәтижесінде қол жеткен жетістік».

Міне, бұл пікірлер біздің жоғарыда айтқан сөзімізді толықтырып, жандандыра түседі.

Сөз соңында айтарымыз, мұның бәрі – бір адамның емес, бір институттың атқаратын шаруасы. Оның үстіне, ұлтты ұлықтайтын ұлы істерді коммунистік партияның қылышынан қан тамып тұрған кезде жасау – үлкен ерлік. Мұны сол кездің өзінде Бауыржан Момышұлы біліп, бағамдап: «Мені жұрт батыр дейді, халық құрметіне рақмет! Бірақ мен әдебиет майданының бір батырын білемін, мақтаныш тұтамын. Ол – профессор Бейсенбай Кенжебаев. Ұлт әдебиетін сан ғасырларға ілгерілетуден артық қандай батырлық керек?! Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге бар ғұмырын арнап келе жатқан ол – нағыз Қаһарман!» – деп бағалаған екен.

Ал қазақтың заңғар жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбай: «Жиырмамыншы ғасырдағы қазақ көркем сөзі мен ойының өрлеуіне, қазақ азаматы санасының қалыптасуы мен дамуына қадірлі Бейсекендей – Бейсенбай Кенжебайұлындай еңбек сіңірген азамат кемде-кем. Ол социализм дәуірлеп тұрған өткен кездің өзінде де халқымыз бен мәдениетіміздің тарихын тереңнен қозғап, оның әлеуметтік-философиялық салмақалығын жан-жақты талдап бере алды. Ғалым ретінде де, ұстаз ретінде де кейінгі кезеңдегі рухани гүлдеуімізге мұрындық бола білді. Азат елдің азат ойының дәуірлеу тұсында Бейсекен ұлт болып тағзым етуіміз әбден заңды», – дейді.

Иә, расында, қазақ халқы һәм қазақ әдебиеті үшін қиуар қызмет атқарған қайраткерге қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Өйткені ол көзі тірі кезінде Қазақ Ұлттық ғылым академиясының академигі атағын ала алмады. Мемлекеттік сыйлық берілмеді. Ол осы марапаттарға әбден лайық еді. «Ештен кеш жақсы» дейді атам қазақ. Сондықтан оның атына Алматы, Астана, Түркістан қалалары мен барлық облыс орталықтарынан көше, мектеп және бір жоғары оқу орнын берсе, нұр үстіне нұр болар еді. Әдебиет және журналистика салалары бойынша сыйлық пен стипендия тағайындалуы қажет. Сондай-ақ туып-өскен өңірінде немесе қызмет атқарған қаласында мүсінін қойса да артықтық етпес еді. Осы ұсынысымызды Мемлекет және Үкімет басшылары ескерер деген үкілі үмітіміз бар.



белестері» атты мақалалар мен естеліктер жинағын тасқа бастырады. Сонымен қатар Абай, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, М.Сералин, М.Көпеев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Шәріповтің өмірі мен шығармалары туралы және қазақ баспасөзінің тарихына арналған сүбелі еңбектер жазып, ғылыми айналымға түсіреді. Сондай-ақ ол – «Сұлтанмахмұт Торайғыров» деректі фильмінің авторы. Осы тұста Бейсенбай Кенжебайұлының абайтану ғылымының негізін қалап, оның дамуына зор үлес қосқан тұлға екенін де айта кеткеніміз абзал. Бұдан бөлек, аудармамен айналысып, Г.Мопассан, Э.Хемингуэй, Я.Гашек, А.Чехов, К.Федин, А.Сорокин, Лу Синь, Б.Полевой, Ф.Панферов, Ф.Гладков, Е.Мальцев секілді алыптардың туындыларын қазақ тілінде сөйлетеді. Ұстаз-ғалымның М.Фетисовпен бірге А.Пушкин шығармаларының қазақша библиографиялық көрсеткішін жасағанын да біреу білсе, біреу білмес.

Аса ерекшелеп айтатын жайт, ол қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан қаншама шәкірттер тәрбиеледі. Атап айтар болсақ, олар – Қуандық Шанғытбаев, Зейнолла Қабдолов, Темірбек Қожакеев, Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбай, Рахманқұл Бердібай, Тұрсынбек Кәкішев, Нұрмахан Оразбекұлы, Рымғали Нұрғали, Қабболла Сыдиықұлы, Алма Қыраубаева, Баянғали Әлімжан, Құлбек Ергөбек, Жанғара Дәдебаев, тағы басқа көрнекті жазушылар мен ұлағатты ұстаз-ғалымдар. Солардың талапты да таланттыларын тай кезінде талап, қазақ әде-

тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі, сүрлеуі: ол қай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады. Демек, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихы да қазақ халқы азаматтық тарихының ізімен жасалуы тиіс» деген қағиданы ұстанған ұстаз сол мақсаты мен мүддесіне біз жоғарыда атаған шәкірттері арқылы жетті.

Кенестік кезеңнің кезінде қазақтың ғұлама ғалымы, абайтанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қайым Мұхамедханұлының өзі Бейсенбай Кенжебайұлының қазақ әдебиеті тарихын ежелгі дәуірден бастау қажет деген бастамасын қуана қолдап, жылы пікір білдіреді. Сонымен бірге өзі қызмет атқарып жүрген Семей педагогикалық институтындағы шәкірттеріне Әбунасыр әл-Фараби, Қадырғали Қосынұлы Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати туралы дәріс оқып, олардың әрі қарай ізденуіне, тақырыпты қаузап зерттеуге жол сілтейді.

«Бейсенбай Кенжебайұлы – халқымыздың тарихынан биік орын алған ұлы тұлға, – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев. – Қазақ әдебиетінің тарихын, оның әдебиеттану ғылымы мен сынын бұл кісісіз алып қарау мүмкін емес. Сол сияқты қазақ баспасөзінің тарихы да, қазақ журналистикасының көптеген теориялық-практикалық мәселелері де Бейсекен есімімен тығыз байланысты».

Қазақтың қабырғалы қаламгері Мұхтар Мағауин өзінің «Ұлы ұстазым – Бейсенбай Кенжебаев» атты мақаласында: «Бейсекеннің маған артқан жүгі ақылға сыймас ауыр еді. Ауыр емес, буалдыр, елесі жоқ. Сол жоқты барға көшіріп, селдір тұманды

● Мүшәйра:

**Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл және ақынның туған жері Райымбек ауданының (Нарынқол) құрылғанына 90 жыл толуына орай Райымбек ауданының әкімдігі мен «Мұқағали» журналының редакциясы бірлесе отырып**

**«Жетісудың жеруығы – Нарынқол» деген атпен республикалық жыр мүшәйрасын жариялайды.**

**Мүшәйраның мақсаты:**

Жыр бәйгенің негізгі мақсаты – жер жанның саналатын Жетісу өлкесінің ең шұрайлы, табиғаты тамаша Нарынқол өлкесін, бауырынан талай тарландар ұшып шыққан Хантәңірі шыңының баурайындағы аспантаулар әлемін жырға қосып, ел мен жердің қасиетін дәріптеп, бүгінгі ұрпақтың бойына патриоттық ұлы сезімді ұялату. Кезінде бұл жерлерді дүлділ ақын Ілияс Жансүгіров «Жетісу суреттері» толғауында, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «Атамекен» поэмасында жеріне жеткізе жырласа, осы сұлу табиғатты көзімен көрген басқа да ақындар тамсана жыр жазды.

Бұл жолы да жыр додасына қатысқысы келетін ақындарға осындай талаптар қойылады. Мұқағалидың 95 жылдығына орайластырып, тек Мұқағалиға арналып жазылған жырлар есепке алынбайды. Жырлар ақын емес, ақынның кіндік қаны тамған жер, өлке жайлы жазылғаны жөн.

**Мүшәйраның шарттары:**

1. Мүшәйраға қатысқысы келетіндердің жасына шектеу қойылмайды;
2. Байқауға тек бір өлеңмен қатысуға болады. Жіберілген өлең екі беттен аспауы керек;
3. Мүшәйраға бұрын еш жерде жарияланбаған жырлар ғана қатыса алады;
4. Бәйге шартына сай келмейтін, көркемдігі төмен шығармалар қазылар алқасының талқысына ұсынылмайды;
4. Жұлде қоры өзгертілмейді;
5. Өлеңдер электрондық нұсқада Microsoft Word форматында (14-шрифт, жол арасы 1 интервал) Times New Roman қарпімен ұсынылуы қажет;
6. Мүшәйраға қатысушы шығармасын, қысқаша өмірбаянын, байланыс нөмірін, өзінің толық аты-жөнін, мекен-жайын [mukagalijurnali@mail.ru](mailto:mukagalijurnali@mail.ru) эл. поштасына жіберуі керек;
7. Бәйгеге жіберілген шығармалар маусым айының 10-ына дейін ғана қабылданады;
8. Жұлде алған шығармалардың авторлары биыл шілде айының бірінші оқундігінде өтетін мерейтой кезінде марапатталады.
9. Жұлдегерлер баратын жердің жол шығынын өздері көтереді.
10. Қазылар алқасы белгілі әдебиетшілер мен ақындардан құралады. Қазылар алқасы мүшелерінің аты-жөні жария етілмейді;
11. Мүшәйраға қатысқан ақындардың жырлары алдағы уақытта жеке жыр жинағы етіп шығару мүмкіндігі қарастырылуда.

**Мүшәйраның жұлде қоры:**

*Райымбек батыр атындағы Бас бәйге – 1 000 000 (бір миллион) теңге;*  
*Мұқағали атындағы Бірінші орын біреу – 700 000 (жеті жүз мың) теңге;*  
*Сағат Әшімбаев атындағы Екінші орын біреу – 500 000 (бес жүз мың) теңге;*  
*Оразалы Досбосынов атындағы Үшінші орын біреу – 300 000 (үш жүз мың) теңге;*  
*Үш ақынға ынталаңбыру жұлделері – әрқайсысы 150 мың теңгеден.*

## Серікқазы ҚОРАБАЙ,

Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының сарапшысы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор

**Қазақта кемеңгер деген те-рең мағыналы сөз бар. Рухани кемелдікке жетіп, даналық қасиеттерді меңгерген тұлғаны кемеңгер дейді. Мұндай кемеңгер адам болмыстың заңдылықтарын терең түсініп, толық сезінеді және өзі де сол заңдылықтар аясында, ауытқымай өмір сүреді. Ол өзінің бүкіл іс-әрекетін, барша ғұмырын жеке бастың қамына емес, мәңгілік құндылықтарға, жалпы адамзаттық ізгі мақсаттарға бағыттап, өз замандастарына, кейінгі өскелең ұрпаққа өнеге болып, игі ықпалын тигізеді.**

Міне осындай ізгі қасиеттерімен танылып, ғылымда озық нәтижелерге жеткен аса көрнекті фольклортанушы-ғалым, академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов нағыз кемеңгер тұлға еді. Бүкіл саналы ғұмырын ғылымға арнаған ғалым асқан талантымен, кемеңгерлігімен әрқашан замандастары мен жастарға үлгі болып, үлкен із қалдырды. Ол мұндай қасиеттерді кішкентай кезінен бастап бойына сіңіре отырып, кемеңгерлік деңгейге көтерілді.

Сейіт Қасқабасов есімі әлемнің көптеген елдеріне білікті фольклортанушы-ғалым ретінде кеңінен белгілі. Ол айналысқан ғылыми зерттеулер ауқымы әртүрлі болатын: фольклор, әдебиет, өнер, этнография, мәтінтану, аударма және тіл білімі. Ғалым ретінде ол атақты А.Веселовский, В.С.Миллер, М.Сперанский, ағайынды Борис және Юрий Соколовтар, В.Пропп, В.Жирмунский, В.Чичеров зерттеулері арқылы даңқы өрлеген академиялық әдебиеттану мектебі дәстүрінде қалыптасты. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының екінші курсына оқи жүріп ғылымға бейімділігін танытады, белгілі ғалым, Қазақстан ҒА корреспондент-мүшесі Н.С.Смирнованың жетекшілігімен фольклор жинаумен және зерттеумен айналысады, студенттік ғылыми конференцияларда баяндамалар жасайды, арнайы фольклорлық экспедицияларға шығады. Көп ізденіп оқиды, фольклор, әдебиет және өнер әлеміндегі барлық жаналық атаулыны зердесіне тоқиды, тіпті музыка теориясын да назардан тыс қалдырмайды. Бесінші курста оқып жүріп, 1964 жылы сабақтас досы Едіге Тұрсыновпен бірігіп жазған «Ертегіші Шалқарбай Дауылбаев» деген мақаласы классик жазушы, академик Сәбит Мұқановтың 60 жылдығына арналған «Қазақ филологиясының мәселелері» жинағында жарық көреді. Бұл оның алғашқы ғылыми еңбегі болатын.

Ол осылай талмай ізденіп, ғалым болып қалыптасты және бүкіл өмірін ғылымға ғана арнады.

Сейіт Асқарұлы ұлт тарихында өшпес із қалдырған, жас кезінде батасын алған ғұламалар Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұлан және өзі ерекше құрмет тұтып, үлгі алған ұстаз ағасы, академик Зәки Ахметов сияқты кемеңгер ғалым атанып, фольклор ғылымының шамшырағы деңгейіне көтерілді.

Ғалым ұлттық фольклорды зерттеу арқылы даңққа бөленіп, әлемге танылды. Ол жеке дарын-қабілетімен қазақ фольклорының құпия сырларын ашып, фольклор туралы классикалық ғылымның негізін салушылардың бірі болды.

Ол дегдар тұлға еді, себебі тұмысында бітеқайнаскан кісілігі, қайраткерлігі, қажырлығы, еңбекқорлығы һәм ұлтжанандылығы ғажап болатын. Сондықтан да шынайы оқымысты тұлға болып қалыптасты, ерекше қасиеті еңбектерін қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазды.

Академик С.Қасқабасов фольклордың прозалық жанрларын зерттеуде үлкен табыстарға қол жеткізіп, отандық фольклортану ғылымының дамуына үлкен үлес қосты, оны халықаралық деңгейге жеткізіп, фольклортанушылардың жаңа буыны мектебін қалыптастырды, республикада алғаш

рет фольклорды этнография, археология, тарих және тіл білімі материалдарын пайдалана отырып кешенді түрде зерттеу әдісін тиімді қолданып, фольклорды оның бүкіл жүйесі бойынша кең тарихи кезеңдік тұрғыда қарастырудың негізін қалады.

Қазақ халқының бүкіл прозалық фольклорын іргелі зерттеу және оның құрамында бұрын қазақтың дәстүрлі мәдениетіне тән емес деп есептеліп келген сөз өнерінің ежелгі түрінің бірі – архаикалық мифологияның ашылуы Сейіт Қасқабасов есімімен тікелей байланысты. Кең тұрғыдағы кешенді зерттеу негізінде ол тұңғыш рет бүкіл фольклорлық прозаның жанрлық құрамын анықтады, олардың жіктелуін айқындап, әр жанрдың диахрондық және синхрондық жақтарына типологиялық сипаттама берді. Ол қазақтардың фольклорлық прозасында үлкен эволюциялық даму жолынан өткен және бір-бірімен тығыз байланысты қарапайым түрінен бастап жоғары көркем деңгейдегі жанрлардың тұтас бір жүйесі бар екенін анықтады.

С.А.Қасқабасов қазақтардың ауызша прозасын әлемдік фольклормен салыстырмалы-типологиялық зерттеу аясында прозалық фольклордың алғашқы қауымдағы мифтерден классикалық көркем жанрларға дейінгі дамуының жалпы және дербес заңдылықтарын айқындап, мифтердің рулық құрылыс дәуірінде пайда болу үрдістерін, олардың құл иеленуші мемлекет пен феодалдық қоғамда өзгеріске ұшырауын көрсетті. Ол көне заманда түркі және славян халықтарында, ежелгі Греция, Рим, Мысыр, Үндістан және Қытай елдеріндегі-дей соншалықты дамыған политекстикалық мифологияның болмау себебінің жұмбағын ашып берді.

Академиктің ғылыми еңбектері қазақ фольклорының тұтас бір бөлігін – мифология мен ауызша прозаны ашып, тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізді. Ғалым мифтер әлемі мен ауызша прозаны халық шығармашылығының біртұтас жүйесінде және кең тұрғыдағы тарихи-типологиялық ауқымда алғаш рет зерттеді. Бұл зерттеу нәтижелері қазақ прозалық фольклоры сюжеттерінің байлығы мен жанрларының көптігін ғана көрсетіп қоймай, бүкіл ауызша шығармашылық өзгешелігін, оның әдебиетпен, өнермен және этнографиямен байланысын және туыстығын тұжырымдамалық тұрғыда ашып берді.

Ғылыми зерттеудің басқа еңбектерден басты айырмашылығы – нақтылы дерек көздеріне, объективті шындыққа негізделіп, жүйелілігі мен тұжырымдарының дәлдігінде. Әдебиетші ғалымға бірінші кезекте зерттеудің толықтығы мен дәйектілігі шарт. Ғылыми мәселеге арналған еңбектердің осындай өзіне тән белгілері көбірек болса, олардың құндылығы да соғұрлым арта түспек. Бұл ақиқат академик С.А.Қасқабасовтың фольклор мен әдебиет туралы зерттеулерінен нақты байқалады.

Ғалым қазақтың қиял-ғажайып ертегілерін ұлттық фольклортану ғылымында алғаш рет зерттеп, олардың түрі мен тегін, жанрлық ерекшеліктері мен фольклорлық даму дәстүрі аясындағы орнын, бейнелер жүйесін, көркемдік ерекшеліктерін жан-жақты саралады. «Казаская волшебная сказка» атты тұңғыш монографиясында пайымдағандай, ол қиял-ғажайып ертегілерді қазақ ауыз әдебиетінің ең көне жанрларының бірі ретінде қарастырып, шығу мезгілін алғашқы қауымдық дәуірге жатқызады. Қазақ ертегісінің бұл ерекше жанрында адамзаттың ерте замандағы өмір сүру дағдысының көптеген белгілері сақталғанын тұжырымдады.

С.Қасқабасов қиял-ғажайып ертегілерін жүйелі түрде зерттеу барысында фольклорлық экспедиция материалдарын, сирек кездесетін қолжазбалар мен кітаптарды мольнан пайдаланып, ғылыми сараптама жасады. Ол осы ертегілердің жанрлық өртүрлілігін, батырлық жырлардың қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеті мен көркемдік ерекшеліктерін, құрылымына тигізген әсерін жан-жақты зерттеп, бұл ертегі жанрының басты эстетикалық мұраты халық идеалы екенін дәлелдеп берді.

Ғалым қазақтың прозалық фольклорындағы ертегілік проза мен ертегіге жатпайтын прозаның өзіне тән жанрлық ерекшеліктерін

алғаш рет ғылыми дәйектілікпен саралап берді. Фольклортану ғылымының дәлелді теориялық қисындарын келтіре отырып, қазақтың прозалық фольклорының генезисі мен даму жолдарын, типологиясы мен поэтикасын соны ой-тұжырымдармен айшықтады, миф, ертеке, аңыз, әпсана, хикая, жағдаят сияқты жанрлардың өзіндік өзгешеліктері мен ортақ белгілерін нақты ашып көрсетіп, оларға алғаш рет ғылыми сипаттама жасады.

Қазақтың халық прозасын зерттеу барысында ғалым шығыс, батыс фольклорында қалыптасқан халық прозасының терминдік атауларын сол қалпында ала салмай, олардың ерекшеліктеріне терең мән берді, қазақ қоғамы, қауымы,

кең таралған мифтік атауларға алғаш рет терең талдау жасады.

С.Қасқабасовтың ғылыми үлкен бір белесі – «Казаская сказочная проза» атты монографиясы. Қазақтың байырғы аңыз-әңгімелерін зерттеудің түп-қазығы еткен «Қазақтың ертегіден тыс прозасы» атты бұл іргелі еңбекте фольклор жанрларының теориясы мен олардың қазақ прозасын саралаудағы маңызы, халықтық проза жанрларын жіктеу мәселелері мен архаикалық мифтердің қазақ фольклорында ежелден қалған жұрнақтары туралы ғылыми-ой тұжырымдар пайымдалып, хикая түріндегі мифологиялық әңгімелер, тарихи және мекендік аңыздарға жан-жақты талдаулар жасалады, әпсана-хикаят пен оның түрлері

# КЕМЕҢГЕР



тұрмыс-тіршілігі, бүкіл-болмысы Еуропа елдерінен өзгеше екеніне назар аударып, соған орай оның фольклоры да басқаша болатынын пайымдау негізінде қазақ мифінің еуропалық ұғымындағы мифтен бөлек, өзіндік ерекшелігі бар көне жанр екенін саралады, миф туралы мазмұнды да мағыналы, ғылыми ой түйді, әлемдік фольклортанудағы мифке берілген анықтамаларға шолу жасап салыстырулар арқылы қазақ фольклорында мифтің ежелден болғанын нақты дәлелдеп берді.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі аңыздар мен ертегілер фольклордың прозалық үлгілері ретінде қарастырылған «Қазақтың халық прозасы» монографиясында ғалым тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде халық прозасын генезистік және тарихи даму тұрғысынан қарастыру барысында оны аңыздық және ертегілік проза деп екі үлкен топқа бөліп, олардың өзіндік даралық қасиеттеріне терең үнілді, аңыздық прозаның ертегілік прозадан көне екенін дәлелдеді, аңыздық прозаның тарихи-танымдық қызмет атқаратынын, ал ертегілік прозаның эстетикалық және тәрбиелік мақсаттарға қызмет атқаратынын ашып берді. Ғылыми ізденістер барысында хикая жанрының табиғатын, шығу тегін анықтап, өзіндік төл ерекшеліктерін айқындады. Әпсана-хикаят жанры бұрын-соңды қазақ фольклортану ғылымында зерттелмегенін ескерсек, С.Қасқабасов бұл жанрдың уақыт өте келе ертегілік сипатқа ие болған ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсетті.

Монографияда қазақтың халық прозасындағы жанрлардың бәрі дерлік қамтылып, ғылыми бір жүйеге түсірілген, әр жанр түрінің терминдік атаулары да ретке келтірілген. Ғалым халықтық демонологияны зерттей отырып, қазақтардың көне наным-сенімдерімен байланысты албасты, күлдіргіш, үббе, жезтырнақ сияқты кейіпкерлер мен шайтан, дию, пері, жың сияқты

ашып көрсетіледі.

Ғалым ертегіден тыс прозаның аңыз бен әпсана сияқты жанрларын осыған дейін жалпылама түрде аталып келген аңыз-әңгімелер деген ұғымнан жеке ажыратып алады да, аңыздың тарихи оқиғалармен, тарихи тұлғалармен байланысты екенін атап көрсетіп, ал әпсаналарда діни сюжеттің басты орын алып, қиялға ерекше маңыз берілетінін жан-жақты қарастырады.

Осы монографияда ертегіден тыс проза алғаш рет бір жүйеде зерттеліп, құрылымы, поэтикасы, көркемдік ерекшеліктері нақты айқындалды, ғалымның бұл іргелі еңбегі арқасында қазақ фольклортану ғылымы тарихында жаңа бір үрдіс – қазақ халық прозасын салалап зерттеудің негізі қалыптасты.

С.Қасқабасов қазақ фольклорының өнер сипатына да көңіл бөліп, бірнеше зерттеулер жазды. «Родники искусства» атты еңбегінде фольклорлық этюдтерді халықтық өнер бастауларымен тығыз байланыстыра отырып, фольклорды қазіргі көркем өнердің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырды. Қазақтың фольклорлық мұрасы мен қазіргі мәдениеттің өзара байланысын фольклордың қазіргі әдебиет пен театрға, кәсіби музыка мен кино және бейнелеу өнеріне тигізген әсерін саралап, тұжырымды ой-пікірлер қорытты.

Ғалым қазақтың халықтық драмалық шығармашылығын күнделікті кәсіптік және әдет-ғұрыптық форма, ойын-сауықтық форма және театрлық кәсіби өнердің балаң формасы деп үш топқа бөліп пайымдады. Күнделікті кәсіптік және әдет-ғұрыптық формаға тұрмыстық шаруашылық салттар, той-думан, аза тұтуға байланысты әртүрлі жоралғылар мен ауызекі поэтикалық шығармаларды жатқызса, ойын-сауықтық форма тобын түрлі ұлттық ойындар мен ойын-сауық көріністері құрайтынын зерделеп, театрлық кәсіби өнердің балаң формасы ретінде сал-сері, әнші-ақындардың, күлдірі

қушыкештер мен сайқымазақтар қызметін, жартылай кәсіби актерлердің жәрменкелердегі ойындарын, XX ғасырдың бас кезінде ашылған алғашқы драмалық үйірмелерді қатқызды. Олардың фольклорлық негізін саралап, нақты ғылыми ой-тұжырымдар жасайды. Трагедияның фольклорлық үлгісінің драмалық шығармаларға өзгеру жайын жеке зерттеп, фольклорлық трагедияны лиро-эпикалық форма және дастандық форма деп екі түрге бөліп қарастырады, әр форманың даму сатылары мен ерекшеліктерін, өзгеру үрдісін талдап көрсетеді. Сонымен бірге қазақтың фольклорлық мұрасы мен қазіргі мәдениеттің өзара байланысын фольклордың қазіргі әдебиет пен театрға, кәсіби музыка мен кино және бейнелеу

арқылы дәлелдеді.

Қазақ фольклортану ғылымының тарихын зерттеу ісі XX ғасырдың 70-жылдарында мықтап қолға алынғанда осы жұмыстың бел ортасында С.Қасқабасов жүрді. Қазақ фольклористикасының даму жолдарын баяндап, ауыз әдебиетінің зерттелуі жайы оның негізгі жанрлары бойынша сөз болған, қазақ фольклорын зерттеген көрнекті ғалымдардың шығармашылық портреттері қамтылған «Қазақ фольклористикасы» атты ұжымдық еңбекте (1972) ғалымның қазақ фольклоры туралы көптеген іргелі ғылыми еңбектер жазған көрнекті фольклортанушы-ғалым Н.С.Смирнова жайында толымды зерттеуі жарияланды. Ал қазақ халық ауыз әдебиетінің ерте заманнан

# ҒАЛЫМ

өнеріне тигізген әсерін саралап, тұжырымды ой-пікірлер қорытады.

Фольклортанушы-ғалым фольклордың өнерлік сипаты туралы ойларын басқа зерттеу еңбектерінде де өрбітті. М.Әуезовтің ұлттық театр негіздерін қазақ фольклорынан іздеу қажеттігі туралы идеясын дамытып, «Қазақтардың фольклорлық театры» атты зерттеу жазды, халық ойындары, фольклор түрлері театрдың ойындық түрлері деп талданды.

С.Қасқабасов қазақ фольклорының басқа да жанрларын зерттеуге батыл барып, өзіндік жаңа ой-тұжырымдар жасады. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек» ғашықтық жырларының ғылыми басылымдарын дайындау барысында бұл халықтық шығармаларды арнайы зерттеп, ұлттық фольклортану ғылымында бұрын айтылмаған тың пікірлер білдірді: «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосының түркі халықтарына ортақ көне жыр екенін, яғни 1500 жыл бұрын жасалған туынды екенін нақты дәлелдеп, жырды ғылыми зерттеудің жаңа тұжырымдамасын ұсынды: қос ғашық туралы жырдың түпкі сюжеті осында он бес ғасыр уақыт бұрын, Түркі қағанаты заманында пайда болып, жүйелі жыр ретінде Алтын Орда мемлекеті тұсында дамығаны, Қазақ хандығы кезінде үлкен эпостық туындыға айналу үрдісі жалғасып, XVIII-XIX ғасырларда жұртшылық қошамаетіне бөленген бірегей халықтық шығарма ретінде көркемдігі жоғары эпикалық туынды деңгейіне көтерілгені туралы жан-жақты талдады. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының ел ішінен жиналып, баспа бетін көруі, зерттелуі жайы, қазақ және басқа туыстас түркі халықтары арасында таралу жағрапиясы туралы деректер келтіріп, алтай, татар, башқұрт және қазақ нұсқаларының сюжеттік, мазмұндық ұқсастықтары мен айырмашылықтарына тарихи-типологиялық салыстырулар жүргізді, жырдың қазақ даласында пайда болуы мен классикалық эпосқа айналу жайын тереннен қозғап, тақырыптық, құрылымдық, көркемдік ерекшеліктерін жаңаша пайымдады, әлемдік фольклордың бұл баға жетпес ескерткішінің арғы түп-тамырын, көне заманғы сюжеттік негізін, жырдағы әр дәуірдің көріністерін тапты.

Ал «Қыз Жібек» эпосына байланысты жүргізген ғылыми ізденістері барысында ғалым бұл туындының екі үлкен жырдан тұратыны туралы қорытындыға келді, яғни «Қыз Жібек» эпосы біріктірілген жыр екенін дәлелдеп берді. Шығарманың бірінші бөлігі Төлеген мен Жібектің махаббаты туралы ғашықтық жыр, ал екінші бөлігі Жібек пен қаза Төлегеннің інісі Сансызбайдың ара-қатынасы туралы батырлық жыр екеніне көз жеткізіп, фольклортанушыларды елең еткізген ғылыми жаналық жасады.

Ғалым тарихи жырларды арнайы зерттеп, олардың жанрлық сипатын ашты, бұл жырдың тарихи өлең мен батырлық эпостан бөлек дербес жанр екені: «Тарихи жыр-түптеп келгенде батырлық жыр мен тарихи өлеңнің аралығындағы жанр» деп оның бірте-бірте цикленіп, үлкен жырға, яғни жаңа жанрға айналу үрдісін саралау

1917 жылға дейінгі аралықтағы жиналу, жариялану, зерттелу тарихына арналған «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты ұлттық фольклортану ғылымының беделін арттырған іргелі ұжымдық монографияда (1988) бұл кезде есімі республикадан тыс жерлерге танылған білікті ғалымның бірнеше зерттеуі жарияланды. Осы еңбектің көлемді бір бөлімін құраған «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы» атты тарауында С.Қасқабасов осы кезең аралығындағы қазақ халқының ауыз әдебиетінің дамуы мен жиналуы, жариялануы мен зерттелуі жайынан әңгімелеп, фольклор мұраларын жинаған зиялы қауым өкілдерінің жинаушылық, ғылыми-шығармашылық ізденістері мен көзқарастарына терең талдау жасайды. Қазақ фольклортану ғылымының қалыптасу кезеңіндегі Ш.Вәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, В.Радлов, Г.Потанин, Н.Березин сияқты қазақ, орыс ағартушылары мен ғалымдарының айрықша сіңірген еңбектері аталып қана қоймай, ауыз әдебиетінің өріс-арнасын кенейтуі соны құбылыс болғаны туралы тың қорытындыға келді. Бұл тарау ғылыми еңбектің қомақты бір бөлігі ретінде ерекшеленіп, байыпты пайымдаулармен айшықталды.

Осы ұжымдық монографияда ұлы ақын Абай Құнанбайұлының фольклортанушылық қырлары туралы алғаш рет зерделі зерттеу жарияланды. Бұл тарауды да жазған С.Қасқабасов Абайдың халық ауыз әдебиетіне қатысы, қазақ фольклоры жайындағы ғылымның қалыптасуына қосқан өзіндік үлесі туралы сөз қозғап, ұлы ақынның өз шығармашылығында фольклорлық мұраны пайдалану жолдары мен әдістері және қара сөздеріндегі қазақ мақал-мәтелдері мен нақылдары жөнінде айтқан пікірлері, фольклортанушылық көзқарасы байыпты зерттелді.

С.Қасқабасов қазақ фольклоры мен әдебиеті шығармаларының мәтіндерін зерттеп, ғылыми басылымдарын дайындаушы ретінде белгілі. 1972 жылы Г.Н.Потанин жинаған қазақ фольклоры үлгілерінің академиялық жинағын құрастырып, ғылыми түсініктерін жазуға қатысты. Бұл басылым ТМД деңгейінде өте жоғары бағаланып, бұрынғы одақтық журналдарда арнайы пікірлер жазылды. 1993–1994 жылдары түркітанушы-ғалым, академик В.Радлов жинаған қазақ фольклоры үлгілері мен ақын-жыраулар шығармалары енген «Алтын сандық» және «Ел қазынасы – ескі сөз» атты жинақтар шығарды.

2002 жылы ғалымның құрастыруымен «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» атты көлемді ғылыми жинақ жарыққа шықты. Басылымда атақты эпостың ел аузында сақталып жеткен ең таңдаулы үлгілері ретінде 8 нұсқасы берілді, одан кейінгі екінші бөлімінде XIX-XX ғасырлардағы ғалымдардың осы ғашықтық жыр туралы әр жылдары жазған пікірлері мен мақалалары жарияланды, жинақ соңы С.Қасқабасовтың жырдың әр нұсқасына жазған нақты ғылыми түсініктерімен бекітіліп, көпшілік қауымға ұғынықсыз сөздер сөздігі қоса берілді. Ғылыми принципке

құрылған жинақта осыған дейін жырдың Шөже нұсқасының бір көшіріндісі ретінде танылып келген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы нұсқасы, бұған дейін ғылымға шамалы ғана мәлім болған Шоқан нұсқасы, Томск университетінің архивінде сақталып келген Потанин нұсқасы, Қытай қазақтарының арасында сақталған Дәуіт ақын жырлаған нұсқа алғаш рет жарияланды. Осы нұсқалардың ішінде ең елеулісі, әрі көркемдік жағынан құндысы да көлемдісі Жанак ақын жырлаған нұсқа екенін ғалым кіріспе мақалада дәлелді түрде пайымдады.

2004 жылы Мәскеудегі Ресей ғылым академиясының «Восточная литература» баспасынан «Еуразия халықтарының эпосы» сериясы бойынша жарық көрген «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек» жинағы қазақ фольклортанушының үлкен табысы болды. Осы серия бойынша бұған дейін «Қобыланды батыр» эпосы жеке кітап болып шыққан уақыттан бергі бірнеше жылдан кейін жарияланған бұл жаңа ғылыми басылым С.Қасқабасовтың қажырлы еңбегінің арқасында жүзеге асты.

Ғалым жеке ақындар шығармашылығын зерттеуге де ден қойды. Абайдың ақындық әлемін үнемі назарында ұстады. Ұлы ақынның «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізін Ескендір туралы қазақ ертегілерінен іздеп зерттеуден бастаған ол кейін «Абай және фольклор» атты еңбегінде Абай поэзиясының негізгі қайнар көзі – ауыз әдебиетінен бастау алатыны зерттелмей қалғанына ерекше көңіл бөліп, бұл мәселені арнайы зерттеді, фольклорды ұлы ақын қалай және қандай дәрежеде, максатта пайдаланғанын «Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі» поэмаларының сюжеттік негізін ашу арқылы пайымдады.

Профессор Қасқабасов 1996 жылы жыр алыбы Жамбылдың орыс тіліндегі таңдамалы шығармаларының бір томдығын дайындап шығарды. Жинаққа ақын шығармашылығы туралы зерттеу мақала жазып, әр шығарма мәтініне ғылыми түсініктеме берді. Томға кіріспе ретінде жазылған көлемді зерттеуде Жамбыл туралы М.Әуезовтің ой-пікірлерін негізге алып, ақын, жырау, жыршы типтерін жаңа да байыпты ғылыми тұжырымдармен қорытты. Ғалымның өршіл рухты поэзияның көшбасшысы Махамбеттің ақындық талантын жаңа қырынан танытып, тәуелсіздік рухымен кең тыныста жазылған «Махамбет – қазақ әдебиетінің классигі» атты еңбегі арқылы көтеріліс жыршысының шығармашылығын жаңаша зерттеуге жол салды. Орыс тілінде шыққан 3 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» жазуға қатысып, бұл басылымның 10 томнан тұратын жаңа жобасын дайындады. Журналда жарияланған бұл жоба ғалым өзі басқарып жүзеге асырған 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихына» негіз болды.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мәселелерін де ғалым жіті назарда ұстады. «Қазақстан тарихының» бес томдық жаңа басылымында қазақ әдебиетінің ежелгі және орта ғасырлардағы тарихын жаңаша баяндаған «Қазақстанның XIII-XV ғасырлардағы рухани мәдениеті» атты ғылыми тарауы және Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жыраулар поэзиясына арналған «Рухани мәдениет» атты көлемді зерттеуі жарық көріп, С.Қасқабасовтың әдебиет тарихының дәуірлерін кезеңдеу, өзіндік ерекшеліктерін айшықтап ашып, көркемдік қуатын танғытудағы білгірлігін байқатты. Ұлт әдебиетінің тарихын зерттеудегі бұл ізденістері барысында XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктері айқындалып, жыраулар шығармашылығы жаңаша пайымдалып талданған «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» компендиум (шағын зерттеу еңбек) жазуға ұласты. Ал өзінің жетекшілігімен алғаш рет жарық көрген он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған 1-томы С.Қасқабасовтың тікелей басшылығымен және негізгі авторлығымен жазылып, тәуелсіздік талаптары тұрғысынан жаңаша зерттелген ой-тұжырымдармен, тың пайымдаулармен ерекшеленді.

Ғалым зерттеулері тың көзқарас үрдісімен, теориялық талдау тереңдігімен және танымдық ауқымдылығымен ерекшеленеді. Оның негізгі монографиялары ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған елеулі үлес болып табылды және түркітілдес елдердің

фольклортану ғылымына үлкен ықпал етті. Ол ұсынған біраз теориялық тұжырымдар мен жанрларды жіктеудегі авторлық ұстанымы өзбек, татар, башқұрт, түркімен, қарақалпақ, алтай, саха-якут ғалымдарының зерттеулерінде жалғасын тауып, қолданысқа енді. Оның фольклордың көп кезеңдігі туралы тұжырымдамасы, фольклор жанрлары мен архаикалық формаларының синкреттілігі туралы фольклордағы ежелгі минораттық мирас ету жүйесінің көрінісі туралы ойлары Қытай, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан, Татарстан, Башқұртстанның фольклортанушы ғалымдарының еңбектерінде кеңінен пайдаланылды.

Сейіт Асқарұлы тың идеяның, жаңа ғылыми бастаманың адамы болатын. Осы ретте өзі бұрыннан жоспарлаған фольклор шығармаларынан тұратын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық сериялық жинақты елімізде сәтті жүзеге асқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында дайындап шығару ісін мықтап қолға алып, сонына дейін аяқтап бітірді. Бұл өзі қыруар қаржыны ғана емес, ең бастысы – тынымсыз еңбекті, көне қолжазбалардың өшкен, қадімше түсініксіз жазылған мәтіндерін мұқият қалпына келтіріп, қазіргі әріпке түсірген, мәтіндік салыстырмалы тексерулер жүргізіп, әр көне сөз мағынасын ажыратқан, көз майын тауысқан үлкен төзімділікті талап ететін орасан зор еңбекті қажет еткен өте қиын жұмыс болатын. Осы қисапсыз қажырлы еңбектің басы-қасында бас ғылым сардары болып академик Сейіт Қасқабасов жүрді.

2013 жылы бұл серия сәтті аяқталып, әлемдегі теңдессіз басылымның жүз томы толық жарық көрді, 2014 жылы Германияның Майндағы Франкфурт қаласында өткен халықаралық кітап көрмесінде «Бабалар сөзі» жинағының әлемдік тұсаукесері болды, сөйтіп, дүние дидагында фольклоры жүз томды құрайтын басқа ұлт бар болса бар да шығар, бірақ фольклорын жүз томға жинап, бастырып шығарған әлемдегі жалғыз ұлт – қазақ екені айқын айшықталды. Осылайша, әлемде теңдесі жоқ «Бабалар сөзі» сериясының 100-томын шығарған күнге де жеттік, алақайлап әлемге жар салдық. Сонда тағы да ғылымға шынайы берілген нағыз ғалымның ойына алған істі соңына жеткізу қағидасына көз жеткіздік.

Академик С.Қасқабасов өзінің құтты мекемесі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жарты ғасырдан астам уақыт бойы еңбек еткен жылдары арасында Ұлттық ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде, Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде, ҚР Президенті Әкімшілігінде жауапты қызметтер атқарып, ҚР Жоғары аттестациялық комиссиясының тұңғыш төрағасы болған шағында да және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұстаздық еткен кезінде де өзінің сүйікті ісі ғылымнан еш уақытта қол үзген емес. Оның өмірінде саясат емес, ғылым басты өлшем болды. Ғалым ғылыми жұмысқа құлай беріліп, оған жан-тәнімен қызмет етті, дәп осы ғылым әлемінде ол соңына дейін адалдығы мен ашықтығын, берік ұстанымын танытты.

Сейіт Асқарұлы өмірінің соңғы кезеңінде жасының ұлғайғанына қарамастан, ғылыми іспен бұрынғыдай белсене айналысты, 2020–2024 жылдары Әдебиет және өнер институтында «Рухан жаңғыру аясындағы рухани мәдениет», «Абай шығармашылығының фольклорлық қайнар көздері», «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» атты ғылыми жобаларға жетекшілік етті. Сонда ғалым жалпы қабылданған ұғымдар жетегінде қалып қоймай, алға ұмтылу қажеттігін, себебі идеялардың тозу жылдамдығы өте жылдам екенін еске салып қана қоймай, әріптестері мен жас ғалымдарға өз ізденістерінде батыл болу қажеттігі туралы, бұл тарапта терең білім болу қажеттігі туралы ағалық ақыл-кеңесін айтқан екен. Бұл нағыз жанашыр, кеменгер ғалымның соқталы да салмақты сөзі еді.

Академик Сейіт Қасқабасовтың ғалымдық тұлғасына асыл адамгершілікпен үйлескен осындай жоғары біліктілік және жауапкершілік белгілер тән болатын. Кеменгер ғалым тұлғасы халық зердесінде әрдайым сақталып, ғылыми мұрасы ұрпақтан ұрпаққа қызмет ететін болады.

(Басы 14-15-бетте)

— Майор мырза, Витек қазір салафит болып кеткен, — деді сержант дауысы.

— Ей, койшы соларды! Күнде құбылады... уахабиті не, салафиті не — бәрі бір ит қой! — деді майор тыжырына. — Мына сұмпайыны Қадырболат жүрген жаққа аттандырайық... О жаққа да «террорист» керек шығар. Сол жақта бүлік ұйымдастырсын!

Вахабист Витек үндемеді. Оқыстан: «Тфу! Балбесы!..» — деп жерге түскірі. Бұған қарай бір аттап кеп, қазақтың қолдан тоқылған ескі алашасы жауып қалған басынан керзі етікпен былшита тепті... Жуан аяқтың ауыр соққысын Ұлтарак көтере алмады білем, есінен танып кетті.

Зенген ми буалдыр мұнарға батты. Тағы да Күршімнің шағала қанат Құзғынды шыны мұнар тартқан дүниеде зорайып, сопайып көтерілді. Ол көкөрай аспан әлемінде жүзіп барады. Кенет ұшарына шейін қызыл қынадай қан шашырап, Алматы үстінен төнген Найзағара мұзартына айнала жөнелді. Қапшағай күресі үстімен Талдықорғанға қарай жүзіп келеді.

Нарт қызыл Найзағара мұзарты мұның жанын жай таптырмады... Өзін сабырға шақырды. Алмағайып бір дүние пайда болды. Сезім сарайы баракат күйге кенеле түсті. Санасы да сауығып сала берді.

Қан шашыранды Найзағара жоғалып кетті...

Будақ-будақ буалдырлы, буаз әлем ішіне енді...

Әлгінде бастан кешкен бұлау жайлар ұмыт болып, өткен күндер кез қылған қилы оқиға ішіне кірді. Санасын саумалай жөнелген оқыс оқиға иіріп ала жөнелді. Ақ түтек боран ішінде қалды.

Жан-жағынан аңшы қаумалап, жалғыз қалған ақ бөкендей шошына жалтақтайды. Түкке түсінбейді. Неге жалғыз? Неге ақ боран түтеп тұр? Бұл қайдан ғана тап болып еді... Енді қайтпек?!  
Кенет боран арасынан Ішкі істер капитаны Қадырболат сұлбасы шалынды. Иә. Тап соның өзі: ұзын бойлы, еңгезердей жігіт. Қолында — наған. Түйеқұсша адымдай басады. Оған жанаса еріп, ұзын сенсең ішікті әрең сүйреп бұл келеді.

Екеуінің алған беті — Казнаковка. Боран ұлып тұр. Маңай ат құлағы көрінбес күйде... Осындай опасыз күнге тап қылған Ұлтарактың тағдыр-таланы.

Күршімдегі аудандық сот Жаңа жылдың қарсаңында бұған «соңғы сөзін» айтқызып, тезірек Өскеменге жеткізу керек деген. Қазан айынан желтоқсанның соңына дейін «СИЗО-да» жатқан мұны полиция капитаны Қадырболат апыл-ғұпыл ала жөнелді. Он екі жылға кесілген қылмыскерді «Жигули» көлігімен жарғы бойынша қасына айдауыл-конвой сержант пен шопыр сержантты алып, жолға шыққан-тұғын.

Бұлар Ертістің жағасына жеткенде өзен үстінде жаяу борасын көтеріліп тұр екен. Қосаққа ергендей болған қос сержант «Түс ауып кетті. Боран үдеп кетсе, жолда қалуымыз аздақ!» деп қауіп етсе де, Қадырболат алған бетінен қайтпай, жазда салкеме-пором жүзіп өтетін өзен үстіндегі көкмүз бетіне түсірткен. Желтоқсан бойы қос жағалаудың арасындағы үш шақырымнан астам мұз үстін жапқан қалың қарды жал-жал қылып күреп, жол ашып тастаған сіреуке соқпақта жеңіл көлік ышқына жүрген. Қар ала бастаған тұстарды тіліп өтті.

Мұз өткелмен арғы жағалауға аман-есен жетіп, жал-жал құм қоршаған жолға түскенде аққылшық боран да күшейген-ді. Көктайғақ асфальт сорабы да көзге зорға шалынып, жылдамдықты тежей берді. Дүние лезде қараңғы тартты... Жол үстінде ағылып жататын көліктер де сап тыйылыпты. Боранның боларын білген жолаушылар сапарларын шегерсе керек.

Төбелеске қатысқан үш куәгермен қылмысы қапысыз дәлелденген қылмыскер Ұлтаракты боранды күні бастарын бәйгеге тігіп алып шыққан бұлар ғана болса керек. Өскемендегі Ішкі істер

# УЛА

(НОВЕЛЛА)

басшыларының: «Бүгіннен қал-масын, этапқа үлгерсін!» деген бұйрығы да қамшы болса керек.

Өткелден екі-үш шақырым ұзамай жатып «Жигули» «шоха» шонқиды да қалды. Бозборан үрген қар жолды қасаттап, біржола жапты. Қантарылып қалған көлікті де қараңғыда орай бастады.

— Көлік емес — өлік! — деді шопыр сержант. — Бағана өзен басында қайту керек еді...

— Енді қайттік?! — деп айдауыл сержант шыр ете қалды.

— Қайтуші едік, мына Уланы жеткіземіз! — Қадырболат капитан шорт кетті.

— Қайтіп?!

— Жолдас капитан, Казнаковка алыс, — десті қосамжарласқан сержанттар.

— Сен машинада қаласың, — деді шопырға. — Конвой екеуіміз Казнаковкаға тартамыз.

— Жолдас капитан, адасып кетеміз, — деп, айдауыл шошына шыр ете түсті.

— Мына тұрған жер, адасып не көрінді? Казнаковқадан жол күрегіш тракторды жібереміз. Машинада қатып өлетін жай жоқ!

— Киім де жұқа еді... — деп мыңқылдай беріп еді, Қадырболат:

— Отставитъ, сержант! — деген бір ауыз сөзбен буып тастады.

— Уланың «браслетін» шеш!

— Не по уставу!.. — дей беріп еді айдауыл сержант Қадырболат:

— Буран по уставу... по твоему. Был-шылдама! Мына боранда преступникке де жан керек! Қашса, адасып өледі, — деп тыйып тастады.

Көліктің жүк салғышында жатқан сенсең ішікті Ұлтаракқа арқалатып, үшеулеп жолға шығысқан. Қарға адым ұзамай жатып, айдауыл аяғын қайырып алдым деп, зар илеп жата кеткен. Амалсыз қайырылуға тура келген, айдауылды қолтықтап әкеп шопырдың қасына қалдырған.

Содан бері Қадырболаттың соңынан еріп келеді... еріп келеді... Қанша уақыт өткенін бір Құдай біледі?!

Боранды түнек аш бурадай шабынып тұр. Ішікті алғашында киіп алып еді, біраздан соң ыстықтап, алдын ашып тастаған. Бетке ине мұзын қадап, көзді киыршық қарымен аштырмай, жанталасқан тәнінді тұралатып, жаныңды суырып алардай қинап келеді.

Үйіккенде құтырынатын қасқырдай Қадырболат та қасарыса жортып барады. Шопыр сержант берген малдың бас жібін беліне байлап, ұшын Ұлтаракқа ұстатып, қарды омбылай түседі. Одан айрылып қалмайын, адасып өлмейін деп, бұл да барын салып келеді. Ішігі желпендей сүйретіліп еріп келеді... еріп келеді... Ермеске шарасы қайсы?!

Дұрыс келе ме, қиыс бара ма Қадырболатқа аян!..

Ұзақ жүрді-ау деймін, Күршімдегі абақтыдан шыққан бұған ауыр соқты. Әлі құрып келеді. Әлден уақта тәлтірендеген күйі қисая құлады. Қолындағы сиыр бас жібі шығып кетті.

Сол сәт белінен тартқан бас жіп бо-сағанын сезген капитан:

— Ула-а-а! — деп қараңғыда айғайлай қайырылды. — Не болды?

— Біттім! Әлім жоқ, — деді бұл деміге.

Мұның бетіне жүзін тақап тұрып, ыстық демі шарпып:

— Жарайды. Сен осы арада қал. Ішікті бүркеніп жат. Қар қымтап алады. Құм іші жылы... Өлмейсің. Таң ата келеміз. Қозғалма! Адасып кетесің. Енді аз қалды. Қыратқа да шығып қалам... Құм бітуге тиіс!.. Осы арада жығылғаның да жөн



болды, қырда боран да қатты, үскірік! — деп сеніммен сөйледі. — Тыныш жат! Танды күт!

Бұл ләм демей, жанарын жұмған күйі жүзінен жабысқақ қар еріп жата берді.

Сәл әлін жиған соң жер тізерлей қимылдап, маңайын қармана пана іздеді. Үлкен бұтаға кез болды. Бұтаның ық жағына қарай еңбектеп, тері қолғабымен күртікті қаза бастады. Басқа жердей емес, қарабұта түбі қары бос екен. Орқоянша онай кеуледі.

Белуардан қазылған кеуекке кіріп алды. «Ух-х!..» деп демін алып, сеңсең ішікті қымтана түсті. Қуыс аузын әп-сәтте ұйтқыған боран басып тастады. Желдің үргені сап тыйылып, ұлыған үні де тез өтті.

Сілесі қата шаршағаннан көзі де жұмыла берді... Ұйқылы-ою жатыр.

Санасына Қадырболат орала кетті. Ол боз тұман арасында қалыпты. Бозғылт әлем қойнауында қолын бұлғайды бұған. Бұл бірақ жақындауға жүрегі дауаламай, батылы жетпей, қояндай қорғалақтап алыста тұр. Боз дүние екеуіне де таныс, екеуіне де мейірімді.

Тек Қадырболаттың қолында «Макаров» тапаншасы ғана ербең-ербең етеді. Ол қасқырларды атып жүр. Өншен бір аш қорқаулар қоршап алыпты. Капитанға тап-тап береді. Оқтары далаға кетіп жатыр... Тимейді.

Өні ме, түсі ме, айыра алмай жатыр... Ақ боз әлем толқиды. Сабадай толқыған бір жұмбақ құбылыс. Өң мен түстің тоғысына тоғылған.

Сегіз оқты сытырлата атып, беліндегі тері қабынан соңғы оқшантайды нағанға тықты. Боз тұман әлемде көздей атып тағы бес оқты жұмсады. Бірде-бір оғы қасқырларға дарымады. Ол аңдардың оққағары болса керек.

Ішкі істер капитаны Қадырболаттың қаны қызып, басына шапшып, әбден ызаға булығып кетті білем!.. Соңғы он алтыншы оғын:

— Қарғыс атсын, сендерді-і-і!.. — деп айғайлап, қақ жүрек тұсынан шүріппені басты. Ажал оғы өзін жазбай тапты.

Ұлтарак та жылы кеуек қуыс ішінде талықсып кетті...

Буалдыр әлем санасын бүркеген күйде ес-түссіз қалды. Ақ шаңқан қанатты шындар да сана саңылауынан өше берді. Тәні мен жаны бір мезгіл тыным тапты.

Ұлы бір ұйықта санасы самарқау тартты. Жанталасқан жаны бір сәт дем алды.

\* \* \*

Әлден бір кезде самарқау тартқан санасы мен тыным тапқан жаны сілкінгендей күйге енді. Шағала қанат шыңды әлемнің буалдыр құшағына қайта оралды.

Буалдыр дүниеде жалғыздық күйін кешті...

Бүкіл болмысы дел-сал сезімге бөленді. Осы бір бұлың-бұлың дүниеден арыл-масам екен деген ой сана қабатынан қылаң ұрды. Үтікпен шығғырылған тәні де, қорлана қыстыққан жаны да ұмытылып,

өзінің бағзы бір түпболмысына енгенін сана түйсігінде танбадай сезінді. Еркін ғұмыр, ерікті тағдыр осы боларын буалдыр дүниеде анық бажайлады.

Жападан-жалғыз рахат күй кешуі ұзаққа созылса деп тіледі!.. Созылды да.

Буалдыр дүние сана сарқынында оқыс-тан сейіле бастады... Қараң-қураң адам сұлбалары пайда болды. Олар буалдыр тұман айыққан кезде әрқайсысы менмұн далап шыға келді.

Баяғы боранда айдауыл-конвой болған ауылдас сержанты бүгінде «майор» шенді талдықорғандық полицей болып шықты... Жетісу жеріне ауысып келсе керек. Қалған жас лейтенант пен сержант жігіт таныс емес, олар жергілікті жетісулықтар болса керек, шамасы.

Бұларды бір топ адам қоршап алыпты. Түстері — қатулы. Даланың қоңыр-шұбар жабайы арасындай гүж-гүж етеді. Ал ауылдасы майор мен екі полицейдің ұн-жырғасы түсіп кетіпті...

Жарау ат пен жампоз «жип» көлігіне мінгендер арасындағы басшысы мосқал еркек:

— Бір жолға жандарыңды қидық!.. Мына сорлыны «Алла аман қалдырсын!» деп тіле, майор! — деді ызғарлы дауыспен. — Ауылдың маңын басушы болмаңдар! Ана вахабист Витали сыбағасын алады... Ауылды басынып жүр екен келімізек! Әу-селесін көреміз.

— Шошқаны емес, өзін шұжық қыламыз! — деді ат үстіндегілердің бірі ызбарлана. — Біздің ауыл жаққа қарай жақындаған бейсауат жақсылық күтпесін! Парша-паршасын шығарамыз!

— Бүлікші ме, террорист пе бәрібір... Ауылға лаң салдырмаймыз! — деді тағы біреу жеңіл көлігінің қасында темекі тартып тұрып.

— Бізді полиция қорғамай-ақ қойсын, өз бастарын қорғап алсын! — деген дауыс та шығып үлгерді.

Мосқал еркек қолын көтеріп, тынышталындар деген белгі беріп:

— Естідіндер ғой... Ауыл жұдырықтай жұмулы. Байқалмай немесе байқатпай степке... құмға өтіп кете алмайсыңдар! Ол жақта ауыл-ауыл өздерін қорғауға шыққан. Жолдар түгелдей торуылдаулы! Қайта бізге кезігіп қалдыңдар, су ішерліктерің бар екен... Әйтпесе жігіттердің қаны қарайып кеткен! Аямас еді! — деді сабырмен. — Бірақ ертен сұрау болады. Бұрау сонда болады... Естерінде болсын! Сол кезде мыналардың бәрі — куә. Бағажниктен шыққан өлімтікті «террорист» деп тұрсыңдар ғой... Уақытында көрерміз! Тірі жан иесі өлмесе, неге өлексе қойдай болғанын, кімдер азаптағанын өз аузымен айтар... Жолдарын өне. Алла жар болсын!

Осы дауыс естілген бойда мұның санасын буалдыр сағым тағы баса жөнелді... Ақ сағым сана ұйығында саумалдай сусыды. Әлгі бір жандар ғайып болды.

Бұл оташы үстелінде бастан кешкен халге қайта енгендей болды. Ақ самала жарықтың ішінде қалыпты. Үлкен ақ күмбездің ішінде құстай қалықтап ұшатын сияқты. Өзін ұлпа қардай жеңіл сезінеді.

...Әлдебір екі адамның сұлбасы періштедей қасында жүр. Бәлкім, періште деген осылар шығар! Жо-оқ, олай болуы мүмкін емес!

Оқыстан әлгі қос сұлбаның бірі дауыс-тап қалды.

— Ула-а-а!..

Құдай-ау, Сүмбіленің дауысы!.. Баяғы да ұмыт болған нәзік үн қайта естілді. Сана сарсаңында қайта жаңғырықты жазықсыз дауыс. Періштедей бейкүнә қыз үні.

Ұлтарак жүрегі тіксіне шошынды!..

Көзін ашып қалды. Ісіктен жұмылып жатқан жанар жапсары сызаттана сығырайды. Жарық нұр жанарын жасқайды.

Күн сәулесі бөлме ішіне түсіп тұр екен. Тап қасында ақ халат киген періштедей жан отыр. Бұған қарап күлімсирейді. Ұлтарак түкке түсінбеген күйде жан-жағын барлады. Ауылдық емхана бөлмесі болу керек, ақ қабырға мен қатар тұрған бос төсек, тәпелтек ағаш қобдиша үстінде жеміс толы ыдыс.

● 15 СӘУІР – ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВТЫҢ ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫНА 5 ЖЫЛ



**АҚЫН ДОСТЫ ЕСКЕ АЛУ**  
ЕСЕНҒАЛИҒА

Сен кеткелі жыл өтті,  
айлар өтті,  
Біреу қырға,  
біреулер сайға кетті.  
Бүтін пенде жоқ екен дүниеде  
Жоғалмаса бабалар қайда кетті?

Өмір деген төбе ме,  
баспалдақ па,  
Кете бардың бір күнде аспан жаққа.  
Еміс-еміс естегі естеліктер  
Сенің айтқан сырларың қасқалдаққа.

Өлеңімен шомылған жаны нұрға,  
Тіршіліктің қонақтап тамырына.  
Өлендерің еліңмен бірге жасар  
Сағыныштың айналып сағымына.

Солай бастан бір дәурен өткен еді,  
Аспан нұрын сол шақта төккен еді.  
Ұзақ-ұзақ сырласып қайтушы едік  
Есентайды жағалап,  
Көктөбені.

Өткен күннің сен қалдың елесінде,  
Өміріңнің белі мен белесінде.  
Ақын доспен бір жүрген күндерімнің  
Әрбір сәті жанымда,  
әлі есімде.

Алматыда жүргенбіз кешіп арман,  
Елесінді бүгін де есіме алғам.  
Алыптардың қасында сен де барсың  
Кенсай жаққа біртіндеп көшіп алған.

Естегінің тауысам ба санап бәрін,  
Аллам саған сыйласын жәннат бағын.  
Есіме алып отырмын бүгін тағы  
Кітабыңның аударып парақтарын.

**Бауыржан ҚАРАБЕКОВ**  
14 сәуір 2026 жыл

● ТЫҢ ДЕРЕК

**ЖАМБЫЛДЫҢ МҰХТАРҒА АЙТҚАН  
БЕЛГІСІЗ ТОЛҒАУЫ**

**Марат МӘЖИТОВ,**  
*жазушы*

Көрнекті аудармашы, ақын, өлеңмен жазылған «Сібір Омар» романының авторы Қасым Тоғызақовпен жақын таныстығым болды. Жетпісінші жылдардың орта шені: редакцияға келіп, Жамбыл Жабаяевқа хатшылық кезіндегі әсерлі әрі қызықты әңгімелерді тартымды етіп айтады. Бір бөлмеде жазушы Берқайыр Аманшин екеуіміз отыратынбыз. «Мәдениет және тұрмыс» журналында қызмет істейміз. Көбіне-көп жалғыз отырамын. Бераған іссапарда, тағы басқа шаруалармен жүреді. Қасым аға анда-санда аударма, аз-кем өз өлеңдерін әкеледі олары ретіне қарай, журнал бетінде жарық көреді, тәп-тәуір қаламақасын ертерек жаздытып беруге жұмыстанамын. Бірде Жамбыл ақынның 1938 жылдың 17-жеңдісі күні Мұхтар Әуезовтің үйіне барып, бірақ кідірістемей, амандық-саулықты өлеңмен толғағанын айтып берді. Қағазға жазуыма қарсы болған соң, жадыма жазып алып едім, оныма Қасым аға мейлінше риза боп, жауырынымнан сипады. Енді міне, сол өлең:

«Уа, Мұхтаржан, аман ба,  
Аманбысын, шырағым!  
Ұлан-асыр шабыста,  
Алқынбайтын пырағым!  
Мекен еткен тау-тасты,  
Құлжаға түсер қыраным!  
Терендеп сені толғауға,  
Жетпей жатыр бір әнім!  
Айтам ба деп келіп ем,  
Заманның мына ылаңын,  
Айтам ба деп келіп ем,  
Шағатын шұбар жыланын.  
Айтам ба деп келіп ем,  
Тапталған баба ұранын.  
Айтам ба деп келіп ем,  
Атылған бекзат ұланын.  
Айтам ба деп келіп ем,  
Жазықсыз өлген жандарды.  
Айтам ба деп келіп ем,  
Шулаған қатын, балдарды.  
Айтам ба деп келіп ем,  
Өзен боп аққан қандарды.  
Айтам ба деп келіп ем,  
Зарлаған кемпір-шалдарды.  
Айтам ба деп келіп ем,  
Атпай қалған тандарды.  
Айтам ба деп келіп ем,  
Как бөлінген заңғарды.  
Ей, Мұхтаржан, Мұхтаржан,

Алдында тұрған кара шал,  
Буына заман алданды,  
Айтатын менің нем қалды!

деп көзіне жас алып өксітті.

«Өленді аузынан шыққан бойда стенографиямен қағазға түртіп алып, есікке қарай бұрыла бергенімде, Мұхтан: «Ей, Қасым, қағазыңды маған бер, кейін аларсың», — дегесін саусағына қыстырдым да, Жәкенді қолтықтап шығып кеттім. Мұхан үйде қалды.

Айтпақшы, бір әйел Жәкеннің оң жақ қолына қомақты дорба ұстатып: «Ата, шай ішпедіңіз ғой», — деп сыбырлай сөйледі, үні естілер-естілместей ғана. Машинаға отырып, зырлай жөнелдік, дорба ішіндегі нәрсе маған жұмбақ күйінде қалды.

Содан екінті мен кіші бесіннің ортасында үйге Әбділда кіріп келіп, аман жоқ, сау жоқ, маған төніп: «Мұхтарға барыпсыңдар ғой, иә, не айттыңдар, не іштіңдер, баянда», — деп желкемді қысып-қысып қойды. Мен үйге кірмегенімді, Жәкен жалғыз кіріп, кідірмей қайта шыққанын, ешқандай шай, ешқандай әңгімені естіп, білмегенімді қиыстыра соғып едім, өтірігім өрге басып, пайдаға асып кеткеніне қуанғаным-ай! Ол басын шайқап, сүт пісірімдей уақыт тұрды да ернін жыбырлатып шығып кетті. Жәкеннен ештеңе сұрамады, бағылы бармады-ау деймін! Содан жылдар жылжып, Жамбыл ақынның қолтығында жүріп, талай-талай қызықтардың куәсі болдым ғой, бұл қағазға жазылмайтын, тіпті ауызша айтуға да болыңқырамайтын, бірақ ауыздың суын құртатын әңгімелер...

1957 жылы Мұхтар Әуезов алпыс жасқа толып, ұлан-асыр той болды. Мұхтанның өзі телефон соғып, мені тойына шақырып, бардым. Бұл мен үшін үлкен құрмет еді, жасқаншақтап, ишеніп тойдың үлкен залының есігін ашсам, Мұхтанның өзі қарсылап, мені төрдегілерге таяу орынға отырғызды, той ортасына таман арнайы сөз бергізді, сыйлық бергізді. Бұл күн менің өмірімдегі бақытты күндерімнің ең іргелісі болды деп айта аламын. Той аяқталған соң кетуге мойын бұра бергенімде Мұхтан: «Қасым, мынау сенен қарызға алған қағаз, Жәкеннің көзі ғой, өзіне сол күйінде қайтарамын, бас-аяғы бүтін», — деп қымиды да қағазды саусағыма қыстырды», — деп Қасым аға сөзін аяқтады да, көзі жасаурап үн-түнсіз отырып қалды...

● ДҮНИЕ-ҒАЙЫП



**ӨНЕРДЕ ДАРА  
ҚОЛТАҒАСЫН  
ҚАЛДЫРҒАН ЕС-АҒА...**

Көрнекті режиссер, театр өнерінің дамуына зор үлес қосқан Қазақстанның халық артисі, профессор Есмұхан Обаевтың дүниеден озғаны қалын елдің қабырғасына батып отыр. Еңбек жолын Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының қоюшы-режиссерлігінен бастаған өнер иесі әр жылдары Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының режиссері, Семей облыстық музыкалық драма театрының бас режиссері, Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігі мәдениет басқармасының басшысы, Мәдениет министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театры директорының кеңесшісі қызметтерін абыроймен атқарды. Театр өнеріне қадам басқан сәтінен-ақ Әзірбайжан Мәмбетов, Бәйтен Омаров, Асанәлі Әшімов, Маман Байсеркеновтермен есімі қатар аталып, осы тұлғалардың тәлімін алған талант небәрі 24 жасында «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері» атанады. Ол сахнаға жаңа тыныс, тосын леп әкеліп қана қоймай, талай жас өреннің қанатын қомдап, саф өнерге баулыды. Дарын иелерінің сахнадағы талабын шындап, даңғыл жол салып берді. Халық артистері Ғазиза Әбдінабиева, Тілекес Мейрамов, Бақыт Жанғалиева, Шайза Ахметовалардай өзге де өнер майталмандарынан басталатын шәкірттер қатары Берік Айтжанов, Еркебұлан Дайыровтармен жалғасады. Оның ұстаздық тағалымын көрген театр саласының мамандары да бір-бір тұлғаға айналды, мемлекетіміздің әр қиырындағы театрлардың директорлары ретінде де, сахна санлағы ретінде де өнер көшінің алға басуына қызмет етіп жүргендері халықтың көз алдында. Үлкен де, кіші де «Ес-аға» деп қадір тұтқан Есмұхан Обаев жүзден астам қойылымды ұлттық болмыс пен әлемдік жаңашылдықты үйлестіре отырып, көрермен назарына ұсынды. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы өнер тарихында дара қолтанбасын қалыптастырып, сара жолын қалдырған Есмұхан Несіпбайұлының отбасына, туған-туыстары мен жақындарына, қазақ халқына қайғыға ортақтасып, көңіл айтады. Тұлғаның ұлттық руханиятқа сіңірген еңбегі мен жарқын бейнесі ел есінде сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Проспект» журналдарының еңбек ұжымы белгілі ақын, «Қазақ әдебиетінің» Маңғыстаудағы меншікті тілшісі Сағындық Рзахметовке анасы

**Сәмсия ҚЫТАЙБЕКҚЫЗЫНЫҢ**  
өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Қазақ әдебиеті» газетінің еңбек ұжымы филология ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі, белгілі журналист

**Әлімжан ЖАРЫЛҚАҒАНОВТЫҢ**  
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

● ДҮНИЕ-ҒАЙЫП

**ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҚИМАС ДОС...**

Ұлағатты ұстаз, аяулы ана, адал жар болған Каржикова Дария Сәметқызының дүниеден озуы қабырғамызды қайыстырып, жүрегімізді езіп, жанымызды күйзелтті.

Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнап, адал еңбек етіп, талай шәкірттің жүрегіне білім мен мейірімнің нұрын сепкен ардақты жанның қазасы бәрімізге ауыр тиді. Ата-анасына, жан жарына, ұл-қыздарына қайғырып, көңіл айтамыз.

«Адамның ең үлкен мұрасы — артында қалдырған ізгі ісі мен тәрбиелі ұрпағы» деген сөз бекер айтылмаған. Дария құрбымыз отбасының ұйытқысы болып, ұрпағына өнегелі тәлім берді. Қызы Диляра Гарвард университетінің магистратурасында оқып, білім алуда.

Дария Сәметқызы қазіргі Абай облысы, Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы педагогика институтын 1995 жылы тамамдап, еңбек жолын Семей қаласындағы «Жас Ұлан» ерлер лицейінде бастады. Осы оқу орнында 25 жыл қызмет атқарып, қаншама шәкіртті отансүйгіштікке, адамгершілікке баулыды. Кейіннен отбасылық жағдайына байланысты Астана қаласына қоныс аударып, жаңашыл,



ізденімпаз ұстаз ретінде №38 және №101 мектептерде қызмет жолын жалғастырды. Еңбегі еленіп, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері және Республика бойынша «Үздік ұстаз» атанып, ел құрметіне бөленді, Қазақстанның білім саласының дамуына зор үлес қосты. Дария Сәметқызының оқушылар мен білім алушыларға деген шексіз мейірімі, кәсібіне деген құрметі, адамдық қасиеті әр жүректе сақталады. Қадірлі қимасымыздың арман-мұрат-

тарын аяулы жары, өмірінің жалғасы — балалары мен немерелері үлкен абыроймен жалғастыратынына көміл сенеміз. Ұрпағы аналарының үмітін ақтап, өсіп-өркендеп, Дария Сәметқызының ғибратты ғұмыры баршаға үлгі болып, жайнаған туы жығылмасын дегіміз келеді.

«Ғұмыр қысқа дейміз-ау, ғұмыр қысқа,  
Тоқтайтынын білмейміз қайсы тұста.  
Қысқа ғұмыр — қамшының сабындай-ақ,  
Ұқсайды екен пыр етіп ұшқан құсқа.

Өткен күннен өкініш, бар ма, сірә,  
Оралмайды, мейлі күл, мейлі жыла.  
Кеткен жанды іздейсің айналаңнан,  
Келмейтінін қайтадан біле тұра», — деп ақын жырлағандай, жазмышқа амал бар ма?.. Туғандары мен жақындарына сабыр тілейміз.

Бақұл бол, арамыздан ерте ұзаған жақсы жан! Алдың жарық, жатқан жерің жұмақ болсын! Қош, қош, қимас дос!

**Қайғырып көңіл айтушылар  
құрдастары**

(Семейдің Шәкәрім атындағы педагогика институтының 1990 — 1995 ж.ж. түлектері)



**Қазыхан ӘШЕ,**  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар Академиясының академигі, профессор. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері

## ТЫШҚАН ЖЫЛЫ

Түлен түртейін десе, онай екен. Қарап отырмай, жаңа жылдың алдында құдаға телефон соқтым.

— Құда, сіз жазушысыз ғой. Келе жатқан жаңа жыл Тышқан екен, оның қандай қасиетін білесіз, — дедім бірден төтелетіп.

— Иә, құдағи, Тышқан далада шөптің арасында жүреді. Күн суыта қораға, үйге жақын келеді. Ұнды тесіп тастаса атын атамай «Қаптесер» кепті дейді. Тышқан жылы ғой,

ашық-шашық ұйықтауға да болмайды. Ол коркак, бір нәрседен секем алса кез келген тесікке кіріп кетеді, — деді құдам, сәл езу тарта. Болған жайды ақылдасым Ақжолтайға айттым.

— «Құдан талайдың сауабын алыпты» деп естуші едім. «Құдағи, бір партия» дегенді естімеп пе едің? Келесі жиында құдан сені биге шақырады. Түсінбегенінді сонда сұрарсын, — деді сықылықтап.

— О, Құдай төбеннен ұрғыр, қырт құда, отырғаның мен тұрғаның бірдей боп, нені меңзегенінді енді ұқтым.

# Қазақи қалжың

## КҮНДЕ ОСЫНДА

Қарлы боранда адасқан жолаушы ақ түнектің ішінде сенделіп жүріп, шамы сығырайған бір үйге келіпті.

Ит үріп, үй иесі сыртқа шығып, адасқан жолаушыны аттан түсіріп алыпты. Отағасының тоқалы желөкпе жастау болса керек.

— Байқұсым-ай, тоңып қалдың ғой. Бүгін қон. Пештің қасына төсек салып берейін, — деп жабыса кетіпті.

Шал бұл қылығын жақтырмаса керек. «Қонақ сыншы» деген, шалдың еміреуінін сезген соң:

— Қой, мен енді қайтайын, бойым жылынды ғой:

*«Әуелі бердің шай,  
Болсын көңілің жай.  
Сосын бердің ет,  
Не тілесен, соған жет.  
Сонан соң бердің сорпа,  
Болмасын көңілің орта,  
Жолға шығып барам,  
Шалыңнан қорқа,  
Аллаху акбар»*,

— деп, бата жасап, аттанып кетіпті.

Боранда ат адасып, қайта ізімен сол үйге келіпті.

Шәуілдеп қарсы алған иттен таныған қонақ:

— Бұл кімнің үйі? — деп айқаласа керек.

— Өзің ет жеген үй, — депті.

— Ой, онда мен адасқан екенмін, — деп тағы атты борбайлата жөнеліпті.

Боранда ат жүрсін бе? Ауыздыққа бой бермей әлгі үйге қайта алып келіпті.

Көп ит тағы өз салтанатымен шулап қарсы алыпты.

Амал жоқ, қонуға рұқсат сұрайды.

Шал:

— Осы сенің атың кім еді? — деп сұрапты жақтырмай.

— «Күнде осында», — депті жас жігіт.

— Сенің әкең де жарымес қой. Есі дұрыс болса, «Бірде онда, бірде мұнда» деп қоймай ма, — деген екен.



## БІЗДЕР ЕДІК

Ойымда ештеңе де жоқ, көшеде келе жатқам.

Біреу мені жыға танитындай көзімен көздеп, ішіп-жеп келеді. Бірақ мен бұл адамды қайдан көрдім деп ойыма түсіре алмадым.

— Сен мені шынымен танымадың ба? — деді өзі қасыма келіп.

— Иә, ойымда қалмапты!?

— Ендеше, баяғыда «Жорға» совхозына барғаныңды есіңе алшы.

— Ол осыдан қырық жыл бұрын еді ғой. Сонда көрсеңіз әлі ұмытпаған тым зерек екенсіз.

Оның:

— Менің ұмытпауымның себебі бар, сенің сонда қозы ұрлағаның есінде ме? — дегені.

— Есіме енді түстіңіз.

Бір сакманшы қу қыз түнде бір

жерге барайық деп шақырған.

Сөйтсем, әлгі пәле түн баласы жарғақ құлағы жастыққа тимей, өлген қозының орнына қозы ұрлауды кәсіп етіпті. Қыз-жігіт деп шақырған соң жаның қала ма? Нар тәуекел деп қораға түстік. Бір уақытта осы кісі:

— Әйт, ей, әйт, — дегені. Мен сорлы бізді көріп отыр екен деп, «қозы ұрлауға келген біздер едік», — деп бұғып жатқан басымды көтере қойғаным.

Сөйтсем, күзетші біткеннің бәрі де анда-санда:

«Айт-ей, айт, бұ кім-ей?» деп дауыс қылып, оттап отырады екен. Онысын бұрын-соңды көрмеген мен қайдан білейін. Мына құрған қырық жыл өтсе де, соны әлі ұмытпай, жазбай танығанын қарашы, жарымағырдың.

## ТАНЫСТЫРЫП ТЫНДЫ

Атын айтпай-ақ қояйын. Ірі қызметтегі біртанысымыз жаңа, кең үй салып, қонаққа шақырды. Қырық атаның баласы бас қосқан жерге барып, таныс бола жүрсін деп, бала-шағамды ерте барғанмын. Айтқанымдай, мен білетін атқамінерлерден ешкім қалмаған сияқты.

Отырғандардың шала таныстау біреуі:

— Көке, жеңешем қайда? — дегені көзі шығып кеткендей менің құшақтап отырған сұлуымды көрмегенсіп.

Білетіндер:

— Жаңа бірге кірді ғой, — десе:

— Менің көзіме жын көрінбесе, әнеу күні ресторанда ертіп жүргені бұл кісіден басқадай көрініп еді, — дегені. Абыройым айрандай төгілді де қалды.

Сенер-сенбесін білмеген әйелімнің көзі ақшырандап үшбұрыш болып кетті. Сасқанымнан:

— Жеңгесінің зәресін бір ұшырайын дегені ғой, — деппін.

Құрдастар:

— Сасқан үйрек артымен жүзеді, — деп қарқ-қарқ күліп қарға құсап қойсайшы, жолың болғырлар.

Сөйтіп, әлгі шала таныс, ел-жұрт, бала-шағаның көзінше мені таныстырып тынды.

Редакторлар кеңесінің төрағасы  
**Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор  
**Бауыржан ЖАҚЫП**  
Бас редактордың орынбасары  
**Қали СӘРСЕНБАЙ**

Редакция алқасының мүшелері:

**АЙТҚОЖИНА** Марфуға,  
**ӘБДІҚҰЛЫ** Төлен,  
**БАҚТЫГЕРЕЕВА** Ақұштап,  
**ЕЛУБАЙ** Смағұл,  
**ИРАН-ҒАЙЫП**,  
**КӨПІШ** Әшірбек,  
**ҚАБЫШҰЛЫ** Ғаббас,  
**ҚАНАЗ** Молдахмет,  
**ҚОШЫМ-НОҒАЙ** Байбота,  
**НҰРЖЕКЕ** Бексұлтан,  
**НҰРМАҒАНБЕТОВ** Тынымбай,  
**ОРАЗАЛИН** Нұрлан,  
**СЕГІЗБАЕВ** Кәдірбек,  
**СЕЙСЕНБАЕВ** Роллан,  
**СМАТАЕВ** Софы,  
**ШАХАНОВ** Мұхтар,  
**ЫСҚАҚБАЙ** Марал

Жауапты хатшы  
**Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ**

Әдебиет бөлімі:  
**Жүніс ОМАР**

Мәдениет және руханият бөлімі:  
**Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Әлеумет, тарих бөлімі:  
**Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ**

Компьютер орталығының жетекшісі  
**Данияр ҚАБА**

Терімші  
**Рысқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректор:  
**Айнаш ӘЛДИБЕК**

**Меншікті тілшілер:**  
Астана қаласы,  
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,  
Қарағанды, Ұлытау облыстары

**Айтбай СӘУЛЕБЕК**,  
Алматы облысы  
**Ержан ТОҚТАРҰЛЫ**  
Абай облысы  
**Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ**  
Ақтөбе облысы

**Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ**  
Атырау облысы  
**Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА**  
Батыс Қазақстан облысы  
**Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН**  
Жамбыл облысы

**Көсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ**  
Жетісу облысы  
**Жангелді НЕМЕРЕБАЙ**  
Қостанай облысы  
**Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ**  
Қызылорда облысы

**Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА**  
Маңғыстау облысы  
**Сағындық РЗАХМЕТ**  
Павлодар облысы  
**Серік ЕЛІКБАЙ**  
Түркістан облысы

**Айдар СЕЙДӘЗІМ**  
Шығыс Қазақстан облысы  
**Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ**  
Шымкент қаласы  
**Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ**

Кезекші: **Жүніс ОМАР**

**РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**  
**8 (727) 272-88-17**  
**e-mail:**  
kazakh\_adebiety25@mail.ru  
**Мекенжайымыз:**  
050009, Алматы қаласы,  
Абылай хан даңғылы,  
105-үй. 3-қабат.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер галаттордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Оффсеттік басылым. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.